

2021



QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Біріктірілген жылдық есеп

2021

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

'21



**Біріктірілген
жылдық есеп**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

2021



2 МАЗМҰНЫ

- 4 – Шектеулер мен жорамалдар
- 6 – Компания қызметі сандармен, 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
- 8 – 2021 жылдың басты оқиғалары
- 10 – БҰҰ-ның басым Тұрақты дамуының мақсаттары

12 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- 14 – Компания тарихы
- 16 – Бизнес-модель
- 18 – Компания активтерінің құрылымы
- 19 – Нарыққа шолу
- 20 – Қазақстандағы ішкі газ нарығына шолу
- 24 – Компания қызметінің географиясы мен бағыттары

40 СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- 43 – Газ саласын дамытуға кедергі келтіретін факторлар
- 50 – Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар
- 52 – Трансформация
- 54 – Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн
- 56 – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

60 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- 62 – Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар
- 62 – Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер
- 67 – Инвестициялық бағдарламаларға шолу
- 70 – Салық саясаты
- 72 – Қаржылық міндеттемелер
- 73 – Болжамды көрсеткіштер

74 ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

- 76 – Компанияның есебі
- 76 – Тұрақты дамуды басқару
- 80 – Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
- 82 – Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидарттарды ұстану

84 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 87 – Корпоративтік басқару құрылымы
- 88 – Директорлар кеңесі
- 92 – Басқарма
- 95 – Сыйақы
- 96 – Ішкі аудит қызметі
- 97 – Сыртқы аудит
- 98 – Корпоративтік әдеп
- 100 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

102 ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

- 106 – Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат
- 129 – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық
- 142 – Ғылым және инновация
- 144 – Сатып алуды басқару
- 147 – Қатысу аймақтарындағы экономикалық әсер
- 149 – Әлеуметтік тұрақтылық

156 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

- 160 – Экологиялық менеджмент жүйесі
- 162 – Атмосфераға шығарындылар
- 164 – Климаттың өзгеруі
- 167 – Энергия менеджменті
- 173 – Биоалуантүрлілік
- 175 – Су ресурстары
- 178 – Қалдықтарды өңдеу

180 ҚОСЫМШАЛАР

- 180 – 1-қосымша. Есеп туралы
- 182 – 2-қосымша. Есептегі GRI стандарттарын ашу көрсеткіші
- 187 – 3-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік
- 248 – 4-қосымша. Глоссарий
- 250 – 5-қосымша. Байланыс ақпараты



4 ШЕКТЕУЛЕР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Осы есепте келтірілген ақпарат, егер мәтін бойынша басқаша көрсетілмесе 2021 жылы болған барлық оқиғалар үшін өзекті болып табылады және көрсетілген күннен кейін орын алған оқиғалар мен құжаттарды қамтымайды. 2022 жылғы қаңтардан бастап орын алған маңызды корпоративтік оқиғалар тиісті кезеңдегі есепте көрсетілетіндіктен, Компанияның ағымдағы Басқармасы осы есепті жасау үшін есепті кезеңдегі қолда бар құжаттар негізінде қалыптастырады.

Осы құжатта көрсетілген нәтижелер түпкілікті емес және қосымша мәліметтер алуды талап етуі мүмкін. Осы есепте жинақталған тұжырымдар фактілер мен дәлелдер емес, қол жетімді корпоративтік деректерді жинау мен талдаудың нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 ақпандағы №13/22 шешімімен бекітілген «Самұрық-

Қазына» АҚ реформалау мәселелері жөніндегі тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Компания қызметіне кешенді аудит жүргізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2022 жылы 2021 жылы болған бірқатар бұзушылықтар ашылып анықталды. Компания қызметінің кешенді аудитінің нәтижелері бойынша толық ақпарат 2022 жылғы есепте көрсетіледі.

Компанияның ағымдағы басқармасы қандай да бір шешімдер, қандай да бір нәтижелерді алу немесе қол жеткізу, сондай-ақ осы Есепте көрсетілген және 2021 жылы орын алған ұқсас әрекеттер үшін жауапкершілікті өзіне алмайды.

Компания осы Есепті дайындау кезінде Есепті қалыптастыру үшін ұсынылған құжаттар және басқа да деректер тиісті Есеп беру кезеңінде шынайы және толық болып табылатындығы туралы жорамалға сүйенеді.





1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

6

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ САНДАРМЕН, 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Қазіргі QazaqGaz

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГАЗДЫ ТАСЫМАЛДАУ СЕКТОРЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ОРЫНДА


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ

9 500 000


ІШКІ НАРЫҚТА ТҰТЫНУШЫСЫ

Операциялық көрсеткіштер


ГАЗДЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ, млн м³




ГАЗДЫ ІШКІ ТАСЫМАЛДАУ, млн м³



ГАЗДЫ ЭКСПОРТҚА ТАСЫМАЛДАУ, млн м³



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ, млн м³



ГАЗДЫ ӨТКІЗУ КӨЛЕМІ, млн м³



7

45

КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ БАР

3


ІРІ ЖЕРАСТЫ ГАЗ ҚОЙМАСЫ БАР

20,6


МЫҢ КМ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫ БАР

Қаржылық көрсеткіштер


ЖАЛПЫ ПАЙДА, млн теңге



ЕБИТДА, млн теңге



ТАЗА ПАЙДА, млн теңге



Әлеуметтік көрсеткіштер

ҚР ХАЛҚЫН ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ, %



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, адам




ТҰРАҚТАМАУ КОЭФИЦИЕНТІ, %




Экологиялық көрсеткіштер

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, млн теңге



ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ҮЛЕСТІК ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCORE 1 ЖӘНЕ 2), тонна CO₂-баламасы/бір тонна өнім



ҮЛЕСТІК ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ, ГДж/мың теңге





2021 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Қаңтар

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап (2020 жылғы 5 қарашадағы №94-НҚ бұйрық) қолданысқа енгізіле отырып, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай және Маңғыстау облыстарында тарату құбыржолы арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітті.
- Қазақстан Республикасының Президенті Министрлер кабинеті мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тауарлық газ өндіру үшін ресурстық базаны ұлғайту және нарықты реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеуге тапсырма берді.

Наурыз

- Жамбыл облысында «Меркі» жаңа автоматты газ тарату станциясы (бұдан әрі – АГТС) іске қосылды. АГТС Меркі ауданының 16 елді мекенін тұрақты газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Үкіметтің Қаулысы қабылданды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» мен «Қазмұнайгаз» АҚ арасында «ҚазТрансГаз» АҚ-ны «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сенімді басқаруға беру туралы шартқа қол қойылды.

Маусым

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің №188 бұйрығымен 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудамен өткізудің шекті бағасы бекітілді.
- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытының газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысын бастады. Кәсіпорынның өңдеу қуаты жылына 1 млрд м³ шикі күкіртті газды құрайтын болады, одан 815 млн м³ тауарлық және 119 мың тонна сұйылтылған газ, 212 мың тонна күкірт және 35 мың тонна сұйық газ өндірілетін болады.
- «ҚазТрансГаз» АҚ көмірқышқыл газы шығарылуын уақтылы қысқарту бойынша жетістіктері үшін тұрақты даму саласындағы Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің алтын сыйлығын алды.

Шілде

- Теміртау қаласы мен Жезқазған қаласының газ желілері ҚазТрансГаз сенімді басқаруына берілді.

Тамыз

- Түркістан облысында Бағыс елді мекені газдандырылды. Өзбекстанмен шекарадағы Бағыс ауылы мен жақын маңдағы елді мекендерді газдандыру бойынша жұмыстар үш ай ішінде орындалды.
- Ақтөбе облысында Ырғыз ауданының облыс орталығынан шалғайдағы бірнеше ауылды газдандыру жүргізілді, бұл Шенбертал, Құрылыс және Ақши ауылдарының 2200-ден астам тұрғынына газға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Қыркүйек

- Төлеби ауданының Ханарық ауылында табиғи газбен 8 елді мекен қамтамасыз етілді, 18 км газ тарату желілері салынды, 188 газ тарату шкафтық пункттері орнатылды. Осының арқасында 2000-ға жуық адам көк отынмен қамтамасыз етілген.
- ҚазТрансГаз Түркістан облысында «Жетісай» және «Шардара» жаңа газ өлшеу станцияларының (ГӨС) құрылысын аяқтады. Жаңа ГӨС-ті пайдалануға беру Өзбекстаннан Қазақстанға келетін газды есепке алуды өлшеу дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді.

Қазан

- ҚазТрансГаз «Мұнай және газ» халықаралық көрмесінде «KIOGE үздік дебюті — 2021» маралатын алды.
- Компания «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ-ның 1000 теңге орналастыру бағасы бойынша 222 415 000 теңге сомасына ақшамен (жарғылық капиталды толықтыру) төлеу арқылы жай акциясын сатып алды.

Қараша

- «Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 791 Қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100% пакеті бекітілді.
- Компания Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Вознесенка және Достық ауылдарын газдандырды. Жоба аясында 30 шақырымнан астам газ құбыры салынды, екі елді мекенде жерасты тарату желілерінің ұзындығы шамамен 16 шақырымды құрады.
- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №852, №853 қаулыларына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ Ұлттық компания мәртебесін алып, «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясы» АҚ болып қайта аталды.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 854 қаулысымен жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар қызметінің аражігін ажырату бекітілді. Осы құжатқа сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-ға газ және сұйық газ кен орындарында барлау және өндіру бойынша басым құқық берді.
- ҚазТрансГаз Қарағанды мен Теміртаудың алғашқы тұтынушыларын газбен жабдықтауға қосты. 2-ші іске қосу кешенін іске қосу Михайловка ауданының жоспарланған 2 377 үйінің 1 209-ын газдандыруға мүмкіндік берді.
- Компания елорда әкімдігімен бірлесіп, Интернациональный, Мичурино және Күйгенжар тұрғын алаптарын табиғи газға қосты. Газ құбырларының жалпы ұзындығы 101 км құрайды, олардың жұмысын тиісті газ инфрақұрылымы қамтамасыз етеді.

Желтоқсан

- Компания Жезқазғанның алғашқы тұтынушыларын (Бектепбергенов және Молодежная көшелеріндегі Талап ауылы) табиғи газға қосты.
- Түркістан облысында жаңа газ өлшеу станциялары (бұдан әрі – ГӨС) пайдалануға берілді. Жаңа «Жетісай» ГӨС «Бұқар газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» магистральдық газ құбырының (бұдан әрі – МГК) 372 шақырымында орналасқан. «Шардара» ГӨС «Газли-Шымкент» МГК 314 км-де орналасқан.
- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы №982 қаулысымен «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ «QazaqGaz» ҰК» АҚ болып өзгертілді.
- Шымкентте «Интергаз Орталық Азия» АҚ оқу-курстық комбинатының базасында қызметкерлерге өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша білім алуға көмектесетін мобильді қосымша таныстырылды. Бұл бағдарламаны Компания бизнес-процестерді цифрландыру шеңберінде әзірледі.
- Компания мен NCOC Қашаған кен орнынан шикі газды қайта өңдеу қуатын 2 млрд м³ ұлғайтуды көздейтін Қашаған кен орнының 2А кезеңін 2022-2023 жылдарға арналған базалық жобалау бойынша бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойды.

- Компания Маңғыстау облысында «Бейнеу» ГӨС құрылысын аяқтады.
- Компания «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға «КӨЗ-дің 2-кезеңі Тараз қ. ГТС жаңғырту» инвестициялық жобасын одан әрі іске асыру үшін 591 186 505 теңге көлемінде қаржылай көмек төледі.
- Компания «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ға компрессорлық станциясы бар «Қашаған» ГК-ДҚ-дан «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына дейін магистральдық газ құбырын салу» инвестициялық жобасын қаржыландыруға 26 159 463 250 теңге көлемінде топшілік қарыз берді.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуы басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

БҰҰ-НЫҢ БАСЫМ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

QAZAQGAZ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӨЛ-АУҚАТ



QAZAQGAZ БАРЛЫҒЫНА ҚОЛЖЕТІМДІ, СЕНІМДІ, ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

7 АРЗАН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ



QAZAQGAZ ТҰРАҚТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУҒА, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУГЕ ҰМТЫЛАДЫ

9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



QAZAQGAZ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІНЕ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ БАСЫМДЫҚ БЕРЕДІ

13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС



QAZAQGAZ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК



QAZAQGAZ ІЛГЕРІЛЕМЕЛІ, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫНА ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫСҚА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ



QAZAQGAZ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРШЕҢДІГІН МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ

11 ОРНЫҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР



QazaqGaz БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы жаһандық Күн тәртібін толық қолдайды және БҰҰ-ның барлық 17 ТДМ-ның маңыздылығын мойындайды. Өз қызметінің ерекшелігіне байланысты Компания БҰҰ-ның 7 басым ТДМ-сын айқындады, оған Компания барынша елеулі үлес қосады.

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытының газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысын бастады. Кәсіпорынның өңдеу қуаты жылына

1 млрд м³

шикі күкіртті газды құрайтын болады, одан 815 млн м³ тауарлық және 119 мың тонна сұйылтылған газ, 212 мың тонна күкірт және 35 мың тонна сұйық газ өндірілетін болады.

Компания «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ға компрессорлық станциясы бар «Қашаған» ГҚДҚ-дан «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына дейін магистральдық газ құбырын салу» инвестициялық жобасын қаржыландыруға

26,2 млрд теңге

көлемінде топшілік қарыз берді.

Компания мен NCOC Қашаған кен орнынан шикі газды қайта өңдеу қуатын

2 млрд м³

ұлғайтуды көздейтін Қашаған кен орнының 2А кезеңін 2022-2023 жылдарға арналған базалық жобалау бойынша бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойды.



14 Маңызды тақырыптар

- Экономикалық тиімділік
- Салық салу

GRI көрсеткіштері

GRI 102-1, GRI 102-2, GRI 102-3, GRI 102-4, GRI 102-5, GRI 102-6, GRI 102-7

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

20,6 мың км

магистральдық газ құбырларының ұзындығы

59 мың км

тарату газ құбырларының ұзындығы

БҰҰ-ның ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі




896 255 МЛН ТЕҢГЕ

түсім

КОМПАНИЯ ТАРИХЫ

GRI 102-1, GRI 102-5

«QazaqGaz» ҰК» АҚ - геологиялық барлау мен өндіруден бастап түпкілікті өнімді сатуға дейінгі бүкіл тізбек бойынша қызметін жүзеге асыратын тік біріктірілген ұлттық газ компаниясы.



16 БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

GRI 102-2, GRI 102-3, GRI 102-7

«QazaqGaz» ҰК» АҚ отандық және шетелдік газ нарығында мемлекеттің мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасының негізгі газ-энергетикалық және газ тасымалдау компаниясы болып табылады.

КАПИТАЛДАР

Қаржы капиталы



Табиғи капитал



Өндірістік капитал



Зияткерлік капитал



Адами капитал



Әлеуметтік капитал




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЦИКЛ

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

ГАЗДЫ САТУ



QazaqGaz дамуының басымдықтары газдың ресурстық базасын кеңейту, ұлғайту және газды қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды ұлғайту, сондай-ақ газ құбырлары желісін жаңғырту есебінен Қазақстан экономикасының көмірден жылу мен энергияның неғұрлым таза және қолжетімді көзіне энергетикалық ауысуына жәрдемдесу болып табылады.

ҚҰНЫН ШЫҒАРУ

Қаржы капиталы




Табиғи капитал



Өндірістік капитал



Зияткерлік капитал



Адами капитал



Әлеуметтік капитал





КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-5

Qazaqgaz акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (100%) болып табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ – Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын тәуелсіз қор.

Есепті кезеңде QazaqGaz компаниялар тобына бес бизнес-бағытта жұмыс істейтін 12 еншілес және бірлескен бақыланатын компаниялар кірді.

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ¹



ГАЗДЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ



ГАЗ ТАРАТУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАРДЫ ГАЗДАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ




ГАЗ ӨТКІЗУ

«ҚазРосГаз» ЖШС



«Азиялық газ құбыры» ЖШС



РЕСУРСТЫҚ БАЗА

«Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС



ГАЗ МОТОР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС



НАРЫҚҚА ШОЛУ

GRI 102-4, GRI 102-6, GRI 403-2


Газды тұтыну әлемдік «жасыл» энергия көздеріне көшу кезінде энергия ресурстарының кеңінен қолданылатын және іс жүзінде баламасыз транзиттік түріне айналууда.

Газ ресурстарына ағымдағы көшудің арқасында АҚШ-та отынның осы түрін тұтынудың жыл сайынғы өсімі 2010-2021 жылдар кезеңінде 2%-ды құрады. Сонымен қатар, әлемдік газ сауда балансының өзгеруіне Азиядағы сұраныстың күрт өсуі айтарлықтай үлес қосты. Мысалы, Қытайда газды тұтынудың артуы өнеркәсіптік және коммуналдық секторлардың газ ресурстарына қол жетімділігінің артуы арқылы байқалады. Шығыс Азия елдерінде газды

тұтыну өңірлерді газдандыру жобалары есебінен өсті. Тек кейбір елдер ғана ерекшелік болып табылады. Мысалы, Жапонияда газды тұтыну, керісінше, электр энергиясын тұтынуды азайту, атом энергетикасына көшу және жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіру арқылы 4%-ға төмендеді. ЕО елдерінде, оның ішінде Ресей, Египет және Бразилия сияқты өндіруші елдерде газды тұтыну өсті.


Жалпы алғанда, газ ресурстарына қолжетімділіктің өсу тенденциясы COVID-19 пандемиясына байланысты әлемдік энергетикалық нарықтардағы табиғи газға сұраныстың бұрын төмендеуіне қарамастан, 2021 жылы жаһандық газ тұтынудың 2020 жылғы деңгейімен салыстырғанда 5%-ға артуына әкелді.

1990-2021 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ТАБИҒИ ГАЗДЫ ІШКІ ТҰТЫНУ, млрд м³





20 ӘЛЕМДЕГІ ОТЫН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНЕТІН ҚАЗБА ОТЫНДАРЫН ТҰТЫНУ, TBt*car



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ ГАЗ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

~3,9
ТРЛН М³

Қазақстанда бекітілген алынатын газ қорлары

~2,16 трлн м³
ілеспе газ


~1,75 трлн м³
еркін газ

13,5 (65%)
МЛН АДАМДЫ

2030 жылға газдандырумен қамту жоспарлануда

2021 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМДЕГІ ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖИЙЫНТЫҚ ТҰТЫНУЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ, %

Дереккөз: Statistical Review of World Energy



● Мұнай ● Газ
● Көмір ● Электр қуаты
● Биомасса

Қазақстан газ қорлары мен өндіру бойынша көшбасшы отыз елдің қатарына кіреді, бұл ретте өндірудегі өзінің әлеуетін ұдайы арттырып, әлемдегі газ саласындағы өзінің ықпал ету аясын кеңейтіп отырады. Табиғи газдың дәлелденген қоры бойынша Қазақстан әлемде 16-орында тұр. Бекітілген алынатын қорлар шамамен 3,9 трлн м³ құрайды, оның ішінде ілеспе газ — 2,16 трлн м³, еркін газ — 1,75 трлн м³.


Қазақстанда да газды тұтыну өсуде. Елімізде өңірлерді газдандыру белсенді жүзеге асырылуда. 2030 жылға қарай қазақстандықтардың 65%-ы 13,5 млн адамды газдандырумен қамту жоспарлануда. Өнеркәсіптік нысандар да газға ауысады. Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігінің деректері бойынша соңғы 5 жыл ішінде елде газ тұтыну 35%-ға өсті. Жыл сайынғы өсім 7%-ды құрады және болашақта тек өседі. Бұған жаңа өнеркәсіптік объектілерді енгізу және ірі газ химиясы жобаларын іске асыру ықпал етеді.

Газды ішкі тұтынудың едәуір бөлігі халықтың қажеттіліктеріне бағытталады, бұл Үкіметтің басым энергетикалық саясаты болып табылады.

Қазақстан экспорттық пайда алу және ішкі сұранысты толық көлемде қамтамасыз ету мақсатында жүйелі шараларды, оның ішінде ресурстық базаны ұлғайту және газды қайта өңдеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ұмтылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2010-2021 ЖЖЫЛДАРЫ ТАБИҒИ ГАЗ ӨНДІРУ, жылына млрд м³



35%

Қазақстан Республикасында соңғы 5 жылда газ тұтынудың өсуі

7%

Қазақстанда газ тұтынудың жыл сайынғы өсуі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГАЗ 2020-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИМПОРТЫ МЕН ЭКСПОРТЫ, жылына млрд м³

Дереккөз: Ұлттық энергетикалық есеп, 2021



ҚАЗАҚСТАНДА 2020-2021 ЖЫЛДАРЫ ГАЗ БӨЛУ, жылына млрд м³

Дереккөз: Ұлттық энергетикалық есеп, 2021




16


ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ ДӘЛЕЛДЕНГЕН ҚОРЫ БОЙЫНША ӘЛЕМДЕГІ ОРНЫ



1984-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАБИҒИ ГАЗ БАҒАСЫ, АҚШ долл./м³



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГАЗДЫҢ ІШКІ БАҒАСЫНЫҢ АЙ САЙЫНҒЫ СЕРПІНІ, АҚШ долл./мың м³



Пандемия локдаундарының салдары және ОПЕК+ келісімдері қол жеткізген мұнай бағасының тұрақтануы салдарынан әлемдік экономика қалпына келген сайын, газ бағасы да 2021 жылдың қаңтарында көтеріле бастады.

Еуропалық қоймалардағы қорлардың аздығына, электр энергиясын тұтынудың өсуіне және еуропалық ГЭС су қоймаларындағы су деңгейінің төмендеуіне әкелген ыстық ауа-райына, сондай-ақ СТГ салдарынан Азиямен бәсекелестікке байланысты газ бағасы 2021 жыл бойы өсуін жалғастырды. 2021 жылдың қыркүйегінде нарықтық бағалар 1 мың м³ үшін 800\$ құрап, абсолютті рекорд орнатты.

Қазақстанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (ТМРК) өңірлерге және тұтынушылардың түрлеріне (тұрмыстық немесе өнеркәсіптік) байланысты түпкілікті тұтынушылар үшін газ бағасын реттейді. Бұл тәсіл энергетикалық саясатты емес, жалпы макроэкономикалық түсініктерді басшылыққа алады. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ұлттық экономика министрлігімен келісім бойынша Энергетика министрлігі жыл сайын бекітетін шекті көтерме бағамен тауарлық газды көтерме саудада өткізуді жүзеге асырады.

ЕЛ ЗАҢНАМАСЫНДА КӨТЕРМЕ БАҒАНЫ КӨТЕРУ ҮШІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ 15% ШЕКТЕУ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН (ҚР ЭМ 15.12.2014 Ж. №209 БҰЙРЫҒЫ). ІС ЖҮЗІНДЕ СОҢҒЫ 9 ЖЫЛДА ТАУАРЛЫҚ ГАЗДЫҢ КӨТЕРМЕ БАҒАСЫ БАРЛЫҚ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША 15%-ҒА ӨСКЕН ЖОҚ.

Өндіруші компанияларға төлемдер жүзеге асырылатын бағалар, ең алдымен, QazaqGaz ұсынған сатып алушылар мен олардың арасындағы келіссөздер арқылы жеке белгіленеді. Соңғы тұтынушылардың төмен реттелетін бағалары ішкі нарықтағы құн тізбегінің барлық аспектілеріне әсер етеді. Бұл ретте өндіруші компаниялар үшін белгіленетін бағалар олардың шығындарын әрдайым толық көлемде жаба бермейді.


Өндірушілер үшін газ бағасы төмен болған кезде өндіруші компанияларда QazaqGaz тауарлық газын сатуды ұлғайтуға немесе жаңа газ кен орындарын одан әрі игеруге ұмтылуға жеткілікті ынталандырулар жоқ. Ішкі сұранысты жабу мақсатында Үкімет пен түрлі салалық топтар газ өндіру көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды белсенді талқылауда.



КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

GRI 102-4, GRI 102-6

Қазіргі уақытта «QazaqGaz» компаниялар тобы Қазақстанның 11 облысында: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар Қазақстанның бас қаласы Астанада, Алматы және Шымкент қалаларында ұсынылған.



QazaqGaz қызметінің бағыттары:

1. Газды магистральдық тасымалдау



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

26

«АЗИЯЛЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС

Құрылған жылы

2008

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы



Меншік құрылымы

«Азия газ құбыры» ЖШС тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары «QazaqGaz» ҰК АҚ (ҚР) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (ҚХР) болып табылады.

Бас директор

Сағынтаев Галымжан Таймасович

Қызметі

«Азия газ құбыры» ЖШС Қытай нарығына түрікмен және өзбек газын жеткізуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығына (оңтүстік облыстарды тұтыну) және Қытай Халық Республикасына экспорттауды қамтамасыз ететін «Қазақстан-Қытай» МГҚ Құрылыс және пайдалану жобасының операторы болып табылады.

13 КС

компрессорлық станциялардың жұмысы

7 ГТС

газ тарату станцияларының жұмысы

184 торап

кран тораптарының жұмысы

2 торап

газ шығынын өлшеу тораптары

18 торап

тазарту құрылыстарының тораптары

42 ГАА

газ айдайтын агрегаттар

2 609,97 км

ұзындығы

1 067 мм

құбыр диаметрі

Жылына 55 млрд м³ өткізу қабілеті

9,81 МПа жұмыс қысымы

1 265 адам

қызметкерлердің жалпы саны

27

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫ» ЖШС

Құрылған жылы

2011

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы



Меншік құрылымы

БШГҚ тең үлестік негізде құрылған бірлескен компания болып табылады. Серіктестіктің қатысушылары «QazaqGaz» ҰК АҚ (ҚР) және Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited (ҚХР) болып табылады.

Бас директор

Цзян Цзиньтянь

Қызметі

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ірі құбыржол жобасы болып табылады. Газ құбыры Батыс Мұнай және табиғи газ кен орындарын елдің оңтүстік өңірлерімен, сондай-ақ «Бұхара газды өңірі – Ташкент – Бішкек — Алматы» және «Газли – Шымкент» магистральдық газ құбырларымен және «Орталық Азия-Қытай» газ құбырынан «С» желісімен байланыстырады. Негізгі мақсат Қазақстанның солтүстік және батыс бөлігіндегі кен орындарынан елдің оңтүстік және шығыс өңірлеріне табиғи газды тасымалдау болып табылады. БШГҚ республиканың оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыруға мүмкіндік беріп, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.

Келешекте газ құбырының қуатын 15 млрд м³ дейін, оның ішінде табиғи газды Қытайға қазақстандық Өріктау және Жаңа-жол кен орындарынан экспорттау мақсатында кеңейту жоспарлануда.

6 КС

компрессорлық станциялардың жұмысы

3 ГТС

газ тарату станцияларының жұмысы

59 торап

кран тораптарының жұмысы

47 торап

желілік кран түйіндері

12 торап

кранды қорғау тораптары

20 ГАА

газ айдайтын агрегаттар

1 454 км

ұзындығы

Жылына 15 млрд м³ дейін өткізу қабілеті

1 067 мм құбыр диаметрі

7,5-9,81 МПа жұмыс қысымы

208 адам

қызметкерлердің жалпы саны



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

28

«ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ

Құрылған жылы

1997

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы



Меншік құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

Бас директор

Тасыбаев Манас Мухитович

Қызметі

«Интергаз Орталық Азия» АҚ БАТЫС және Оңтүстік құбыр желілері арқылы Қазақстан аумағы бойынша табиғи газды ішкі тасымалдауды және транзитті жүзеге асырады:

- «Батыс құбыр желісі» – Орталық Азиядағы жұмыс істеп тұрған табиғи газ кен орындарына қызмет көрсететін Батыс Қазақстандағы газ құбырларының желілері (Орталық Азия жүйесін, Орал және Ақтөбе газ құбырлары жүйесін қамтиды);
- «Оңтүстік құбыр желісі» – Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасынан елдің оңтүстік өңірлеріне қазақстандық және/немесе импортталатын газ жеткізетін Оңтүстік Қазақстандағы газ құбырларының желілері (оңтүстік және Қызылорда құбыр жүйесін қамтиды).

Табиғи газды халықаралық тасымалдау ISA бизнесінің негізгі кіріс құрамдас бөлігі болып табылады. Компания құрамына инженерлік-техникалық және ғылыми-техникалық орталықтар кіреді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

27 КС

компрессорлық станциялардың жұмысы

238 ГТС

газ тарату станцияларын пайдалану

10 МГБ

магистральдық газ құбырлары басқармалары — өңірлердегі өндірістік филиалдар

302 ГАА

газ айдайтын агрегаттар

20 613 км

магистральдық газ құбырларының ұзындығы (оның ішінде 7 007 км — бөгде МГҚ)

65 686 км

талқыланатын тарату желілерінің ұзындығы 12 өңірде (ҚТГА, ЖАО)

203,5 млрд м³

өткізу қабілеті

57-1 420 мм

құбыр диаметрі

3-9,81 МПа

жұмыс қысымы

8 188 адам

қызметкерлердің жалпы саны

3 ПХГ

жерасты газ қоймалары

«Бозой» ЖГҚ

4 млрд м³

«Полторацкое» ЖГҚ

0,35 млрд м³


«Ақыртөбе» ЖГҚ

0,3 млрд м³

29

«МАҚАТ – СОЛТҮСТІК КАВКАЗ» МГҚ «ЛУПИНГ ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру Атырау қаласы мен Атырау облысының халқын және ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын газбен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін бір желілі газ құбырын тоқтатуға байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу үшін жүргізілуде.




«БЕЙНЕУ – ЖАҢАӨЗЕН» МГҚ 2-ШІ ЖЕЛІСІН САЛУ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру Маңғыстау облысының елді мекендері мен ірі кәсіпорындарын, сондай - ақ «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-ні тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жүргізілуде.




ҚҰРЫҚ АУЫЛЫНДА АГТС - 80 ОРНАТУ АРҚЫЛЫ «ЖЕТІБАЙ-ҚҰРЫҚ» МГҚ ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫ

Жобаны іске асыру Маңғыстау облысындағы «Сарша» жергілікті жерінің және «Жылы жағажай» курорттық аймағының тұтынушыларын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін жүргізілуде.



КС-МЕН «ҚАШАҒАН» ГКДҚ-ДАН «МАҚАТ – СОЛТҮСТІК КАВКАЗ» МГ-ҒА ДЕЙІН МГҚ САЛУ» ЖОБАСЫ

«Қашаған» газ өңдеу зауытының құрылысы» жобасын іске асыру шеңберінде қажетті инфрақұрылымды жүргізу үшін.



Біріктірілген жылдық есеп | 2021

QAZAQGAZ.KZ

2. Газ тарату және аймақтарды газдандыру

«КАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ

Құрылған жылы: 2002 | Орналасқан жері (Орталық аппарат): Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

2002



Меншік құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

Бас директор

Мақсұт Хакім Қайргелдіұлы

Қызметі

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ - барлық он төрт газдандырылған облыстарда және республикалық маңызы бар үш қалада газ тарату құбырларын пайдаланатын Қазақстан Республикасындағы ірі газбен жабдықтаушы компания.

Кәсіпорынның негізгі міндеттері - тауарлық газды жеткізуді ұйымдастыру, оны тарату желілері арқылы тасымалдау, өңірлерде газ тарату активтерін басқару. Қызметтің негізгі бағыты - халықты, коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік кәсіпорындарды апатсыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету.

14 өФ

өндірістік филиалдардың саны

59 181 км

газ құбырларының жалпы ұзындығы

13 884 км

ҮҚШ бойынша газ құбырлары

33 362 км

меншікті тарату желілері

9 787 км

өзге газ құбырлары

3,9 мың

өнеркәсіптік кәсіпорындар


11 млн адам

газдандыру деңгейі

2,7 млн абонент

тұтынушылар саны

ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫН ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ «КАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛДАРЫ



Газдандыру деңгейлері:



«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жобалары:

- «Қостанай облысының 3 елді мекенін (Жітіқара қ., Тобыл к., Большая Чураковка к.) газдандыру» жобасы;
- «Алматы қ. АГТС-тен ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды газ құбырларын салу» жобасы;
- «Тараз қаласының газ тарату желісін жаңғырту» жобасы;
- «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Қайнар, Саймасай кентінде жоғары қысымды газ құбыры мен газ тарату желілерін салу» жобасы (1 және 2 КҚ);
- «Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен» Сарша «жеріне және «Жылы жағажай» курорттық аймағында 2 БГҚРО орналастыру арқылы «Rixos Aktau» қонақ үйіне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу» жобасы;
- «Маңғыстау облысы елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңасын салу» жобасы;
- «Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату желілерін қайта жаңарту» жобасы.



3. Газды сату

QazaqGaz газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушылардан/жеткізушілерден шикі және (немесе) тауарлық газ сатып алуға басым құқығын жүзеге асырады. Заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемін, бағасын және жеткізу пунктін көрсете отырып, ұлттық операторға коммерциялық ұсыныс жібереді. Ұлттық оператор мемлекеттің басым құқығын іске асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23 644 млн м³
тауарлық газды өткізу көлемі

17 600 млн м³
ішкі нарық

10,9%
ішкі нарықтағы тұтыну

6 044 млн м³
экспорттық көлемдер

«ҚАЗРОСГАЗ» ЖШС

Құрылған жылы

2001

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы

Бас директор

Абдрасулов Нурлан Кадырович

Меншік құрылымы

«ҚазРосГаз» ЖШС —»ҚазМұнайГаз «ҰК» АҚ және «Газпром» ААҚ ұлттық компаниясымен теңгерімді негізде құрылған. «ҚазРосГаз» ЖШС «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның сенімді басқаруында.

Қызметі

«ҚазРосГаз» ЖШС қазақстандық табиғи газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда маркетингпен, өңдеумен, тасымалдаумен және сатумен айналысады. «ҚазРосГаз» ЖШС қызметі Компания активтерінің экономикалық құнын арттыру мақсатында жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға негізделген компанияның экономикалық құнын

барынша арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған. 2002 жылдан бастап ҚазТрансГаз Қазақстан Республикасының ішкі нарығына газ жеткізеді және қалған газды экспортқа өткізеді. Қайта өңделген құрғақ Қарашығанақ газының негізгі көлемі Қазақстан тұтынушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін басым бөлігі ішкі нарыққа жеткізіледі.

«КҮКІРТТІ ТҮЙІРШІКТЕУ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК БАЗА ҚҰРУ» ЖОБАСЫ

«ҚазРосГаз» ЖШС-нің перспективалық жобаларының бірі Орынбор газ кешенінің жанында жылдық қуаты 500 000 тоннаға дейін күкіртті түйіршіктеу бойынша өндірістік базаны салу және пайдалануға беру болып табылады. Қазіргі уақытта Қарашығанақ газын қайта өңдеу кезінде өндірілетін тауарлық күкірт сұйық балқытылған күйде және оны өткізу жоғары шығындарға байланысты салыстырмалы түрде қысқа қашықтыққа тасымалдаумен шектеледі. Ең қолайлысы күкіртті түйіршік түрінде жеткізу, ол тасымалдау, сақтау кезінде шығынның төмен болуын және кез келген көлік түрімен, кез келген қашықтыққа тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жобаны іске асыру күкіртті халықаралық талаптарға сәйкес сақтауды, буып-түюді және тасымалдауды қамтамасыз ете отырып, оны іске асырудың тиімділігін жақсартады.



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ инвестициялық комиссиясының 07.11.2014 ж. шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар шеңберінде күкіртті түйіршіктеу бойынша өндірістік база құру жөніндегі жобаны одан әрі іске асыру тоқтатылды.

Сондай-ақ, «ҚазРосГаз» ЖШС Бақылаушы кеңесінің 18.12.2015 ж. шешімімен «Күкіртті түйіршіктеу бойынша өндірістік база құру» инвестициялық жобасын іске асыру тоқтатылды.

«ИМАШЕВ КЕН ОРНЫ» ЖОБАСЫ

«ҚазРосГаз» компаниясы жұмысының перспективалық бағыттарының бірі Ресейдің Астрахан облысы мен Қазақстанның Атырау облысының аумағында орналасқан Имашев трансекаралық, сұйық газ кен орнын геологиялық зерттеу және барлау жөніндегі бірлескен жобаны іске асыру болып табылады. Алдын ала есептеулер бойынша кен орнының алынатын қорлары 128 млрд текше метрден астам газға және 20 млн тонна сұйық газға бағаланады.

Имашев кен орнында бірлескен жұмыс туралы келіссөздер 2007 жылдан бері жүргізіліп, 2010 жылдың қыркүйегінде Өскеменде Қазақстан Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы осы кен орнын геологиялық зерттеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы келісімге қол қоюмен аяқталды. Имашев кен орнын геологиялық зерттеу және барлау бойынша жобаны іске асыру бойынша бірыңғай оператор болып «ҚазРосГаз» ЖШС анықталды.

Үкіметаралық Келісім Тараптардың уәкілетті ұйымдары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Газпром» ААҚ арасындағы шығындарды тең қаржыландыру шарттарында көмірсутек шикізатының қорларын есептей отырып және кен орнын игеруді техникалық-экономикалық бағалай отырып, Имашев кен орнын геологиялық зерттеу мен барлауды жүргізуді көздейді. Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдалану құқығын алуға және кен орнын геологиялық зерттеу мен барлау бағдарламасын дайындауға байланысты мәселелер пысықталуда.

Қазақстан мен Ресейдің осы трансекаралық кен орнын геологиялық зерттеу және барлау жөніндегі бірлескен қызмет туралы үкіметаралық келісімін іске асыру елдер арасындағы мұнай-газ саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, экономикалық әлеуеттің өсуіне және екі мемлекет халықтарының әл-ауқатының артуына ықпал ететін болады.

2017 жылғы 28 ақпанда ҚазРосГаз Байқаушы кеңесі «Жаһандық шикізат нарықтарының тұрақсыздығына және ҚР мен РФ макроэкономикалық көрсеткіштерінің жалпы төмендеуіне» байланысты Имашев жобасын қаржыландыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

4. Ресурстық база

«QAZAQGAZ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ» ЖШС

Құрылған жылы

2003

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Меншік құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

Қызметі

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС - негізгі қызмет түрлері газ және сұйық газды өндіру, геологиялық барлау және іздестіру, компанияның өндірістік объектілерінде барлама бұрғылау және табиғи газдың көтерме саудасы болып табылатын газ өндіруші компания.


Бас директор

Қуандықов Алмас Балтабекович

51 ұңғымалар
(2 бақылау ұңғымасы)

15,5 млрд м³
өндіру тобы (құрғақ газдың қалдық алынатын қорлары)

32,6 млрд м³
барлау тобы (болжамды ресурстар)




Амангелді кен орны

Амангелді сұйық газ кен орны Жамбыл облысы Мойынқұм және Талас аудандарының аумақтарында, Тараз қаласынан солтүстікке қарай 190 км жерде орналасқан.

Әзірлеу нысаны:

C_{1V1}

төменгі карбонның төменгі вие жікқабаты



Кезең: 2007 жылдан бастап өнеркәсіптік даму.

Әзірлеу режимі: қабаттық энергияның табиғи сарқылу режимі.

16,0 млрд м³
бастапқы алынатын қорлар

10,2 млрд м³
алынатын газдың қалдық қоры

38 бірлік пайдалану ұңғымаларының қоры (орташа тереңдігі — 2 280 м)

5,5 млрд м³
пайдалану басталғаннан бастап газ өндіру

Анабай кен орны

Анабай газ кен орны Амангелді кен орындары тобына кіреді.

Әзірлеу нысаны:

D_{3fm}

жоғарғы девонның фамен жікқабаты

C_{1V2}

төменгі карбонның орта вие жікқабаты



3,2/2,4 млрд м³
геологиялық қорлар/ алынатын қорлар (C₁)

1,42 млрд м³
жоғарғы девонның фамен жікқабаты (D_{3fm})

0,81 млрд м³
төменгі карбонның орта вие жікқабаты (C_{1V2})

11,12 ұңғыма бұрғыланған
4 ұңғыма қалпына келтірілді

8 жоспарланған ұңғымалар (орташа тереңдіктегі 4 ұңғыма — 3 500 м, орташа тереңдіктегі 4 ұңғыма — 2 700 м)

Жарқұм кен орны

Жарқұм сұйық газ кен орны Амангелді кен орындарының тобына кіреді.


Әзірлеу нысандары:

C_{1sr}

төменгі карбонның төменгі серпухов жікқабаты

C_{1V1}

төменгі карбонның төменгі вие жікқабаты



Кезең: 2017 жылдан бастап өнеркәсіптік даму.

Әзірлеу режимі: қабаттық энергияның табиғи сарқылу режимі

0,43 млрд м³
бастапқы алынатын қорлар

0,34 млрд м³
алынатын қалдық қорлар

5 бірлік өндіруші ұңғымалар қоры (орташа тереңдігі — 2 100 м)

83,3 млн м³
басталғаннан бастап газ өндіру



Айрақты кен орны

Айрақты сұйық газ кен орны Амангелді кен орындарының тобына кіреді.

Стадия: 2017 жылдан бастап өнеркәсіптік даму.
Әзірлеу режимі: қойнауқат энергиясының табиғи сарқылу режимі.

2,63 млрд м³
бастапқы алынатын газ қорлары

2,49 млрд м³
алынатын газдың қалдық қорлары


8 бірлік
өндіруші ұңғымалар қоры (орташа тереңдігі — 2 250 м)

141,5 млн м³
пайдалану басталғаннан бастап газ өндіру

Әзірлеу нысаны:

C1V1

төменгі карбонның төменгі висте жікқабаты



Барханная-Сұлтанқұдық учаскесі

«Барханная-Сұлтанқұдық» учаскесі Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының шегінде орналасқан.


МОГТ-2Д (2008, 2010, 2011 жж.) және 690 км² (2020-2021 жж.) көлеміндегі МОГТ-3Д сейсмикалық барлау жұмыстарын қамтитын геологиялық барлау жұмыстары.

2016 жылы R-1 ұңғымасы бұрғыланды

2022 жылы В-5 ұңғымасы бұрғыланды

4 500 м

3 200 м



«Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС-нің басқа жобалары:

- Қосқұдық құрылымы (Шығыс Құмырлы);
- Сұлтанқұдық құрылымы;
- Үшарал, Кемпіртөбе, Батыс және Северный кен орындары.

5. Газ мотор инфрақұрылымы

«КАЗТРАНСГАЗ ӨНІМДЕРІ» ЖШС

Құрылған жылы

2001

Орналасқан жері (Орталық аппарат)

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы



Меншік құрылымы

«QazaqGaz» ҰК» АҚ 100% еншілес ұйымы

Бас директор

Кулкыбаев Ернар Габдуллович

Қызметі

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС негізгі қызметі көлік қызметтерін көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстары, сығымдалған табиғи газды сату болып табылады.

Серіктестік газ моторлы метан отының нарығын дамытуға ықпал етеді.

CNG (сығылған табиғи газ) және LNG (сұйытылған табиғи газ) технологиясы мен артықшылықтары.

1 569 бірлік техника

1 765 адам қызметкерлердің жалпы саны

10 АГТКС автомобиль газын толтыратын компрессорлық станциялар

4 АГТКС салынып жатқан

11 АГТКС жоспарланған

2 СТГ зауыты жоспарланған



Автокөлік пен арнайы техниканы жалға алу

«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобын трансформациялау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС базасында барлық автокөлік және арнайы техника паркі шоғырландырылды.

Жол-көлік жұмыстары

Қызмет түрлерін кеңейту шеңберінде Компания 2016 жылғы 29 шілдеде қызмет түрлерімен құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға лицензия алды:

- объектілерді күрделі жөндеуді және реконструкциялауды, оның ішінде металл конструкцияларды монтаждауды қамтитын ғимараттар мен құрылыстардың көтеруші және (немесе) қоршау құрылмаларын тұрғызу;
- мұнай құбырларының, газ құбырларының өнеркәсіптік және магистральдық желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін қамтитын желілік құрылыстарды төсеу жөніндегі арнайы құрылыс-монтаждау жұмыстары;

→ күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде негіздер мен жабындарды, III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарын, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді мекендердің жүргін бөлігін қорғау құрылыстарын және жайластыруды қамтитын автомобиль және темір жолдарын салу.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мұнай-газ кен орындарының ішкі өнеркәсіп жолдарын, магистральдық газ құбырларының трасса бойындағы жолдарын салуға, QazaqGaz компаниялар тобының және басқа компаниялардың бұрғылау ұңғымаларына арналған алаңдарды жайластыруға белсенді қатысады.

Жоғарыда аталған жұмыстарды орындау үшін білікті қызметкерлермен, арнайы және жол техникасымен жасақталған жол қызметі ұйымдастырылған.

Лицензия алған сәттен бастап 1,5 млрд теңгеден астам сомаға магистральдық газ құбырларының, кәсіпшілік ішіндегі жолдардың трасса бойындағы жолдарын салу, бұрғылау жабдықтары үшін алаңдарды жайластыру бойынша жұмыстар орындалды.

Бұдан басқа, Серіктестік мамандары Қазақстан Республикасы бойынша АГТКС жобалау мен құрылыста техникалық көмек көрсетеді.

1,5

МЛРД ТЕҢГЕ

лицензия алған сәттен бастап сомаға магистральдық газ құбырларының, кәсіпшілік ішіндегі жолдардың трасса бойындағы жолдарын салу, бұрғылау жабдықтары үшін алаңдарды жайластыру бойынша жұмыстар орындалды



Сығылған табиғи газ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 797 Қаулысымен бекітілген «Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды кеңейтудің 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» іске асыру жалғасуда, ол ҚР экономикасы мен халқы үшін елеулі экономикалық және әлеуметтік-экологиялық нәтижелерді көздейді.





2. СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

1 Түркістан облысында Бағыс елді мекені газдандырылды. Өзбекстанмен шекарадағы Бағыс ауылы мен жақын маңдағы елді мекендерді газдандыру бойынша жұмыстар үш ай ішінде орындалды.

2 ҚазТрансГаз Түркістан облысында «Жетісай» және «Шардара» жаңа газ өлшеу станцияларының (ГӨС) құрылысын аяқтады. Жаңа ГӨС-ті пайдалануға беру Өзбекстаннан Қазақстанға келетін газды есепке алуды өлшеу дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді.



3 Төлеби ауданының Ханарық ауылында табиғи газбен

8 елді мекен қамтамасыз етілді

18 газ тарату желілері салынды

188 газ тарату шкафтық пункттері орнатылды


Осының арқасында

2 000 адам

көк отынмен қамтамасыз етілген.




СЫН-ҚАТЕРЛЕР



ҒАЛАМДЫҚ ТРЕНДТЕР



КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



- Газды қайта өңдеуге арналған қуаттың жетіспеушілігі
- Тұтынудың жылдам өсуі
- Ішкі нарықта тауарлық газды шығынды сату
- Газ тапшылығы

Әлемдік энергетикалық дағдарыс

- ҚР Газ ресурстық базасын кеңейту
- Жаңа газ өңдеу қуаттарын дамыту
- Әділ баға белгілеу реформасы
- Газ транзиті мен экспортын дамыту

- Газ тасымалдау инфрақұрылымының күрделі тозуы
- ГТҚ бойынша жобалық шешімдерді ұтымсыз қабылдау
- Мұнай-газ саласындағы инвестициялар мен жұмыспен қамтуды қысқарту

ESG күн тәртібін орындау

- Инвестициялық және операциялық тиімділік
- Газдандыруды қамтуды ұлғайту
- Энергетикалық қауіпсіздікті нығайту

- Газ-химия саласындағы көміртегі бейтараптығы
- Жасыл энергия көздеріне көшу

Энергетикалық жүйелерді көміртексіздендіру

- Ұтымды тұтынуға көшу
- ПГ шығарылуын азайту

- ГТЖ объектілерін цифрландыру
- Цифрлық технологиялардың жедел дамуы


Цифрландыру

- Бизнес-процестерді автоматтандыру
- КС және ГТЖ қашықтан мониторингілеу
- Картаға түсіру

ГАЗ САЛАСЫН ДАМУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ФАКТОРЛАР

Газ саласы Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатында шешуші рөл атқарады. Qazaqgaz энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігін арттыру мақсатында Компанияның стратегиясын әзірлеуге назар аудару қажет, оны іске асыру орта және ұзақ мерзімді перспективада елдің газ саласын кезең-кезеңімен дамытуға мүмкіндік береді.

1. Тауарлық газ ресурстарының тапшылығы



Мұнай-газ саласы соңғы 30 жыл ішінде тек мұнай өндіру мен экспорттауға шоғырланды, бұл ретте газ өндірісіне инвестициялар іс жүзінде жүзеге асырылмады. Өз құрылымы бойынша Қазақстан Республикасында өндірілетін газ негізінен ілеспе мұнай газы болып табылады. Қазақстанда газ өндірудің 75%-дан астамын Қарашығанақ, Қашаған және Теңіз жобалары қамтамасыз етеді.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару


3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект



3,9

ТРЛН М³

Қазақстан Республикасының алынатын газ қорлары

ҚР ГАЗ ӨНДЕУ ҚУАТЫ, жылына млрд м³

№	Атауы	Қуаты жылына млрд м ³	Жүктеу, %
1	Теңіз ГҚДҚ	13,00	100%
2	Жаңажол ГӨЗ	8,40	62%
3	Болашақ МжГҚДҚ	6,30	84%
4	Чинаревский ГӨЗ	4,20	16%
5	ҚазГӨЗ	1,50	60%
6	Шағырлы ГӨЗ	1,30	73%
7	Амангелді ГҚДҚ	0,70	49%
8	Ақшабұлақ ГДҚ	0,55	67%
9	Тарбағатай ГДҚ	0,55	52%
10	Қожасай (GPC) ГҚДҚ	0,43	100%
11	Әлібекмола ГӨЗ	0,43	100%
12	Боранкөл ГПЗ	0,36	10%
13	Сағидолла Нұржанов ГҚДҚ	0,15	100%
14	Қараудық ГҚДҚ	0,13	26%
15	Арыстановское ГДҚ	0,12	44%
16	Шығыс Мақат ГҚДҚ	0,04	100%
17	ЭмирОйл ТГДҚ	0,04	87%
18	Балгинбаев С. ГҚДҚ	0,02	100%
19	Кульжан ГДҚ	0,01	26%
Жалпы қуаты		38,2	74%

3,9 трлн м³ құрайтын елдің алынатын қорлары ондаған жылдарға жеткілікті. Дегенмен, ілеспе газды қайта өңдеу үшін қуат жетіспейтіндіктен, мұнай компаниялары оны қайтадан жер қойнауына айдауға мәжбүр.

2010-2021 жылдары ішкі нарықта газ тұтыну көлемі 106%-ға 9 млрд м³-тен 18,6 млрд м³-ке дейін өсті. Қазақстанда 2024 жылдан бастап газ тапшылығы болжануда. Саладағы ағымдағы ахуал сақталған жағдайда, егер шұғыл шаралар қабылданбаса, Қазақстанның мұнай-газ саласындағы инвестициялар мен жұмыспен қамту 2023 жылдан кейін айтарлықтай қысқарады. Бұл ұлттық оператордың экспорттық кірістері есебінен ішкі нарықты субсидиялау мүмкіндігін болдырмайды және тауарлық газ өндіру көлемін ұлғайту жөнінде шаралар кешенін қабылдауды талап етеді.

QazaqGaz жауапты шаралары

қуаттылығы 1 млрд м³ Қашаған қаласында ГӨЗ құрылысы басталды; ²

Қашаған қаласында 2А кезеңі бойынша ГӨЗ салу жоспарлануда, техникалық көрсеткіштер кен орнының операторымен келісіледі (Норт Каспиан Оперейтинг Компани, НКОК);

НКОК-пен ішкі нарықтың өсіп келе жатқан қажеттілігін жабу үшін СКГ-ның барлық көлемін алу туралы келісім жасасу жоспарлануда. Имашевское трансшекаралық сұйық газ кен орнын геологиялық зерттеу және барлау жөніндегі жобаны іске асыру жүзеге асырылуда;

қолданыстағы газ өңдеу қуаттарын тиеу және жаңғырту бойынша жұмыс жалғасуда (оның ішінде: Чинаревский ГӨЗ, Қожасай ГҚДҚ — 40);

17.06.2022 жылы Санкт-Петербургте жасалған Орынбор ГӨЗ-де Қарашығанақ МГКМ газ өңдеу көлемін ұлғайту бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға жол картасы пысықталуда (ОГӨЗ жүктемесін жылына 9 млрд м³-тен 11 млрд м³-ке дейін ұлғайту);

Қарашығанақ кен орнының шикізат базасында газ өңдеу қуатын дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру үшін шикі газдың бос көлемін алу туралы КПО-мен келісім жасасу жоспарлануда.

² «GPC Investment» ЖШС «Самұрық-Қазына» АҚ-нан «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға 2021 жылғы тамызда 100% ҰҚШ-ға берілді.

18,6 ▲ 106%

МЛРД М³

2021 жылғы ішкі нарықтағы газ тұтыну көлемі

Ішкі нарықта тауарлық газды көтерме сату «QazaqGaz» ҰК АҚ үшін тиімсіз. Бұл шығындар жыл сайын азаятын газ экспортынан түскен табыстармен өтеледі.

Алдағы жылдары ішкі нарықты газбен жабдықтаудың басымдылығын ескере отырып, саланың әлеуметтік жауапкершілігі мен әртарапандырылған дамуын ескеретін әділ баға белгілеу қажет.

Ағымдағы баға белгілеуді реформаламай және мемлекеттік субсидиялау, саланы жеңілдікпен кредиттеу тетіктерін пайдаланбай, тауарлық газ тапшылығы күрт өсетін болады. Ішкі нарықта тауарлық газдың жетіспеу қаупі елді одан әрі газдандыру жоспарларына кері әсерін тигізеді. Газға баға белгілеуді жетілдіру 2025 жылы ЕАЭО-ның жалпы нарығына қосылуды ескере отырып қажет болады, оған сәйкес бағаның көтерілу тәуекелдері бар.

QazaqGaz жауап шаралары

Елдің ішкі нарығында газдың шығынсыз бағасын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық оператордың газдың көтерме бағасына рентабельділік нормасының 10%-ға көздеуге мүмкіндік беретін баға белгілеудің әлеуметтік-әділ реформасы қажет. QazaqGaz ішкі нарыққа газ жеткізу тізбегінде шығынсыз баға белгілеуді қалыптастыру мақсатында мынадай шараларды қабылдады:

халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жаңа санат енгізілді, олар үшін газға жеңілдікті бағалар белгіленді;

газ нарықтық бағамен жеткізілетін ірі өнеркәсіптік тұтынушылар мен кеншілердің жаңа санаттарын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде;

тәуелсіз жер қойнауын пайдаланушыларға тауарлық газға тартымды сатып алу бағасын беру бойынша қадамдар жасалуда.

2. Газ тасымалдау инфрақұрылымының күрделі тозуы

Газды ел ішінде де, шетелде де тасымалдауды дамытуды тежейтін факторлардың бірі инфрақұрылымның қатты тозуы және оның өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі болып табылады. Көптеген газ құбырларының мерзімі 50 жылдан асады, ал орташа тозу деңгейі 70%-дан асады. Газ тасымалдау жүйесінің апаттылығының неғұрлым жоғары көрсеткіштері Атырау (84%), Маңғыстау облыстарында (86%) байқалады, мұнда «Бейнеу — Жаңаөзен», «Жаңаөзен — Ақтау» сияқты газ құбырларының сыни жай-күйі кез келген сәтте елді мекендер мен өндірістік объектілерді газ, су және электрмен жабдықтаудың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ішкі нарықта газға сұраныс артып келеді. Өңірлерді газдандыруды жалғастыру және мұнай-газ химиясының перспективалы жобаларын газбен қамтамасыз ету үшін газ тасымалдау инфрақұрылымының қолданыстағы өткізу қабілеті жеткіліксіз. Мәселені шешу үшін газ тасымалдау жүйесін кешенді жаңғыртудың бірқатар шараларын қарастыру қажет.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, бүгінгі таңда QazaqGaz газ құбырларын жобалау және салу сияқты маңызды процестерге қатыспайтындығына байланысты QazaqGaz әртүрлі деңгейлерде бірнеше рет хабарлаған құрылыс-монтаж жұмыстарын сапасыз

жобалаумен және орындаумен байланысты бірқатар қиындықтар бар. Кейбір жағдайларда бұл жобалық шешімдерді ұтымсыз қабылдау (жоғары/төмен қуат, технологияны, жабдықты дұрыс таңдамау және т. б.), сондай-ақ объектінің әрі қарайғы өмірлік циклі тәуелді болатын атқарушылық-техникалық құжаттаманы тиісінше жасамау. Мұның бәрі болашақта QazaqGaz балансына газ құбырларын қабылдау бойынша проблемалар туғызады және соның салдарынан оларға қызмет көрсету бойынша шығындарды тарифке қосу мүмкінсіздігін туғызады. Қазіргі уақытта ЖАО-ға берілетін объектілердің 736 объектісі (шамамен 60%) ескертулерді жоюды талап етеді.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

QazaqGaz жауап шаралары

2021 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ көмірқышқыл газы шығарылуын уақтылы азайту бойынша жетістіктері үшін ЕҚДБ Алтын сыйлығын алды. Компания ҚР ішкі нарығына газдың негізгі жеткізушісі бола отырып, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Тұрақты даму ЕҚДБ қызметінің негізі болып табылады және құрметті марапаттар жыл сайын өз жұмысында тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмылатын серіктес компанияларға беріледі.

QazaqGaz климаттың өзгеруі мен экологиялық проблемалар біздің заманымыздың басты сын-қатерлерінің бірі екенін түсінеді. Компания энергия тиімділігі жобалары мен жасыл технологияларға инвестицияларды қамтитын көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жоспарын әзірлеуде. Көміртексіздендіру процестері Компанияның IPO-ға шығуы және халықаралық ESG рейтингін алу жолындағы маңызды қадам болып табылады. Компания 2023 жылға қарай көміртексіздендіру стратегиясы мен жол картасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

QazaqGaz қызметкерлер арасында корпоративтік мәдениетті жақсартуды және өңірлерде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруды жалғастыра-

ды. Алдағы бірнеше жылда қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту мүмкіндіктерін кеңейту жоспарлануда, бұл Компанияның еңбек нарығында жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттырады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік QazaqGaz қызметінің негізгі аспектісі болып қала береді. Компания қауіпсіздікті жақсарту үшін цифрлық технологиялар мен автоматтандыруды қолданады.

Бүгінгі таңда QazaqGaz өзі үшін Компанияның бизнес-бейініне, мақсаттары мен миссиясына сәйкес келетін БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 7 басым мақсатты айқындайды. Төменде тұрақты дамудың тиісті мақсаттары мен маңызды тақырыптары бар кесте берілген.

7

БАСЫМ МАҚСАТТЫ

QazaqGaz БҰҰ Тұрақты даму саласында бүгінгі таңда өзі үшін анықтайды



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

Е: Экологиялық аспект



13-ТДМ. Климаттың өзгеруімен және оның салдарларымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау

7-ТДМ. Қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздерінің барлығы үшін жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету

3-ТДМ. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және жаста барлығының амандығына жәрдемдесу

Маңызды тақырып

Шығарындылар

Энергия

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

ТДМ міндеттері

- 13.3 Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту;
13.5 Аз дамыған елдерде және шағын аралдардағы дамушы мемлекеттерде климаттың өзгеруімен байланысты жоспарлау және басқару мүмкіндіктерін күшейту тетіктерін құруға жәрдемдесу, бұл ретте әйелдерге, жастарға сондай-ақ жергілікті және маргиналданған қауымдарға баса назар аудару.

- 7.2 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын көздерден энергия үлесін едәуір арттыру;
7.a 2030 жылға қарай экологиялық таза энергетика саласындағы жаңартылатын энергетиканы, энергиялық тиімділікті арттыру және қазбалы отындарды пайдаланудың неғұрлым таза технологияларын қоса алғандағы зерттеулер мен технологияларға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жандандыру және энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетикаға салынатын инвестицияларды көтермелеу;
7.b 2030 жылға қарай дамушы елдерде, негізінен, ең аз дамыған елдерде, шағын аралдағы дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде, олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту.

Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- жалпы энергия тұтынудағы ЖЭК үлесін ұлғайту; өз қажеттіліктері үшін ЖЭК-тен жылу және электр энергиясын өндіру;
магистральдық газ құбырлары объектілеріндегі катодты қорғаудың тиімсіз станцияларын жаңа буын станцияларында ауыстыру;
өнеркәсіптік алаңның қолданыстағы сыртқы жарықтандыру шамдарын компрессорлық станциялардағы энергияны үнемдейтін жарықдиодты аналогтармен ауыстыру.

- 3.12 Ең нашар дамыған елдерде, әсіресе шағын аралдық дамушы елдерде денсаулық сақтауды қаржыландыруды және медицина қызметкерлерін жинау, дамыту, мамандыққа даярлау және қызметте ұстау көрсеткішін анағұрлым көбейту;
3.13 Алғашқы ескерту, қауіптерді төмендету және денсаулық үшін ұлттық және ғаламдық қауіптерді реттеу саласында барлық елдердің, әсіресе дамушы елдердің әлеуетін арттыру.


Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- 0,18 — еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жарақат көрсеткіші (LTIFR);
9 489 адам ЕҚ, ӨҚ және ТЖ бойынша оқудан өтті.

Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- ластаушы заттардың шығарындыларын құрғақ басу жүйесін (SoLoNOx) іске қосу;
Газ айдау агрегаттары және құрғақ шығарындыларды басу жүйесі бар «Үстірт» компрессорлық станциясының «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ-ны пайдалануды іске қосу;
атмосфераға шығару деңгейі төмен жану жүйесі бар агрегаттарды орнату;
еншілес ұйымдардың ГТС және КС объектілерінде шамдарды энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыра отырып, ішкі және сыртқы жарықтандыру жүйелерін жөндеу;
еншілес ұйымдардың әкімшілік және өндірістік ғимараттарында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қазандық агрегаттарының жұмыс режимдерін реттеу.

С: Әлеуметтік аспект



9-ТДМ. Берік инфрақұрылым құру, ауқымды және тұрақты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу

5-ТДМ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

11-ТДМ. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету

Инновация және ғылым

Жұмыспен қамту, Кемсітушілікке жол бермеу

Жергілікті қауымдастықтар

- 9.1 Экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында барлығына бірдей қымбат емес және тең құқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге айрықша назар аударып отырып, өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылыммен бірге сапалы, сенімді, орнықты әрі берік инфрақұрылымды дамыту;
9.4 2030 жылға қарай жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен инфрақұрылымды жетілдіру және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мен таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процесс неғұрлым кең пайдалану есебінен кәсіпорындарды орнықты етіп қайта жабдықтау;
9.5 Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде, оның ішінде 2030 жылға дейін инновациялық қызметті ынталандыру және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласында (F3TKЖ) 1 миллион адамға есептегенде жұмыскерлер санын, сондай-ақ F3TKЖ-ға мемлекеттік және жеке шығыстарды едәуір арттыру арқылы ғылыми зерттеулерді жандандыру, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін өсіру.

Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- Газ құбырлары объектілері бойынша талдамалық геоақпараттық жүйені енгізу;
газдандыру жобалары аясында 22 мыңнан астам тұрғын және әлеуметтік сала мен кәсіпкерліктің 250-ге жуық нысаны табиғи газға қосылды.

- 5.1 Әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жаппай жою;
5.5 Әйелдердің жан жақты және шынайы қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдегі шешім қабылдаудың барлық деңгейіндегі көшбасшылық үшін бірдей мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз ету.

Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- Қызметкерлер арасындағы әйелдер үлесі — 17%;
2021 жылы кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

G: Корпоративтік басқару аспектісі



8-ТДМ. Барлығы үшін алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмысбастылыққа және лайықты жұмысқа жәрдемдесу

Маңызды тақырып

Жұмыспен қамту, Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық

ТДМ міндеттері

- 8.5 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлерді, соның ішінде жастар мен мүгедектерді де толық және өнімді кәсіппен және лайықты жұмыспен және теңдей бағалы еңбек үшін бірдей жалақымен қамтамасыз ету;
8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және еңбек-мигранттарын, әсіресе әйел-мигранттарды және тұрақты кәсібі жоқ адамдарды қосқандағы барлық еңбек етушілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Мақсаттар, жобалар және нәтижелер

- әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (Samruk Research services платформасы аясында) — 83%;
тұрақтамау коэффициенті — 4%;
Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережені әзірлеу және бекіту.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 102-21, GRI 102-40, GRI 102-42, GRI 102-43

Мүдделі тараптармен ашық, сапалы және ұзақ мерзімді өзара іс-қимыл Компанияның тұрақты дамуының негізі болып табылады. Мүдделі тараптардың үміттері мен мүдделері QazaqGaz мақсаттарын, құндылықтары мен стратегияларын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Компания өзінің оң имиджі мен іскерлік беделін қалыптастыру, сондай-ақ стейкхолдерлерді өз қызметі туралы хабардар ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді.

Мүдделі тараптардың түйінді топтары олардың Компанияның ағымдағы қызметіне және стратегиялық дамуына әсерін бағалау негізінде, сондай-ақ олармен өзара іс-қимылдың қалыптасқан практикасына сәйкес айқындалады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қалауларын құрметтеу және ескеру;
- мүдделі тараптарды уақтылы және тұрақты хабардар ету;
- қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТІЗІМІ



Акционер

Өзара әрекет ету механизмдері

- Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- корпоратившілік коммуникация арналары.

Компанияның әрекеттері

- Компанияның қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық қамтамасыз ету;
- ЕТҰ жалғыз акционері мен акционерлерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.



Еншілес ұйымдар

Өзара әрекет ету механизмдері

- Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері;
- Компанияның есеп беруі;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою;
- компанияның бұйрықтары мен өкімдері;
- Компания веб-сайты.

Компанияның әрекеттері

- QazaqGaz және ЕТҰ-ның тұрақты қаржылық дамуын, табыстылығын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- ЕТҰ жалғыз акционері мен акционерлерінің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- Компания мен ЕТҰ-ның жалғыз акционері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлестіру, олардың арасында және аталған топтар ішінде жанжалдардың туындауының алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылдау;
- QazaqGaz және ЕТҰ-ның тиімді стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.



Қатысу аймақтарындағы халық

Өзара әрекет ету механизмдері

- кері байланыс арналары;
- баспасөз конференциясы;
- қоғамдық тыңдаулар;
- Компанияның есеп беруі;
- веб-сайт, әлеуметтік желілер.

Компанияның әрекеттері

- халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау;
- компания үшін экономиканың басым салаларында жобаларды дамыту, әлеуметтік, мәдени және білім беру салаларында маңызды қайырымдылық жобаларын іске асыру;
- қоғамдық маңызы бар іс-шараларға қатысу;
- Басқарманың Қазақстан экономикасын дамытуға арналған конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысуы;
- кері байланыс тетіктерінің жұмысын қамтамасыз ету.



Жеткізушілер мен мердігерлер

Өзара әрекет ету механизмдері

- кездесулер өткізу;
- іскерлік хат-хабарлар;
- шарттар мен келісімдерге қол қою;
- Компания веб-сайты;
- Компанияның есеп беруі.

Компанияның әрекеттері

- ашықтық, адалдық қағидаттарын сақтау;
- өзара тиімділік мүдделерін сақтау, қабылданған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну;
- шарттық қатынастардың барлық шарттарын сақтау;
- Іскерлік әдеп кодексіне және корпоративтік басқару кодексіне сәйкес қарым-қатынастарда құрмет пен адалдықты көрсету.



БАҚ

Өзара әрекет ету механизмдері

- Компанияның сайтында және БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды жариялау;
- баспасөз конференцияларын, баспасөз турларын, форумдарды және басқа да медиа іс-шараларды өткізу.

Компанияның әрекеттері

- баспасөз конференцияларын, сұхбаттарды, кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;
- өндірістік объектілерге бару;
- баспасөз хабарламаларын шығару;
- корпоративтік іс-шараларды өткізу;
- QazaqGaz және оның ЕТҰ интернет-сайттарында ақпаратты орналастыру.



Мемлекеттік органдар

Өзара әрекет ету механизмдері

- Компанияның есеп беруі;
- ҚР заңнамасының сақталуын тексеру;
- жиналыстар, келіссөздер, кездесулер өткізу;
- электрондық пошта арқылы тікелей өзара әрекеттесу.

Компанияның әрекеттері

- әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер жасасу;
- салықтарды төлеу және салық ақпаратын ашу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету.



Қызметкерлер

Өзара әрекет ету механизмдері

- кері байланыс арналары;
- жиналыстар және басшылықпен жеке кездесулер;
- қызметкерлердің тиімділігін бағалау;
- Компанияның есеп беруі.

Компанияның әрекеттері

- қолайлы жұмыс жағдайларын жасау;
- оқыту мен білім беру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін бағалау;
- қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсуі;
- жұмыс ұжымдарымен басшылықтың жыл сайынғы және тоқсан сайынғы кеңестерін өткізу;
- Компания қызметінде жүргізілетін әлеуметтік саясат және әлеуметтік жауапкершілік туралы мәліметтерді жариялау;
- кері байланыс тетіктерінің жұмысын қамтамасыз ету.



Серіктестер

Өзара әрекет ету механизмдері

- жиналыстар, келіссөздер, іскерлік хат-хабарлар;
- Компанияның есеп беруі;
- Компания веб-сайты.

Компанияның әрекеттері

- іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау;
- тәуекелдерді басқару.



Кәсіподақтар

Өзара әрекет ету механизмдері

- Компанияның есеп беруі;
- қоғамдық тыңдаулар;
- ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерге қол қою.

Компанияның әрекеттері

- еңбекті қорғау және қызметкерлерді басқару саласындағы нормаларды сақтау;
- шарттар мен келісімдердің талаптарын сақтау.



Клиенттер

Өзара әрекет ету механизмдері

- кері байланыс жүйесі;
- кездесулер мен келіссөздер;
- Компанияның есеп беруі;
- шарттар мен келісімдерге қол қою.

Компанияның әрекеттері

- шарттар мен келісімдердің талаптарын сақтау;
- іскерлік әдеп кодексі.



Қауымдастықтар мен бірлестіктер

Өзара әрекет ету механизмдері

- ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерге қол қою;
- Компанияның есеп беруі;
- кездесулер;
- іс-шараларға қатысу.

Компанияның әрекеттері

- Компанияның елдің салалық бизнесін жетілдіруге қатысуы;
- Компанияның заңнамалық бастамаларын ілгерілетуге ықпал ету.



ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАРТТАРДЫ ҰСТАНУ

GRI 102-13

Халықаралық және Ұлттық қауымдастықтарға мүшелік бірлескен мақсаттарға барынша жылдам және тиімді қол жеткізу үшін ортақ мақсаттар мен мүдделер негізінде күш-жігерді біріктіруге ықпал ететін Компания қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда ашықтық, конструктивтілік және жауапкершілік QazaqGaz экономикалық құнын құрудың, сондай-ақ тұрақты дамудың негізгі қағидаттарын ілгерілетудің негізінде жатыр.

QAZAQGAZ ЖӘНЕ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН БІРЛЕСТІКТЕРГЕ МҮШЕЛІГІ

Ұйымдар	Қауымдастық/Бірлестік
<ul style="list-style-type: none"> → «QazaqGaz ҰК» АҚ → «Интергаз Орталық Азия» АҚ → «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ → «КазРосГаз» ЖШС → «Азиялық газ құбыры» ЖШС 	«KAZENERGY» ЗТБ — Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика кешендерінің тұрақты дамуына ықпал ететін мұнай-газ және энергетика кешенінің, оның ішінде өндіруші және көлік, сервистік және геофизикалық, уран және басқа да трансұлттық компаниялардың заңды тұлғаларының коммерциялық емес бірлестігі.
<ul style="list-style-type: none"> → «QazaqGaz ҰК» АҚ → «Интергаз Орталық Азия» АҚ → «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ → «КазРосГаз» ЖШС → «Азиялық газ құбыры» ЖШС → «Бейнеу-Шымкент» га құбыры» ЖШС → «Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС → «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС 	«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөз күшін күшейту үшін құрылған коммерциялық емес ұйым.
<ul style="list-style-type: none"> → «Интергаз Орталық Азия» АҚ → «КазРосГаз» ЖШС 	«Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ — салықтарды ерікті және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, олардың білім деңгейін арттыру мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым.



Ұйымдар	Қауымдастық/Бірлестік
→ «Интергаз Орталық Азия» АҚ	«KazWeld» қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы — дәнекерлеу өндірісінің мамандарын жұмысшылардан бастап инженерлерге дейін даярлау және оқыту үшін халықаралық дәнекерлеу институтының (IIW) бағдарламасы бойынша оқу орталықтарын аккредиттеу жөніндегі Қазақстандық уәкілетті Орган.
→ «Интергаз Орталық Азия» АҚ	«Қазақстан Республикасының инженер-энергетиктер одағы» — энергетика саласындағы қазақстандық ғылыми, жобалау және оқу институттарының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергетикалық қызметтерінің, өнеркәсіптік кәсіпорындарды энергиямен қамтамасыз ету, энергетикалық қызметтер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, Қазақстанда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге арналған энергетикалық жабдық өндірушілердің бірлестігі.
→ «Интергаз Орталық Азия» АҚ	«IRIS» Ұлттық бизнес қауымдастығы — кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыру, мемлекеттік билік пен басқару органдарының кәсіпкерлікті дамытуға мүдделілігін арттыру, қауымдастықтың барлық мүшелерінің өз мүдделерін еркін білдіруіне және қорғауына мүмкіндік беру және т. б. мақсатында Қазақстан Республикасының іскер топтарының өкілдерін біріктіретін коммерциялық емес ұйым.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Компания елорда әкімдігімен бірлесіп, Интернациональный, Мичурино және Күйгенжар тұрғын алаптарын табиғи газға қосты. Газ құбырларының жалпы ұзындығы

101 км

құрайды, олардың жұмысын тиісті газ инфрақұрылымы қамтамасыз етеді.



Маңызды тақырыптар

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Кемсітушілікке жол бермеу
- Оқыту және білім беру

GRI, SASB көрсеткіштері

GRI 102-17, GRI 102-18, GRI 102-19, GRI 102-20, GRI 102-22, GRI 102-24, GRI 102-26, GRI 102-34, GRI 102-36, GRI 205-1, GRI 205-2, GRI 205-3

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Ішкі аудит қызметі мен комплаенс қызметінің функцияларын енгізуге дайындық

QazaqGaz Қазақстан Республикасының басты газ операторы бола отырып, корпоративтік басқару және тұрақты даму, сондай-ақ Компанияның қаржылық тұрақтылығын нығайту қағидаттарын ұстанудың маңыздылығын түсінеді. Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру QazaqGaz қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.



Корпоративтік басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттар:

- Компания Жарғысы;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Басқарма туралы ереже;
- Директорлар кеңесі туралы ереже;
- Аудит жөніндегі комитет туралы ереже;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереже;
- Стратегия комитеті туралы ереже;
- Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясат.

Есепті жылы Компанияда акционер өзгерді: 2021 жылғы 9 қарашада «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға тиесілі Компания акцияларының 100% пакетін «Самұрық — Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі — Қор) пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле өтті.

2015 жылы Жалғыз акционердің шешімімен Қордың Корпоративтік басқару кодексі бекітілді. Кодекс

QazaqGaz қызметіне қолданылады. Кодекстің мақсаты Қорда және Қорға тиесілі ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, қор мен ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады. Компания кодексте көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуын қатаң қадағалайды. Есепті кезеңде елеулі бұзушылықтар анықталған жоқ.

БҰҰ-ның ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі




КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-18

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ АЯҚТАЛҒАННАН KEЙІН ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР

Жоғары басқару органы QazaqGaz — «Самұрық-Қазына «ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады, оның функциялары компанияның жарғысында айқындалған.

Директорлар кеңесі компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайды.





1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

GRI 102-22

Директорлар кеңесі QazaqGaz қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауап береді және шешім қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің маңызды функциялары басқа да маңызды мәселелермен қатар QazaqGaz қызметінің басым бағыттарын айқындау және ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау болып табылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЫНАДАЙ ҚАҒИДАТТАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ:



кәсіпқойлық



парасаттылық



сақтық



адалдық



тиімділік




объективтілік




жауапкершілік

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ, %



● Директорлар кеңесінің тәуелді мүшелері
● Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МАМАНДАНЫУЫ, %



● Экономика және қаржы
● Құқық
● Саясаттану
● Инженерлік іс

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

Джаксыбеков Адильбек Рыскельдинович *

Директорлар кеңесінің төрағасы

Мамандығы: Экономика
Туған күні: 26.07.1954 (68 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Шарипбаев Кайрат Каматаевич *

Басқарма төрағасы

Мамандығы: Экономика, маркетинг, коммерция, агрономия
Туған күні: 16.08.1963 (59 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Нургазиев Айрат Айттанович *

Тәуелсіз директор

Мамандығы: Инженерлік іс
Туған күні: 13.01.1958 (64 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Сәулебай Мәлік Оралұлы *

Жалғыз акционер өкілі

Мамандығы: Экономика, құқық, іскерлік әкімшілік
Туған күні: 07.05.1975 (47 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Жаманбалин Серик Жардемович *

Тәуелсіз директор

Мамандығы: Құқық, қаржы
Туған күні: 24.06.1983 (39 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



Директорлар кеңесінің құрамы 2022 жылдың басында өзгертілді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өзекті тізімі компанияның ресми сайтында сілтеме бойынша қолжетімді: <https://qazaqgaz.kz/directors>

Директорлар кеңесінің жаңа құрамы ESG-күн тәртібіндегі экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару мәселелеріне назар аударуды жоспарлап отыр.

* 2022 жылғы ақпанда Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР



Директорлар кеңесінің төрағасы



Тәуелсіз директор

50%

КЕМІНДЕ

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің үлесі

1

АДАМ

ДҚ құрамындағы әйелдер саны

≥ 6

АДАМ

Компания ДҚ-ның құрамы

1

АДАМ

Басшылық өкілі

2

АДАМ

Тәуелсіз директорлар



Іріктеу және тағайындау

Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы Компанияның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады (тағайындалады). Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлардан басқа, Компанияның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар арасынан сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

- сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған;
- бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір

жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адам тағайындалмайды. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстары

10

БЕТПЕ-БЕТ ОТЫРЫСЫ

есепті жылы Компанияның ДҚ өткізілді

127

МӘСЕЛЕЛЕР

қаралды

60

МӘСЕЛЕЛЕР

Компанияның қызметіне қаралды

67

МӘСЕЛЕЛЕР

ЕТҰ қызметіне қатысты

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Отырыстарға қатысу
Джаксыбеков А.Р.	10/10
Шарипбаев К. К.	10/10
Сәулебай М.О.	9/10
Нургазиев А.А.	10/10
Жаманбалин С.Ж.	10/10

Компания қызметіне қатысты отырыстарда қаралған негізгі мәселелер:

- жылдық қаржылық есептілікті және басқа есептерді алдын ала бекіту;
- кадрлық мәселелер;
- бизнес-жоспарды және оған түзетулерді бекіту;
- Компанияның стратегиялық картасының ПӘК-ін және басшы және басқарушы қызметкерлердің мотивациялық корпоративтік және жеке ПӘК-ін бекіту;

- QazaqGaz ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу;
- қаржы мәселелері;
- жасауға мүдделі мәмілелерді бекіту;
- өзге мәселелер.

ЕТҰ-НЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ОТЫРЫСТАРДА ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР



Компанияның Директорлар кеңесінің комитеттері

Комитеттер Директорлар кеңесіне есеп береді. Олардың өкілеттіктері тиісті Комитеттер туралы ережелермен реттеледі.

Аудит жөніндегі комитет	Стратегия комитеті	Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет
Комитет құрамы → Жаманбалин Серик Жардемович; → Нургазиев Айрат Айттанович.	→ Нургазиев Айрат Айттанович; → Шарипбаев Кайрат Каматаевич; → Жаманбалин Серик Жардемович.	→ Нургазиев Айрат Айттанович; → Шарипбаев Кайрат Каматаевич; → Жаманбалин Серик Жардемович.
Мақсаттары Комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.	Комитет қызметінің негізгі мақсаты стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындау және Компания қызметінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаларға негізгі бағдарларын белгілеу кезінде Директорлар кеңесіне жәрдемдесу болып табылады.	Комитет тағайындауды және тағайындауды келісуді ДҚ жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына және Компаниядағы өзге де лауазымдарға білікті мамандарды тарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылды.
12 отырыс өткізіліп 60 мәселе қаралды	7 отырыс өткізіліп 38 мәселе қаралды	8 отырыс өткізіліп 25 мәселе қаралды

2022 жылы «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ ТУРАЛЫ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТӨМЕНДЕГІЛЕРДІ ҚАМТИДЫ:

1.

Аудит жөніндегі комитеттің жұмысы мен құзыретін күшейту: ішкі аудит қызметі мен комплаенс қызметінің функцияларын енгізу (2022 жылдың басында іске асырылды).

2.

Еншілес және тәуелді кәсіпорындардың басқару органдарына ұсынылатын кандидатураларды тағайындау және сыйақылар бойынша Комитеттің алдын ала қарау тәжірибесін енгізу.

3.

Жалғыз акционердің ұсынымдарына сәйкес Стратегия комитетінің инвестициялық жобаларды егжей-тегжейлі қарауы.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

БАСҚАРМА

GRI 102-19, GRI 102-20

Компания басқармасының негізгі міндеті — Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде, Компанияның ішкі құжаттарында және Басқарма туралы Ережеде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылатын ағымдағы қызметті басқару. Басқарма қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, сондай-ақ Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне есеп беру қағидаты негізінде құрылады.

Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру және Компанияның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жауапты болады.

Басқарма жанындағы комитеттер

Тәуекелдер жөніндегі комитет	Бюджеттік жоспарлау комитеті	Инвестициялық жобалар жөніндегі комитет
Комитет құрамы		
<ul style="list-style-type: none"> → Хван Валентин Борисович; → Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы; → Абайылданов Бекзат Калышпекович; → Абдуллин Руслан Сабитович; → Несонов Евгений Григорьевич; → Будник Михаил Михайлович. 	<ul style="list-style-type: none"> → Серді Ибулла Жұмағұлы; → Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы; → Сулейманов Рустам Эдуардович; → Абайылданов Бекзат Калышпекович; → Хван Валентин Борисович; → Майтиев Азамат Бақдаулетович; → Рашитова Шолпан Суюндыковна; → Круз Давид Омарович; → Сүйіндіков Руслан Облысұлы; → Бекмұхамбетова Айжанна Әнуарқызы; → Несонов Евгений Григорьевич; → Аллаярбек Жанар Аллаярбекқызы; → Жалдаев Нұрғали Қуанұлы; → Абдибеков Тимур Нурмұхамбетович; → Мұсаев Дәулет Жұмабайұлы; → Марекос Арлен Сабитович. 	<ul style="list-style-type: none"> → Серді Ибулла Жұмағұлы; → Сулейманов Рустам Эдуардович; → Хван Валентин Борисович; → Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы; → Абайылданов Бекзат Калышпекович; → Майтиев Азамат Бақдаулетович; → Несонов Евгений Григорьевич; → Сүйіндіков Руслан Облысұлы; → Кусайнов Жанболат Утегенович; → Марекос Арлен Сабитұлы; → Круз Давид Омарович; → Аллаярбек Жанар Аллаярбекқызы; → Бекмұхамбетова Айжанна Әнуарқызы; → Жалдаев Нұрғали Қуанұлы; → Саткалиев Андас Майданович; → Казиев Нұн Мударисович; → Мұсаев Дәулет Жұмабайұлы.
Мақсаттары		
Комитеттің мақсаты QazaqGaz компаниялар тобының ТДСК-ның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде Компания Басқармасына жәрдемдесу, QazaqGaz компаниялар тобының стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді басқару саласындағы мәселелерді жедел және тереңдетіп қарау болып табылады.	Комитет компанияның бизнес-жоспарлау және стратегиялық даму процестерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша қарастыру, келісу және шешімдер қабылдау мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші орган болып табылады.	Комитеттің мақсаты QazaqGaz және оның ЕТҰ-ның инвестициялары мен активтерін тиімді басқару болып табылады.
6 отырыс өткізіліп	7 мәселе қаралды	7 отырыс өткізіліп
		7 мәселе қаралды

Басқарма құрамы

Шарипбаев Кайрат Каматаевич *

Басқарма төрағасы

Тағайындау күні: 5 қазан 2020 жыл
Туған күні: 16.08.1963 (59 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Серді Ибулла Жұмағұлы *

Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

Тағайындау күні: 5 қараша 2020 жыл
Туған күні: 31.01.1976 (46 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Абайылданов Бекзат Калышпекович *

Басқарма төрағасының Геологиялық барлау және өндіру жөніндегі орынбасары

Тағайындау күні: 6 наурыз 2020 жыл
Туған күні: 16.08.1976 (46 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы *

Басқарма төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Тағайындау күні: 6 желтоқсан 2018 жыл
Туған күні: 13.06.1993 (29 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Сулейманов Рустам Эдуардович *

Басқарма төрағасының Қайта өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары

Тағайындау күні: 11 желтоқсан 2015 жыл
Туған күні: 04.03.1973 (49 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Хван Валентин Борисович *

Басқарма төрағасының Көлік және техникалық саясат жөніндегі орынбасары

Тағайындау күні: 5 желтоқсан 2020 жыл
Туған күні: 12.08.1980 (42 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Майтиев Азамат Бақдаулетович *

Аппарат жетекшісі

Тағайындау күні: 1 маусым 2021 жыл
Туған күні: 21.10.1980 (42 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Абдуллин Руслан Сабитович *

Заң департаментінің директоры

Тағайындау күні: 15 желтоқсан 2021 жыл
Туған күні: 16.09.1977 (45 жас)
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

* Басқарма құрамынан 2022 жылғы ақпанда шығарылды





Басқарма құрамы 2022 жылдың басында өзгертілді. Жаңа құрам Компанияның ресми сайтында сілтеме бойынша қолжетімді: <https://qazaqgaz.kz/governing>



QAZAQGAZ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ МЕН ҚАБЫЛДАНҒАН КОРПОРАТИВТІК ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

ЖАСАУҒА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ШАРТТАР БЕЛГІЛЕНГЕН МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР



- «QazaqGaz» ҰК» АҚ қызметіне қатысты мәселелер
- ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер

- QazaqGaz Директорлар кеңесіне алдын ала мақұлданған және шығарылған мәмілелер
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидалары шеңберінде бекітілген, оларды жасауға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» заңда ерекше жағдайлар белгіленген

43

ОТЫРЫСТАР (КҮНДІЗГІ)

Басқармада 2021 жылдың 12 айында өткізілді

100%

Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысу көрсеткіші есепті жылы



СЫЙАҚЫ

GRI 102-36

QazaqGaz Директорлар кеңесі мен Басқарманың әрбір мүшесінің Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан жеке үлесіне сүйене отырып, басшылықтың жұмысын талдауға және қызметін бағалауға көп көңіл бөледі.

377 262

МЫҢ ТЕҢГЕ

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2021 жылға арналған сыйақылардың жиынтық төлемдері

Компания Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің пайдасына 2021 жылы жүргізген сыйақы төлемдерінің жиынтық мөлшері, жалақыны және ақшалай нысандағы көтермелеудің барлық түрлерін қоса алғанда, 377 262 мың теңгені, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне 53 513 мың теңгені құрады.

Корпоративтік басқару саласындағы 2022 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

53 513

МЫҢ ТЕҢГЕ

Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақылар

Басқару саласындағы жоспарлар

- Директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың үлесін 50%-ға дейін ұлғайту;
- ESG мәселелерін қамту үшін Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің құзыреттерін қайта қарау;
- ДК құрамындағы әйелдер санын 1 адамға жеткізу;
- тәуелсіз директорды ДК төрағасы лауазымына тағайындау;
- ұлттық компания мәртебесін беруді ескере отырып QazaqGaz Жарғысын өзектендіру;
- Компанияның Директорлар кеңесінің құрамын кемінде алты адамға дейін ұлғайту;
- ЕТҰ басқармаларының құзыреттерін кеңейту.

Ақпаратты ашу саласындағы жоспарлар

- Компанияның қаржылық емес есептілігіне арналған деректердің дұрыстығын тиімді жинау және ішкі бақылауды қамтамасыз ету;
- қаржылық және салықтық есептілікте уақтылы көрсету үшін шарттар мен бастапқы құжаттамаға қол қою процесін оңтайландыру;
- сайт мазмұнын кеңейту;
- Компанияның ақпараттық саясатын күшейту.

Ұйымдық құрылым саласындағы жоспарлар

- тұрақты дамудың үш бағытының әрқайсысы бойынша мамандарды қамтитын ESG бойынша құрылымдық бөлімше құру;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті (HSE) қызметкерлерінің құрамына әртүрлі бағыттар бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандарды қосу;
- шоғырландырылған және жеке есеп жүйесін сүйемелдеу бойынша білікті IT мамандарды тарту;
- халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша жұмысты қамтамасыз ету үшін жеке құрылымдық бөлімше бөлу/инвестициялық жобалар жөніндегі департаменттің функционалдық міндеттерін кеңейту;
- IPO-ға дайындық бойынша қызмет құру;
- инвестициялық блок (бөлім) құру;
- күрделі құрылымдық департаментін құру;
- ішкі бақылау департаменті жеке құрылымдық бөлімшеге бөлу;
- ішкі аудит қызметінің тиімді жұмысын ұйымдастыру.





ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

2022 жылғы мамырдан бастап Компанияда Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын тәуелсіз Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі — ІАҚ) жұмыс істейді. Ішкі аудит қызметі жетекшілік етуді Аудит жөніндегі комитет жүзеге асыратын компанияда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.



Ішкі аудит саласындағы негізгі құжаттар:


- Ішкі бақылау жүйесінің ережелері;
- Ішкі бақылау жүйесінің саясаты;
- Аудит жөніндегі комитет туралы ереже;
- Ішкі аудит қызметі туралы ереже.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Компания мен оның ЕТҰ үшін қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдауды аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі Бірыңғай комиссия жүзеге асырады. Компания «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымымен қаржылық есептілік аудиті бойынша шарт жасасты.

Аудиторлық қызметтерден басқа, «Эрнст энд Янг» ЖШС ұйымы басқа қызметтерді көрсеткен жоқ. Тәуелсіздікті сақтау мақсатында аудитті жүргізу кезінде бір ұйым қатарынан бес жыл ішінде сыртқы аудиторды ауыстырады.

СЫРТҚЫ АУДИТОРДЫҢ СЫЯҚЫ МӨЛШЕРІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ТӨМЕНДЕ КЕЛТІРІЛГЕН, теңге





КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

GRI 102-16, GRI -102-17

QazaqGaz қызметінің негізінде іскерлік этика қағидаттарын ұстану, адам құқықтарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жатыр, бұл мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынас үшін қажетті шарт болып табылады.



Компанияның корпоративтік әдеп саласындағы негізгі құжаттары:

- Компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделері қайшылығын реттеу саясаты;
- Бастамашылық ақпараттандыру қағидалары;
- Компанияның контрагенттерінің сенімділігін тексеру ережелері;
- Іскерлік әдеп кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Комплаенс қызметі туралы ереже.

Компанияның Іскерлік әдеп кодексі бизнесті жүргізу мен іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді. Құжат Компанияның барлық қызметкерлерін басшылыққа алатын корпоративтік әдеттің мінез-құлық және талаптар кодексі болып табылады. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына, сондай-ақ іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған

әлемдік нормалары мен практикаларына сәйкес әзірленді. Кодекстің негізінде Компанияның мүдделі тараптарымен және контрагенттерімен қарым-қатынас кезінде мінез-құлықтың маңызды принциптері мен стандарттарын анықтайтын Компанияның корпоративтік құндылықтары жатыр. Кодекс корпоративтік мәдениетті дамытуға және QazaqGaz нарықтың ашық және адал қатысушысы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған.

Кодекс негізінде QazaqGaz қағидаттары:

- жауапкершілік;
- ашықтық;
- айқындық;
- этикалық мінез-құлық;
- құрмет;
- заңдылық;
- кәсіпқойлық;
- әділдік;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- мүдделер қайшылығына жол бермеу;
- экологиялық жауапкершілік;
- қауіпсіздік.

Омбудсмен

Омбудсмен институты Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Компания Басқармасы жүзеге асыратын бастамалар, іс-шаралар мен іс-әрекеттер шеңберінде құрылды:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен барлық қызметкерлерінің Кодекс ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

→ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды күшейту.

Омбудсменнің негізгі функциялары лауазымды адамдар мен қызметкерлерге Кодекстің ережелері бойынша консультациялар беру, Кодекстің

ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауды бастау және оларды реттеуге қатысу болып табылады. Омбудсменнің өкілеттігін тағайындауды және мерзімінен бұрын тоқтатуды Компанияның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Комплаенс қызметі

Компанияның Комплаенс қызметі 2022 жылы іске қосылды және Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдық бөлімше болып табылады. Тұрақты түрде Компанияның барлық қызметкерлеріне Комплаенс қызметінің қызметі туралы ақпараттық тарату жүзеге асырылады.

Компанияның Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері:

- сыртқы реттеу талаптарын анықтау;
- комплаенс-тәуекелдерді бағалауды жүргізу;
- комплаенс саласындағы ішкі саясаттарды, регламенттер мен рәсімдерді әзірлеу;

→ коммуникация және комплаенс саясатын енгізу;

- комплаенс бағыттарды қадағалау және бақылау;
- комплаенс шеңберінде ықтимал бұзушылықтарға тергеу жүргізу, түзету шараларын әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету.

Корпоративтік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында оқыту

GRI 205-2

>200

ҚЫЗМЕТКЕР

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл регламенттерін білуге арналған онлайн-тестілеуден өтті

Компанияда комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша үнемі оқыту жүргізіледі. Комплаенс қызметі конференциялар, вебинарлар, презентациялар, тренингтер өткізеді. 2021 жылы комплаенс-мәдениетті арттыру мақсатында Компанияның сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа, мүдделер қайшылығына және т. б. қарсы іс-қимыл регламенттерін білуге онлайн тестілеу өткізілді, оған 200-ден астам қызметкер қатысты.

Сонымен қатар, есепті жылы басқарушы органдарды қоса алғанда, Компания қызметкерлеріне арналған бірқатар комплаенс-тренингтер өткізілді.

2021 ЖЫЛҒЫ КОМПАЕНС-ТРЕНИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқытылатын қызметкерлер	Бағдарлама (тақырыбы)
Компания қызметкерлері	Компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы мүдделер қайшылықтарын реттеу саясаты
Компания және ЕТҰ қызметкерлері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
Компания және ЕТҰ қызметкерлері	Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну мәселелері
Компания және ЕТҰ қызметкерлері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
Компания және ЕТҰ қызметкерлері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау
Компанияның, ЕТҰ-ның Комплаенс қызметінің қызметкерлері және ЕТҰ-дағы комплаенс функциялары жүктелген тұлғалар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Компанияның іскерлік сыйлықтар беру туралы ішкі құжаттарының талаптары
ЕТҰ-ның Комплаенс қызметінің қызметкерлері	Комплаенс қызметі: құру, негізгі мақсаттары, міндеттері, функционалдары
Компания және ЕТҰ-ның Комплаенс қызметтерінің қызметкерлері	Экономикалық қауіпсіздік
Компанияның және ЕТҰ-ның лауазымды тұлғалары, Компания басшылары, Компания департаменттерінің басшылары және ЕТҰ-да басқару функцияларын орындайтын тұлғалар	Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей декларациялау, Қазақстанның салық тетігіне енгізу ерекшеліктері
Компанияда және ЕТҰ-да басқару функцияларын орындайтын тұлғалар, Компания департаменттерінің басшылары	Квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын орындайтын тұлғалардың жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларациялар беруі
Басқару функцияларын орындайтын тұлғалар және лауазымды тұлғалар	Квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттері
Басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалар, Департамент қызметкерлері	Клиенттердің сенімділігін тексеру жөніндегі сұрақтар
Компанияда және ЕТҰ-да басқару функцияларын орындайтын тұлғалар, Департамент басшылары	Кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына жататын лауазымдарға жаңадан қабылданатын қызметкерлер немесе кандидаттар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына жататын лауазымдарға жаңадан қабылданатын қызметкерлер немесе кандидаттар үшін нұсқаулық немесе бейімдеу тренингтерін өткізу



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОР- ЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 205-1, GRI 205-2, GRI 205-3

Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық қол жетімді шараларды қабылдайды. QazaqGaz сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін жағдайларды азайту жөніндегі қызметіне мыналар кіреді:

- шешім қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылануын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- мүдделер қайшылығының алдын алу;
- іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

Комплаенс қызметі Компания мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді. Қызмет Компаниядағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асырады.

Компанияда және оның еншілес ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты бар.

Саясаттың мақсаты — мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстануды қамтамасыз ету, ашық және адал бизнесті жүргізу, іскерлік беделді нығайту, сондай-ақ мүдделі тараптардың компанияға деген сенім деңгейін арттыру.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі қағидаттары:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік;
- жоғары басшылықты ұстану және «жоғары тонды» орнату;
- лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді тарту;
- жазаның бұлтартпастығы;
- саясаттың заңдылығы және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі;
- алдын алу және қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің шамаластығы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі;
- мониторингілеу және бақылау;
- мүдделер қайшылығын болдырмау;
- тиісті сақтық;
- көшбасшылық және үйлестіру.

Бұдан басқа, Компанияда ішкі құжат — QazaqGaz компаниялар тобының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қабылдау жөніндегі жұмыс шеңберінде әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жұмыс істейді.



2021 ЖЫЛЫ QAZAQGAZ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР АРАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН БҰЗУДЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР ҚОЗҒАУДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖАЗАЛАУ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖОҚ.

Контрагенттермен өзара әрекеттесу

Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде контрагенттердің өздерінің іскерлік қарым-қатынастарында адалдық пен шыншылдық қағидаттарының орындалуын қамтамасыз ету, өз беделіне қамқорлық жасау, жоғары этикалық стандарттарға адалдығын көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

жөніндегі өз шараларын іске асыру тәсілдеріне көп көңіл бөлінеді.

QazaqGaz сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардағы тәуекелді азайту үшін орынды күш-жігер жұмсайды. Компания контрагенттердің сенімділігіне, оның

ішінде олардың өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің бар-жоғын талдауға, олардың Компания саясатының талаптарын сақтауға дайындығы, сондай-ақ бизнесті этикалық жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдемдесуді қолдауға үнемі бағалау жүргізеді.

Жедел желі

Компанияда Компанияға және оның ЕТҰ-на қолданылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жедел желісі жұмыс істейді. Сенім телефоны заңнаманың және/немесе Іскерлік әдеп кодексінің болжамды бұзушылықтары, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық жағдайлары, құпия және инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз жария ету туралы хабарлау арнасы болып табылады. Барлық өтініштер электрондық журналда тіркеледі.


Жеке тұлғалардың өтініштерін орындау үшін жауапкершілік олар жіберілген құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі. Өтініштерді қарау нәтижелері туралы орындаушылар авторларға жазбаша нысанда мемлекеттік тілде немесе өтініш тілінде хабарлайды.



Мүдделі тараптар QazaqGaz мекенжайына келесі байланыс арналары арқылы өтініш бере алады:

- «Самұрық-Қазына» АҚ жедел желісі;
- info@qazaqgaz.kz (QazaqGaz корпоративтік электрондық мекенжайы, кеңсе);
- dcb@qazaqgaz.kz (корпоративтік қауіпсіздік департаментінің электрондық мекенжайы);
- postcenter@qazaqgaz.kz (ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаментінің электрондық мекенжайы);
- ombudsmen@qazaqgaz.kz (Омбудсменнің электрондық мекенжайы).

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІГЕ» КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ ТАҚЫРЫБЫ



- Сатып алу
- Сыбайлас жемқорлық
- Еңбек даулары
- Өзге бұзушылықтар
- Алаяқтық, ұрлық, жымқыру
- Белгіленген шаралар мен заңнаманың бұзылуы


14

ХАБАРЛАМА

2021 жылы «Жедел желі» сайты және электрондық пошта арқылы алынды



6. ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ



Ақтөбе облысында Ырғыз ауданының облыс орталығынан шалғайдағы бірнеше ауылды газдандыру жүргізілді, бұл Шенбертал, Құрылыс және Ақши ауылдарының

2 200 астам тұрғынына газға қол жеткізуге мүмкіндік берді.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Компания Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Вознесенка және Достық ауылдарын газдандырды. Жоба аясында

30 шақырымнан астам газ құбыры салынды

Екі елді мекенде жерасты тарату желілерінің ұзындығы шамамен

16 шақырымды құрады



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

104 Маңызды тақырыптар

Трудовые взаимоотношения работников и руководства
 Охрана труда и промышленная безопасность
 Обучение и развитие персонала
 Занятость
 Здоровье и безопасность потребителя
 Разнообразие и равные возможности

→ Недопущение дискриминации
 → Местные сообщества
 → Реагирование на пандемию COVID-19
 → Готовность к чрезвычайным ситуациям
 → Наука и инновации
 → Практики закупок

GRI көрсеткіштері

GRI 102-7, GRI 102-8, GRI 102-9, GRI 102-10, GRI 102-35, GRI 102-36, GRI 102-41, GRI 103-2, GRI 103-3, GRI 202-1, GRI 202-2, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 204-1, GRI 401-1, GRI 401-2, GRI 401-3

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

13701 АДАМ
 саны

4%
 тұрақтамау коэффициенті

247 САФАТ
 бір қызметкерге жылына оқу сағаттарының орташа саны

0,18
 еңбекке қабілеттілігінен айырылған жарақаттану көрсеткіші (LTIFR)

9489 АДАМ
 ЕҚ, ӨҚ және ТЖ бойынша оқудан өтті

90%
 жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі⁵

>22 МЫҢ ТҰРҒЫН
 газдандыру жобалары аясында және әлеуметтік сала мен кәсіпкерліктің

~250 ЖУЫҚ НЫСАНЫ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

105

БҰҰ-ның ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі



GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, GRI 403-10, GRI 404-1, GRI 404-2, GRI 404-3, GRI 405-1, GRI 405-2, GRI 406-1, GRI 407-1, GRI 413-1, GRI 413-2, GRI 419-1

10 041 063 АДАМ-САФАТ
 апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз

23%
 жұмыскерлер нәтижелілік пен мансаптық дамуды мерзімді бағалаудан өтті



⁵ Қазақстан Республикасының орындаушылары.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Компанияда 2021 жылы еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын мерзімді аттестаттау нәтижелері бойынша зиянды және қауіпті әсерлерге байланысты кәсіптер айқындалды, әрбір жұмыс орнында қауіпті және зиянды өндірістік факторлар сәйкестендірілді, оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар әзірленді. Компанияның барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

Есепті кезеңде QazaqGaz компаниялар тобы бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді: құбырларды диагностикалау, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырларды оқшаулауды ауыстыру, қызметкерлерді оқыту және олардың білімін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау.

Сондай-ақ, Компания фонтанға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және объектілерді құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға шарттар бекітті.

2021 жылы өткізілген іс-шаралардың бірі вахталық кенттер үшін өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеу болды және мемлекеттік органдарға тапсыру үшін есептер дайындалды.

2021 ЖЫЛЫ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ БАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДЕ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ БОЛДЫ ЖӘНЕ 100% ҚАМТЫЛДЫ.

QazaqGaz-да жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижесінде 2014 жылдан бастап өндірістік жарақаттануды төмендетудің тұрақты үрдісі қолдау тапты. Осы салада қойылған мақсаттар Компанияның денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы саясатына сәйкес орындалады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу

137

QazaqGaz-да ТЖ дайындығын қамтамасыз ету және оларға ден қою процесі заңнамалық талаптарға және ішкі регламенттеуші құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Негізгілерінің бірі апаттарды жою жоспарлары мен өрттерді сөндіру жоспарлары қызметтің ерекшелігіне сәйкес әрбір жеке ЕТҰ үшін әзірленген, сондай-ақ Компанияның бүкіл тобы үшін жалпы ережелер болып табылады.

КОМПАНИЯДА ТЖ-ҒА ДЕН ҚОЮДЫҢ ҮШ ДЕҢГЕЙЛІ ҚҰРЫЛЫМЫ ЕНГІЗІЛДІ:



6 641
ҚЫЗМЕТКЕР

Компанияда және өткізілетін іс-шараларға ТЖ алдын алу бойынша жұмылдырылды

1 301
ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҚТАРЫ

есепті кезеңде ТЖ жою және 338 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді

2021 жылы бекітілген кестелерге сәйкес оқу-жаттығу сабақтары, кешенді оқу-жаттығулар және төтенше жағдайларда іс-қимылдарды практикалық пысықтау үшін жаттығулар өткізілді. Барлығы Компанияда және өткізілетін іс шараларға ТЖ алдын алу бойынша 6 641 қызметкер жұмылдырылды.

2021 жылы QazaqGaz компаниялар тобының объектілерінде өртке қарсы іс шаралар өткізілді:

- объектілердің ағаш конструкцияларын отқа төзімді өңдеу;
- өрт сөндіргіштерді жөндеу, кәуәландіру және қайта зарядтау;
- қызметкерлерді өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және нұсқау беру;
- автоматты өрт сөндіру және дабыл жүйелерін монтаждау;
- өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу;
- объектілерді өрттен қорғауға шарттар бекітілді.

Компанияда 2021 жылы ықтимал төтенше жағдайлардың әртүрлі сценарийлері пысықталды, бұл апаттарды жою кезіндегі жұмыстардың жеделдігі мен үйлесімділігін арттырды. Есепті кезеңде ТЖ жою бойынша 338 өрт-тактикалық оқу-жаттығу және 1 301 оқу-жаттығу сабақтары өткізілді, «Көктем — 2021», «Қыс-2021» 2 республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына «Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға дайындау» тақырыбы бойынша қатысты нәтижелері бойынша QazaqGaz-дың азаматтық қорғаныс құрамаларының жеке құрамы, тетіктері мен жабдықтары табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезінде міндеттерді орындауға дайын екендігі атап өтілді.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

Мердігерлермен жұмыс

GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-8

ЕҚ, ӨҚ және ТЖ бағыты бойынша мердігерлермен барлық өзара қарым-қатынастар QazaqGaz-қа тарту үшін қажетті мердігерлермен жасалған шарттарға техникалық ерекшеліктерде белгіленеді. 2021 жылы QazaqGaz мердігерлік ұйымдармен шарт жасасуға жүгінбеді және олардың қызметтерін пайдаланбады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес мердігер ұйым QazaqGaz объектілерінде орындалатын жұмыстың тәуекел дәрежесі мен санаттарына байланысты қолданылатын ЕҚ, ӨҚ және ТЖ бойынша жоспар әзірлеуі тиіс.

Қауіпсіз жүргізу

2021 жылы 2 ЖКО болған көлік құралдары мен көлік жүргізуге байланысты тәуекелдерді азайту. Компания өз объектілерінде және одан тыс жерлерде ЖКО-ның алдын алуға және азайтуға қатысты келесі ережелерді ұстанады:

автомобильдерде қауіпсіздік жүйелерінің болуы;

жүргізушілердің мінез-құлқы мен жай-күйін қадағалау, қызметтік автокөлікте пайдалану және болу жөніндегі ережелерді сақтау;

егер оның техникалық жай-күйі көлік құралын пайдалануға тыйым салатын деңгейде болса, автомобильдерді уақтылы жөндеу және автомобильді пайдаланудан бас тарту;

көлік құралын басқаруды көздейтін лауазымға қызметкерлерді мұқият іріктеу.

Оқиғалардың алдын алу

GRI 403-2, GRI 403-7, GRI 403-9, GRI 403-10

Компания барлық ЕТҰ-да болған оқиғалар бойынша статистиканы жүргізеді және талдайды. ЕҚББЖ және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі бойынша басшылық шеңберінде өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу және тергеу бойынша рәсім жүргізіледі. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша LTIFR⁷ уақытша еңбекке жарамсыз жарақат алу коэффициенті 0,18 болды, ал FAR⁸ өлімге әкелетін жарақат алу коэффициенті 4,5 болды.

⁷ Көрсеткішті есептеу формуласы: (жазатайым оқиғалар саны * 1 000 000)/жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны.

⁸ Көрсеткішті есептеу формуласы — (өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар саны * 1 000 000)/жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны.

ИНЦИДЕНТЫ В 2021 ГОДУ

Көрсеткіш	2019	2020	2021
1.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім саны (бірлік)	0	0	1
1.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты өлім-жітім коэффициенті (%)	0	0	4,5
2.1. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттар саны* (бірлік)	1	0	3
2.2. Компанияның өндірістік қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті* (%)	0,09	0	0,18
3.1. Өндірістік жарақаттар саны** (бірлік)	2	0	4
3.2. Өндірістік жарақат коэффициенті (LTIFR)** (%)	0,09	0	0,18
4. Жұмыс сағаттарының жалпы саны (адам-сағат)	21 203 754	21 987 815	22 154 349

2019-2021 ЖЫЛДАРЫ КОМПАНИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЖАРАҚАТ АЛУ СЕБЕПТЕРІНЕ АЙНАЛҒАН ОҚИҒАЛАР ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Оқиғалардың түрлері	2019	2020	2021
Экстремалды температураның әсері	0	0	3
ЖКО	2	0	0
Құлау	0	0	1

Компания «нөлдік жарақат» стратегиясын ұстанады. Басшылық өлім-жітімді нөлдік деңгейге дейін төмендету мақсатында барлық оқиғаларды, оның ішінде ауыр зардаптарды азайтуға тырысады.

Компанияның регламенттеріне сәйкес болған оқиғадан кейін ішкі тергеп-тексеру комиссиясы оқиға деңгейіне байланысты өкімімен құрылады. Бұл комиссия оқиғаларға ішкі тергеу жүргізу процесін іске асырады, оқиғаның түпкі себептерін талдай-

ды және оқиға болған құрылымдық бөлімшелердегі объектілерде жұмысқа қабылдануы тиіс түзету іс-қимылдарын ұсынады.

2021 жылы жүргізілген түзету іс-шараларының негізінде мынадай ескерту іс-әрекеттері іске асырылды:

- болған оқиғалар тақырыбы бойынша түсіндірме әңгімелер мен нұсқаулар өткізілді;
- оқыс оқиғалардың алдын алу үшін оқыту жүргізілді.

Компанияда 2021 жылы қызметкерлер арасында кәсіптік аурулардың жаңа жағдайлары тіркелген жоқ, соның салдарынан осы мәселе бойынша қызмет жүргізілмеген, тек статистика ескерілген.

Компаниядағы оқиғалардың алдын алу үшін мінез-құлық факторларын бағалау. Қызметкерлердегі мінез-құлық факторларын бақылау және бағалау тәртібін белгілейтін қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау ережелері әзірленді және енгізілді.

КОМПАНИЯНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ



қауіпті мінез-құлықты дереу тоқтату



қауіпсіз мінез-құлықты және қызметкердің ЕҚ, ӨҚ және ТЖ талаптарын орындау үшін жасаған әрекеттерін уақтылы қолдау



талаптарды бұза отырып жұмысты орындау себептерін анықтау



қауіпсіз жұмыс принципіне адалдықты растау



қызметкерлердің назарын ЕҚ, ӨҚ және ТЖ мәселелерінің маңыздылығына аудару



қызметкер мен тексеруді жүргізетін адам арасында кері байланыс алу



Қауіпсіздік мәдениетін арттыру

GRI 403-4, GRI 403-5

95 469 388

ТЕҢГЕ

2021 жылы еңбекті қорғау мәселелері бойынша кадрларды оқытуға жұмсалды

ЕТҰ БОЙЫНША БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ОҚУ САҒАТЫНЫҢ ОРТАША САНЫ⁹

● ИОА ● «Қазтрансгаз Аймақ» АҚ ● «Бейнеу Шымкент газ құбыры» ЖШС

2020 жылы оқыту сағаттарының орташа саны 20 адам/сағатты құрады, 2019 жылмен салыстырғанда төмендеуі коронавирустық инфекцияны таратпау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде қызметкерлерді офлайн оқытудың тоқтатылуына байланысты болды. 2021 жылы адам/сағаттың орташа санының көрсеткіші 36 көрсеткішті құрап, 2020 жылы кейінге қалдырылған жұмысшылардың біліктілігін арттыру жөніндегі топтардың ұлғаюы, мобильді қосымшаны қолдана отырып оқытудың жаңа форматын енгізу, сондай-ақ қабылданған жұмыскерлерді «Қарағанды» жаңа ММГ-ға оқыту есебінен артты.

Компанияда құзыреттілікті, оқыту мен хабардарлықты арттыру мақсатында өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің білімін тексеру, қызметкерлерге нұсқау беру заңнамасында белгіленген кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру жөніндегі шаралар кешені болды.

2021 жылы 694 инженерлік-техникалық қызметкер мен 16 жұмысшы оқытылып, білімін тексерді, олар өз кезегінде жеке қорғаныс құралдарымен, жуғыш заттармен, дәрі-дәрмектермен және сүтпен толық қамтамасыз етілді.

Қазақстан үшін оқыту — қауіпсіздік мәдениетін арттырудың және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің маңызды тетігі. ЕҚ және ӨҚ бойынша оқыту Компанияның барлық қызметкерлерін қамтиды. Әрбір қызметкер жауапкершіліктің барлық дәрежесін түсініп, осы мәселеге қатысты болуы керек. Ол үшін Компанияда 2021 жылы еңбекті қорғау мәселелері бойынша кадрларды оқытуға 95 469 388 теңге жұмсалды. Есепті кезеңде ИТҚ кемінде 40 сағат, ӨН кемінде 10 сағат оқудан өтті.

≥ 40

ОҚУ САҒАТЫ

есепті кезеңде ИТЖ өтті

≥ 10

ОҚУ САҒАТЫ

есепті кезеңде ПД-дан өтті

36

АДАМ/САҒАТ

2021 жылы оқу сағаттарының орташа саны

694

инженерлік-техникалық қызметкер мен 16 жұмысшы оқытылып, білімін тексерді

⁹ АГҚ, ҚазРосГаз, ҚТГӨ және ҚГ БӨ бір қызметкерге оқу сағаттарының орташа саны жыл сайын 20 сағатты құрайды.

БМЖ жетілдіру жобасы аясында «Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесінің менеджерлерін даярлау» (ISO 45001:2018) тақырыбы бойынша семинар өткізілді.

Компанияда бастапқы, қайталама, жоспардан тыс және нысаналы нұсқаулар енгізілді. 2021 жылы келесі нұсқаулықтар өткізілді:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша;
- өрт қауіпсіздігі бойынша.

Коронавирустық пандемияға байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша нұсқаулық өткізілген жоқ.



2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

ESG рейтингін алуға әзірленген жол картасына сәйкес Компанияның ЕҚ, ӨҚ және ТЖ бағыты бойынша негізгі жоспарлары:

- жарақат деңгейін төмендету және еңбек қауіпсіздігін арттыру;
- агенттіктердің ESG соңғы талаптарына сәйкес қолданыстағы процестер мен саясаттарды қайта қарау;
- еңбекті қорғау және қауіпсіз жағдайлар мәселелері бойынша қызметкерлердің жеке қызығушылығын арттыру;
- Қазақстанның қолданыстағы газ көлігі инфрақұрылымының объектілерін 2030 жылға дейін жаңғырту, оның ішінде объектідегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін алдын ала 1 трлн. теңге инвестиция салу;

- қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі материалдармен қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру, білімдерін тексеру;
- Компанияның өндірістік объектілеріндегі апаттарды жою жоспарларына сәйкес апатқа қарсы жаттығулардың өткізілуін ұйымдастыру және бақылау.



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3, GRI 203-2

QazaqGaz өндірістің тиімділігін арттыру және Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен заманауи тәсілдерді енгізуге ерекше назар аударады. 2021 жылдан бастап Компанияда жаңа өндірістік қуаттарды салу, жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейту және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде, сондай-ақ Қазақстан халқын газбен қамтамасыз ету бойынша жаңа инвестициялық жобалар жоспарлануда. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және өндірісті автоматтандыру осы процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компанияның ғылым және инновация саласындағы негізгі мақсаты — операциялық қызмет, өндірістік және басқару процестерінің үздіксіздігі мен тұрақтылығы үшін жаңа шешімдерді енгізуді қамтамасыз ету. 2021 жылы Компания осы мақсатқа жету үшін белсенді жұмысын жалғастырды.

QazaqGaz компаниялар тобында ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі — ФТК) жұмыс істейді. ФТК қызметі бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған.

ФТК-да ғылыми-техникалық сипаттағы мәселелер, QazaqGaz құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік даму бағдарламалары, сондай-ақ QazaqGaz компаниялар тобы үшін маңызды экономикалық маңызы бар әзірлемелер бойынша есептер қаралады. Отырыс қорытындысы бойынша ФТК мүшелері Компанияға ағымдағы және жоспарланған жобаларда неғұрлым тиімді технологияларды қолдану жөнінде ұсыныстар береді.

ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ ОБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ (АГАЖ) ЕНГІЗУ

Жобаны іске асыру мерзімдері

2017-2023 жж.

Жоба шеңберінде газ тасымалдау жүйесі объектілерінің цифрлық картасын құру, қалалар мен облыстардың 47 мың шақырым газ тарату желілерін цифрландыру, газды тасымалдау және тұтыну бөлігінде бизнес-талдау құралдарын енгізу, сондай-ақ техникалық және қаржылық деректерге онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету жоспарлануда. Осылайша, жұмыстарды орындауға, авариялық жағдайларға жедел ден қоюға, жөндеу және диагностикалық іс-шаралар жоспарын қалыптастыруға жұмсалатын шығындар азаяды деп күтілуде.

Жобаның периметрі

- ҚР Газ тасымалдау желісінің магистральдық құбырлары мен объектілері.
- ҚР тарату желілері мен абоненттері.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы іске асыру мәртебесі

15 000 шақырымға жуық тарату газ құбыры цифрландырылды.

20 000 шақырымға жуық магистральдық газ картографиялық деректері.

2021 жылы ФТК-ның екі отырысы өткізілді, онда келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:

- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының өткізу қабілетін жылына 18 млрд м³ дейін кеңейту және «БШГ» МГҚ2-ші желісін салу;
- 110 кВ «Тассай» қосалқы станциясынан 110 кВ «БШГ» МГҚ — 1 «Бозой» компрессорлық станциясына дейін 110 кВ жоғары вольтты желі салу;

- «БШГ» МГҚ-ға қосылған автоматтандырылған газ тарату станцияларында газды есепке алу;
- «Бозой» КС-1 үздіксіз және сенімді электрмен жабдықтау үшін электрмен жабдықтау желісі мен қосалқы станция салу.

2021 жылдан бастап Компания «Equipment Services LTD» ЖШС («автономды кластерлік қор — Инновациялық технологиялар паркі») базасында ҒЗТКЖ бойынша жұмыстарды іске асыруды бастады:

- «Ұңғыма оқпанын кептеліссіз тазарту технологиясын жақсарту үшін әртүрлі колтюбингтік операцияларды зерттеу (Амангелді кен орындары тобының ұңғымаларында одан әрі қолдану үшін);
- «Амангелді тобының кен орындарында сұйық газды ұңғымаларда плунжер лифт жүйелерін енгізу».

2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- «Корпоративтік басқару» бағыты бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздік, ESG тәуекелдерін басқару бағытына қоса алғанда) инновациялық шешімдерді енгізу;

- ұңғыма оқпанын кептеліссіз тазарту технологиясын жақсарту үшін әртүрлі колтюбингтік операцияларды зерттеу (Амангелді кен орындары тобының ұңғымаларында одан әрі қолдану үшін);

- Амангелді тобының кен орындарында сұйық газ ұңғымаларда плунжер лифт жүйелерін енгізу.





САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ

GRI 102-9, GRI 102-10, GRI 103-3, GRI 204-1

Сатып алу бизнесті жүргізудің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені операциялардың сапалы орындалуы сатып алу бойынша уақтылы және ашық рәсімдерге байланысты.



Сатып алу процесі бойынша регламенттеуші құжаттама:

- «Самұрық-Қазына»АҚ бекіткен сатып алу тәртібі.
- Сатып алу қызметін басқару қағидалары;
- Шарттарды дайындау, келісу, жасасу, орындау және мониторингілеу қағидалары;
- Электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені пайдалану, сатып алу мәселелері бойынша есептілікті жасау және ұсыну тәртібі туралы нұсқаулық.

Сатып алуды іске асыру процесіне өзгерістер енгізу кезінде Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелері осы мәселе бойынша кері байланыс алу үшін барлық ЕТҰ-ға хабарлайды.

2021 ЖЫЛЫ САТЫП АЛУ ПРОЦЕСІ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕЛЕСІДЕЙ БӨЛІНДІ



Сатып алу процесін қолдайтын QazaqGaz негізгі құрылымдық бөлімшесі сатып алу және жергілікті қамту департаменті болып табылады. Сатып алу және жергілікті қамту департаментінің функцияларына мыналар кіреді:

- сатып алу рәсімдерін жүргізу;
- әлеуетті жеткізушіні анықтау;
- сатып алу бойынша қорытынды хаттамаларын дайындау;
- жеңімпазды анықтау және шарт жасасу процесін бастау.

Сатып алу процесін іске асыру үшін Компания «Самұрық-Қазына»АҚ-на тиесілі Электрондық сатып алу порталын пайдаланады. Портал жергілікті жеткізушілердің мониторингі туралы ақпаратты қамтиды және бүкіл сатып алу процесін ашық көрсетеді.

3 227

ЖЕТКІЗУШІМЕН

2021 жылы Компания мәміле жасады

37

МЛРД ТЕҢГЕГЕ


2021 жылы Компания сатып алу рәсімдерін жүзеге асырды

2021 жылы Компания «Самұрық-Қазына» АҚ порталының көмегімен сатып алу процесінің сақталуын бақылауды жалғастырды.

Өнім берушімен келісімшартқа қол қойған кезде Шарт талаптарының уақтылы және адал орындалуына үздіксіз мониторинг жүргізуге бастамашылық жасалады. Шарттық міндеттемелерді орындау мерзімі ұсыным хаттарда ұсынылады, олар шартқа қол қойылғанға дейін жеткізушілерге жіберіледі. Өнім беруші Компания алдында QazaqGaz өкілдерінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда сот органдарына талап арыз беріледі.

GRI 102-9, GRI 102-10, GRI 204-1

2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖЕТКІЗУШІЛЕР САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



GRI 102-9, GRI 102-10, GRI 204-1

2019-2022 ЖЫЛДАРЫ АҚШАЛАЙ ТҮРДЕ САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, млрд теңге



Сатып алудағы жергілікті қамту

Жергілікті (отандық) жеткізушілерді қолдау мақсатында Компания жыл сайын тікелей отандық өндірушілер арасында өткізілетін сатып алулар санын көбейтеді. QazaqGaz компаниялар тобы бойынша жергілікті қамтуды сатып алу үлесі 2021 жылы сатып алудың жалпы көлемінде 90%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша — 97%, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша — 86%. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін есептеуді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту ұйымдары есептеудің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізеді.

¹⁰ Қазақстан Республикасының жеткізушілер.





Компания жеткізушісін таңдаудағы маңызды аспект «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу ережелеріне нақты сәйкес сатып алу рәсімдерін жүргізу болып табылады. Бұл көрсеткіш QazaqGaz және оның ЕТҰ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасына енгізілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2014-2022 жылдарға арналған қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламасы шеңберінде есепті кезеңде QazaqGaz компаниялар тобы бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерімен офф-тейк шарттары¹¹ жасалды. Бағдарлама шеңберінде қолдаудың негізгі құралы кепілдендірілген тікелей сатып алу тетігі болып табылады.

Сонымен қатар, Компанияда шағын бизнесті қолдау үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы іске асырылуда. Халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында QazaqGaz осы бағдарламаға қатысушы жеткізушілер өндіретін тауарларды сатып алады. Сатып алудың көп бөлігі жеңіл, жиһаз, тамақ, химия, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің тауарлары, сондай-ақ құрылыс материалдары болып табылады.

Өндірісті дамытуда отандық бизнесті қолдау үшін QazaqGaz тобы бойынша әлеуетті қызықты QazaqGaz өнімдерін дайындау үшін жабдықтарды жарақтандыру, жарамдылық және тиімділік тұрғысынан өндірісті алдын ала визуалды бағалауды жүргізу мақсатында зауыттар мен кәсіпорындарға тұрақты негізде жұмыс сапарларын жүзеге асыратын жұмыс топтары құрылды. QazaqGaz өкілдері Қор, «Атамекен» Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы және «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ жергілікті қамту, сондай-ақ импортты алмастыру мәселелері бойынша өткізетін кеңестерге, дөңгелек үстелдерге үнемі қатысады.

Жергілікті қамту үлесі бойынша анық ақпарат беру мақсатында өнім берушілермен жасалған шарттарда жергілікті қамту үлесі бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі тармақтар көзделген.

Компания еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттілерге ие. Осылайша, тек отандық тауар өндірушілер арасында сатып алу басымдығын белгілеу мақсатында тауарлар нарығының мониторингі жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық дерекқорлары, оның ішінде Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі, сондай-ақ отандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын уәкілетті мемлекеттік органның тиісті ақпараттық дерекқорлары пайдаланылады.

2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

- бәсекелестік сатып алу нарығын дамыту;
- белгіленген біліктілік критерийлері бойынша жеткізушілерді бағалаудың ашық және тиімді процесін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
- сатып алу рәсімдері шеңберінде жергілікті өндірушілерді қолдау.

¹¹ Әлі өндірілмеген тауарды сату/сатып алу туралы келісім.

ҚАТЫСУ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

Қатысу аймақтарындағы экономикалық әсерді басқару тәсілі

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 413-2

QazaqGaz қызметі Қазақстан халқының қолжетімді өмір сүру ортасын жақсартумен тығыз байланысты. Компания қатысу аймақтарының әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз етуге күш салуда. Газбен қамтамасыз ету арқылы Компания жергілікті қауымдастықтар алдында тікелей жауап береді.

QazaqGaz баспасөз қызметі баспасөзбен, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Әрбір ЕТҰ-да БАҚ бойынша жауапты тұлға тағайындалады. Баспасөз қызметі мен мүдделі тараптар арасындағы өзара іс-қимыл компанияның жергілікті қауымдастықтармен диалогының ажырамас бөлігі болып табылады.

Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу

Компанияда мүдделі тараптар мен жергілікті қоғамдастықтардың өтініштерімен жұмыс істеу тетігі пысықталды. Компания барлық қол жетімді құралдармен жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуге және кері байланыс алуға тырысады. Кері байланыс байланыс көпірін құрудың және қоғамның қажеттіліктерін түсінудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Байланыс келесі жолдармен жүзеге асырылады:



БАҚ және онлайн-алаңдар арқылы өзара іс-қимыл жасау;



халықпен кездесулер;




сенім телефоны;



халыққа қызмет көрсету орталығы;



кеңсе;



проблемалық мәселелерді қарау жөніндегі комиссия.



Ашық диалог стратегиясын іске асыру үшін QazaqGaz-дың ЕТҰ өңірлерді газдандыруға байланысты түрлі мәселелер бойынша жергілікті қоғамдастықтар ұйымдастыратын жиналыстарға, брифингтерге, есептік кездесулерге және басқа да іс-шараларға қатысады. Өтініштер мен жауаптарды тіркеу ЕТҰ-ға енгізілген электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Келіп түскен өтініштермен жұмыс істеудің бірнеше тетіктері бар:

- Telegram және WhatsApp мессенджерлеріндегі чатбот;
- халыққа қызмет көрсету жөніндегі операциялық қызмет;

- Компанияның әлеуметтік желілеріне БАҚ-қа келіп түсетін өтініштерді жауапты құрылымдық бөлімшелер пысықтайды;
- бастамашыл топтардан, депутаттардан, жергілікті қоғамдастық өкілдерінен келіп түскен өтініштерге кеңестер мен есептер барысында, егер жағдайды зерделеу үшін қосымша уақыт талап етілмесе, үш жұмыс күні ішінде жауаптар дайындалады.

Демеушілік және қайырымдылық

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясатына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының барлық қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады, ол әлеуметтік маңызы бар жобаларды келесі бағыттар бойынша конкурстық негізде іріктеу жолымен іске асырады:

- әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қауымдастықтарға көмектесу;
- медианы, мәдени қоғамдастықты дамыту, адами әлеуетті дамыту;
- еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайту, қоғамның тұрақты дамуына инвестициялар;
- өңірлік және бизнес-бастамаларды қолдау;
- әлемдік аренада «Астана» спорт кешенінің имиджін ілгерілету.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі компаниялардың шекарасындағы қайырымдылық үшін жауапкершілік «Samruk-Kazyna Trust» қорына жүктелген.

2021 жылы «Samruk-Kazyna Trust»-ке «QazaqGas» ҰК АҚ-дан аударымдар болған жоқ.



ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

GRI 203-1, GRI 203-2

Қазақстанда халықты қолдау және өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін QazaqGaz өзінің қатысатын өңірлерінде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырады. Компанияның қызметін іске асыру қатысу өңірлері үшін жоғары әлеуметтік және стратегиялық маңызға ие:



энергетикалық қауіпсіздікті, сенімді және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету;



өнеркәсіптік объектілер мен кәсіпкерлік субъектілерін табиғи газға ауыстыру.

Жамбыл облысында «Мерке» жаңа АГТС іске қосылды

16

ЕЛДІ МЕКЕНІН

Меркі ауданы тұрақты газбен қамтамасыз етілген

Газбен қамтамасыз етілді:

12 695

ТҰРҒЫН ҮЙ

420

ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ НЫСАН

33

ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫН

Есепті жылы Жамбыл облысында «Мерке» жаңа автоматтандырылған газ тарату станциясы іске қосылды. Меркі ауданының Меркі, Ойтал, Сарымолдаева, Жамбыл, Ақтоған, Ақ арал, Интернациональная, Плогогогодная, Т. Рысқұлов, Сыпатай, Ударный, Ойтал, Санаторный, Талдыбұлақ, Тұрлыбай, Қазақстан Дихан 16 елді мекенін (ауылдарын) тұрақты газбен қамтамасыз ете отырып, «Мерке»

жаңа АГТС-ның әлеуметтік маңызы зор. Осылайша, 12 695 тұрғын үй, 420 тұрғын үй-коммуналдық нысан және 33 өнеркәсіптік кәсіпорын газбен қамтамасыз етілді. Жаңа АГТС қуаты көптеген экономикалық мүмкіндіктер береді, соның ішінде ауданда шағын және орта бизнесті дамыту, бұл жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындардың, демек, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді.





QazaqGaz басым жобалары

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің тапсырмасына сәйкес QazaqGaz Маңғыстау, Атырау және Алматы облыстарында Өңірлерді дамытудың кешенді жоспарларына және Қордың басым жобаларының тізбесіне енгізілген инвестициялық жобаларды іске асырады.

2021 жылы Компания мен Қор басшылығы келесі жобаларды мақұлдады:

САРША АЙМАҒЫН ЖӘНЕ «ЖЫЛЫ ЖАҒАЖАЙ» КУРОРТТЫҚ АЙМАҒЫН ГАЗДАНДЫРУ

Жобаны іске асыру мерзімі

2021-2023 жж.

Жалпы құны

29 679

млн теңге

Жоба мақсаты

Сарша жерін газдандыру, Маңғыстау облысында туризмде жаңадан құрылған кәсіпкерлік қызмет субъектілерін тауарлық газбен қамтамасыз ету.

Кіші жобалар

Құны ҚҚС-сыз 22,9 млрд теңгені құрайтын «Құрық ауылында АГТС-80 ортана отырып «Жетібай — Құрық» МГҚ құрылысы» ИОА іске асыруда. Жоба бойынша 85 км жеткізу газ құбырын және сағатына 80 мың өткізу қабілеті бар 1 АГТС бірлігін салу жоспарланған. 2021 жылғы сәуірде жобаның ЖСҚ-на мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жұмыстың 92%-ы орындалды.

«Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен» Сарша» жеріне және 2 ПГБ орнату арқылы «Жылы жағажай» курорттық аймағында» Rixos Aktau «қонақ үйіне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу», ҚҚС-сыз құны 7,4 млрд теңге болатын құрылысты КТГА салады. Жоба бойынша 59 км жоғары қысымды газ құбырын және 2 бірлік газ реттеуші блоктық пункт салу жоспарланған. 2021 жылғы тамызда жобаның ЖСҚ-на мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. 2022 жылы жобаны толығымен аяқтау жоспарлануда.



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ЖАҢАРТУ

Жобаны іске асыру мерзімі

2021-2024 жж.

Жалпы құны

203 861,7

млн теңге

Жоба мақсаты

Өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру, елді мекендерді, Маңғыстау облысының ірі кәсіпорындарын, сондай-ақ облыстың негізгі кәсіпорны «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз ету.



«МАҚАТ-СОЛТҮСТІК КАВКАЗ» МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫНДА ЛУПИНГ САЛУ

Жобаны іске асыру мерзімі

2021-2023 жж.

Жалпы құны


87 695

млн теңге

Жоба мақсаты

Атырау қаласы мен Атырау облысының халықты және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын газбен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету, ЖІӨ нәтижелері бойынша «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ-ның қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйін ескере отырып, бір желілі газ

құбырын тоқтатуға байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ электр энергиясын өндіру үшін Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы үшін газды үздіксіз жеткізу және объектінің өндірісін қамтамасыз ету.



Өңірлерді газдандыру жобалары

> 300 км

газ құбыры салынды

> 22 000

ТҮРҒЫН

~ 250

ОБЪЕКТОВ

жуық әлеуметтік сала мен кәсіпкерлік нысандары табиғи газға қосылды

- Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау;
- Қостанай облысының 3 елді мекенін (Жігітқара қаласы, Тобыл кенті, үлкен Чураковка ауылы) газдандыру;
- Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Қайнар, Саймасай кентінде жоғары қысымды газ құбыры мен газ тарату желілерін салу (1 және 2 ӨК);
- Нұр-Сұлтан қаласында 2-ші кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу;
- Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Веренка ауылында жеткізуші және кентішілік газ құбырын салу;
- Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Вознесенка ауылында жеткізуші және кентішілік газ құбырын салу.

Жоғарыда аталған аудандарда барлығы 300 шақырымнан астам газ құбыры салынды. Бұл 5 000-нан астам отбасына табиғи газға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Табиғи газға 22 мыңнан астам тұрғын және 250-ге жуық әлеуметтік сала мен кәсіпкерлік нысандары қосылды.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару


6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ГАЗДАНДЫРУ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Жобаны іске асыру мерзімі
2018–2021 жж.

Жалпы құны
11 178
млн теңге



Жоба мақсаты
Қазіргі уақытқа дейін газбен жабдықтау жүйесіне қосылмаған Алматы қаласының тұрғын аудандары мен жеке үйлері бар учаскелерді газдандыру, сондай-ақ Алматы қаласының қолданыстағы газ тарату желілерін қайта жаңарту. Қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту, орташа жылдық тұтынуы 15,8 млн м³ газды құрайтын 4 100 жаңа абонентті қосу.

Жоба қорытындысы
265 км жаңа газ құбырлары салынды
33 шкафтық газ реттеу пункті орнатылды
96 км қолданыстағы газ құбырлары қайта жаңартылды
3 газ реттеуші блоктық пункт орнатылды

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 3 ЕЛДІ МЕКЕНІН (ЖІТІҚАРА ҚАЛАСЫ, ТОБЫЛ КЕНТІ, ҮЛКЕН ЧУРАКОВКА АУЫЛЫ) ГАЗДАНДЫРУ

Жобаны іске асыру мерзімі
2021–2023 жж.

Жалпы құны
2 872,3
млн теңге




Жоба мақсаты
Қостанай облысы Шортанды өзенінің сол және оң жағалауы бойынша Жітіқара қаласының шығыс бөлігін, Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданын, Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Үлкен Чураковкасын газдандыру. Елді мекендердегі экологиялық жағдайды жақсарту, орташа жылдық тұтынуы 12,7 млн м³ газды құрайтын 3 275 жаңа абонентті қосу.

Жоба қорытындысы
1 478 млн теңге игерілді
Жітіқара қаласын газдандыру жұмыстары аяқталды
жобаның толық аяқталуы 2022 жылы аяқталады деп жоспарлануда

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ, ҚАЙНАР, САЙМАСАЙ КЕНТІНДЕ ЖОҒАРЫ ҚЫСЫМДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫ МЕН ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН САЛУ» (1 ЖӘНЕ 2 ӨК)

Жобаны іске асыру мерзімі
2021–2022 жж.

Жалпы құны
2 045,5
млн теңге



Жоба мақсаты
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Саймасай кенті мен Қайнар кентін газдандыру мақсатында Еңбекшіқазақ ауданының жақын маңдағы 25 н.т. одан әрі қосу келешегімен жоғары қысымды газ құбырын және газ тарату желілерін салу. Елді мекендердегі экологиялық жағдайды жақсарту, 13 618 жаңа абонентті қосу.

Жоба қорытындысы
жоба 2022 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА 2-ШІ КЕЗЕКТЕГІ 1 ЖӘНЕ 2 ІСКЕ ҚОСУ КЕШЕНДЕРІНІҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІН САЛУ

Жобаны іске асыру мерзімі
2020–2021 жж.

Жалпы құны
6 541,2
млн теңге



Жоба мақсаты
АГТС-2-ден «Восток» бас газ тарату пунктіне және «Оңтүстік-шығыс» МТҚБ-ға 1-ші іске қосу кешені шеңберінде, 2-ші іске қосу кешені шеңберінде газ беруді қамтамасыз ету «Восток» МТҚБ-дан Интернациональный, Мичурино, Куйгенжар тұрғын аудандарына және қазандықтарға газ беруді қамтамасыз ету.

Жоба қорытындысы
100% КҚ және 2 КҚ бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалды
100,581 км жоғары, орташа және төмен қысымды газ құбырлары салынды
5 БГРП және 5 ГРПШ (газ реттеу пункттері) орнатылды

БЕЙНЕУ-БОЗОЙ-ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ

Жобаны іске асыру мерзімі

2011-2023 жж.

Жалпы құны

882 560

млн теңге

Жоба мақсаты

Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінің газ қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, импорттық газға тәуелділікті азайту және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жоба қорытындысы

Ұзындығы 1 450 км газ құбырының желілік бөлігі (бір желілі орындауда), вахталық кент, газ өлшеу станциялары, трасса бойындағы өтпе жол, «Бозой», «Қараөзек» екі компрессорлық станциясы және ИОА салған «Түркістан», «Арал», «Қорқыт Ата», 1 «А» төрт қосымша компрессорлық станциясы пайдалануға берілді.

2021 жылы келесі іс-шаралар орындалды:

→ «Ақбұлақ» ГАЗ кеңейту аяқталды, «Бейнеу» ГАЗ және SCADA 1 кезек жүйесі пайдалануға берілді.

→ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі ИОА-ның төрт компрессорлық станциясын сатып алуды және жобаны іске асырудың 2023 жылға дейінгі мерзімдерін ұзартуды ескере отырып, жобаны түзетуді келісті.

→ «Қорқыт Ата» КС-тан сатып алынды.

2022 жылы «Бейнеу-Бозой» учаскесінде трасса бойындағы жолдың, телекоммуникация жүйесінің және 2-ші кезектегі СКАДА-ның құрылысын аяқтау және «Бозой» компрессорлық станциясы мен «Бейнеу» газ өлшеу станциясын кеңейту бойынша жұмыстарды бастау, «Арал» КС сатып алуды жүргізу жоспарлануда.



Әлеуметтік әділ баға белгілеу реформасы

Компания халықтың әлеуметтік осал топтарына әсер етпей, баға белгілеуді әлеуметтік-әділ реформалау бойынша шаралар кешенін әзірледі және енгізді. Бастаманы Қазақстан Республикасының Президенті қолдады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы бойынша мынадай бастамалар көзделген:


1.

электр энергиясына шекті тарифтермен және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерімен ұқсастығы бойынша жыл сайын түзету мүмкіндігімен ұзақ мерзімді кезеңге 5 жылға арналған тауарлық газдың шекті көтерме бағаларын бекіту;

2.

тауарлық газдың қосымша ресурстарын қалыптастыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардан газ сатып алу бағасының ынталандырушы формуласын қолдану.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛ БАҒА БЕЛГІЛЕУ РЕФОРМАСЫНЫҢ СХЕМАСЫ



2021 жылы Компанияның баға белгілеуді әлеуметтік-әділ реформалау жөніндегі шаралар кешені ішінара мынадай іс-шаралар шеңберінде іске асырылды.

2021 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарының газ көліктік инфрақұрылымын қайта жаңарту жобаларын іске асыруды ескере отырып, ҚҚС есептемегенде 5 285,66 теңге/мың м³ (бұрын қолданыста болған 4 551 теңге/мың м³-пен салыстырғанда 16%-ға өсім) мөлшерінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған тарифі бекітілді.

2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

→ әлеуметтік қорғалмаған азаматтарды барынша қолдауды және халық үшін газға баға белгілеу мәселесінің сезімталдығын ескере отырып, халық үшін газ бағасын тежеу тетігін әзірлеу;

→ Астананы және Сарыарқа газ құбыры бойындағы басқа да елді мекендерді қоса алғанда, газдандыруды одан әрі дамыту, оның ішінде

Қазақстанның солтүстік облыстарының газдандыру нұсқаларын әзірлеу;

→ ішкі нарықта газ тұтынудың болжамды өсуімен байланысты тапшылықты болдырмау үшін тауарлық газ өндірісін ұлғайту;

→ 2022 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қайнар, Саймасай кентінде жоғары қысымды газ құбыры мен тарату газ құбырларын салу;

→ Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен «Сарша» жеріне және 2023 жылы «Жылы жағажай» курорттық аймағындағы «Rixos Aktau» қонақ үйіне дейін жоғары қысымды газ құбырын салу.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

7.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

1. Компания Маңғыстау облысында «Бейнеу» ГЭС құрылысын аяқтады.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

158 Маңызды тақырыптар

Энергия
Шығарындылар
Шығару және қалдықтар

→ Су
→ Биоалуантүрлілік
→ Нормативтік талаптарға сәйкестігі

GRI көрсеткіштері

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3, GRI 302-1, GRI 302-3, GRI 302-4, GRI 302-5, GRI 303-1, GRI 303-3, GRI 303-4, GRI 303-5, GRI 304-1, GRI 304-2, GRI 304-3, GRI 304-4, GRI 305-1,

БҰҰ-ның ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесі



GRI 305-2, GRI 305-3, GRI 305-4, GRI 305-5, GRI 305-6, GRI 305-7, GRI 306-1, GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4, GRI 306-5, GRI 307-1

159

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

3017

 ГДж

жаңартылатын көздерден энергияны тұтыну

326 824

 ГДж

энергия үнемдеу жөніндегі бастамаларды іске асыру нәтижесінде энергия тұтынуды қысқарту

88,95

 МЫҢ ТОННА

ағынды суларға ластаушы заттардың жалпы шығарындылары

138 868

 ТОННА

ластаушы заттардың жалпы шығарындылары

2246

 МЛН ТЕҢГЕ

ҚОҚ шығындары

330 233

 МЫҢ М³

суды тұтынудың жалпы көлемі

4586

 ТОННА

түзілген қалдықтардың жалпы көлемі





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару тәсілі

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3

QazaqGaz компаниясы әлеуметтік-жауапты миссияны орындайды және Қазақстан Республикасының тұтынушыларына табиғи газ түріндегі экологиялық таза отынды тасымалдауды қамтамасыз етеді. Кәсіпорындар қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін Компания экологиялық

аспектілерді басқару тәжірибесін үнемі жетілдіріп отырады және экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері сәйкесінше ISO 14001 және ISO 50001 талаптарын орындайды.

Компанияда қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған экологиялық

саясат бар. Саясатқа, басқалармен қатар, заңнаманың талаптарын сақтауды, өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруды, ҚОҚ басқару жүйелерін үнемі жақсартуды, сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтау және климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша ықтимал шараларды қабылдауды көздейтін ережелер енгізілген.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету QazaqGaz-тың өз қызметін жүзеге асырудағы басты мақсаттарының бірі болып табылады. Компания өзіне келесі корпоративтік экологиялық мақсаттарды қояды:

табиғи газды тасымалдау кезінде парниктік газдар шығарылуын азайту;


табиғи газды тасымалдау кезінде атмосфералық ауаға азот оксидтерінің шығарылуын азайту;

жер үсті су объектілеріне ластаушы заттардың нормативтен тыс төгілуін азайту;

айналыстағы қалдықтардың жалпы массасынан көмуге жіберілетін қалдықтардың үлесін төмендету.

ҚОҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ МЕН ШЫҒЫНДАРЫ, млн теңге

GRI 307-1



- ҚОҚ-қа ағымдағы шығындар
- Табиғатты қорғау қызметіне күрделі салымдар
- ҚОЗӘ үшін төлем

2 246

МЛН ТЕҢГЕ

2021 жылы қоршаған ортаны қорғауға (ҚОҚ) жұмсалған шығындар сомасы

QazaqGaz кәсіпорындары үшін жыл сайын қоршаған ортаны қорғау, энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру және суды тиімді пайдалану жөніндегі іс-шаралардың өзекті жоспарлары әзірленеді және орындалады.



ЕТҰ-дағы экологиялық менеджмент тәсілі

Есепті жылы ЕТҰ-да сыртқы сертификаттау аудиттері жүргізіліп, ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкес сертификаттар алынды.

«ИОА» АҚ-да «Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, маңыздылығын бағалау және басқару шараларын айқындау» ҚП-11-19 қолданыстағы процедурасына сәйкес жыл сайын желілік-өндірістік басқармалар (ЖӨБ) деңгейлерінде экологиялық аспектілердің тізбесі әзірленеді және қалыптастырылады. МГБ (филиалдар) және «ИОА» АҚ орталық аппаратының деңгейінде қоршаған ортаға теріс әсерді сәйкестендіру үшін маңызды экологиялық аспектілердің жиынтық тізбесі қалдырылады.

«АГҚ» ЖШС-де жыл сайын AGP-IMS-P-0007 «Экологиялық аспектілерді, олардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін бақылау және бағалау шараларын айқындау жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес экологиялық аспектілерді бағалау жүргізіледі. Газ тасымалдау үш басқармасы («Тараз» ӨТГ, «Алматы» ӨТГ, «Шымкент» ӨТГ) бойынша ЭА тізбесі қалыптастырылады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да «Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау» ҚП-19-2021 қолданыстағы процедурасына сәйкес Орталық аппарат пен өндірістік филиалдар деңгейінде экологиялық аспектілердің тізбесін әзірлейді және қалыптастырады.

«ГБШ» ЖШС-де жыл сайын «Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, бағалау және басқару қағидалары» RU-BSGP-HSE-06-17 негізінде экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, бағалау және басқару жөніндегі қызмет жүзеге асырылады, қызмет нәтижесінде елеулі экологиялық аспектілердің тізімі қалыптастырылады.

«ҚазТрансГаз Өнімдер» ЖШС-де «Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, маңыздылығын бағалау және басқару шараларын айқындау» ҚП-10-17 АГ-ның қолданыстағы процедурасына сәйкес (осы ҚП қазіргі уақытта өзектендірілуде) серіктестіктің өндірістік филиалы деңгейінде экологиялық аспектілердің тізбесін қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттарды басшылық бекітеді және ЕТҰ-ның онлайн-порталдарында орналастырылады.

Қадағалау органдары есепті жылы экологиялық заңнамаға сәйкес келмейтін екі жағдайды тіркеді. Бұзушылықтардың бірі жойылды, екіншісі жою процесінде. Белгіленген нормативтерді сақтамағаны үшін салынған ақшалай айыппұлдар мен шектен тыс төлемдер сомасы 1,7 млн теңгені құрады.

ҚОҚ мәселелерін басқару құрылымы

Компанияда ЕТҰ деңгейінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменттері (ЕҚД, ЕҚ және ҚОҚ), HSE департаменттері, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға қатысты функцияларды орындайтын өндірістік-техникалық департамент құрылды. QazaqGaz тобының құрылымдық ерекшеліктері табиғатты қорғау мәселелерін басқарудың көп деңгейлі процесін алдын-а-

ла анықтайды (ұйымдық құрылымның схемасы 2.3-бөлімде көрсетілген). Компания деңгейінде табиғатты қорғау мәселелерін басқарудағы жауапты тұлға Басқарма төрағасына есеп беретін HSE қызметінің басшысы болып табылады. ЕТҰ деңгейінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелерге ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы/директоры жауапты болады.

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР

GRI 305-6, GRI 305-7

QazaqGaz атмосфераға ластаушы заттардың (ЛЗ) шығарындыларын дәйекті түрде азайтуды аса маңызды міндет деп санайды. Компания шығарындыларға мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады, сондай-ақ оларды қысқартуға бағытталған әртүрлі жобаларды іске асырады, мысалы, КС энергия жабдығын қайта жаңарту, газ тарату станциясын (ГТС) жаңғырту және газ айдау агрегаттарының (ГАА) жұмыс режимдерін оңтайландыру.

Компанияның шығарындыларының негізгі көздері газ поршенді электр станциясы (ГПЭС), ГАА, қазандықтар, кәдеге асыру қазандығы, әртүрлі шамдар (сепараторлар, отын газын ағызу, сүзгілер мен реттегіштер және т.б.), дренаждық сыйымдылықтар, ресиверлер, дизель отынын қабылдау және сақтау резервуарлары болып табылады. Сонымен қатар, дәнекерлеу машиналары, үрлеу шамдары және табиғи газды және техникалық коммуникацияларды өршітуге арналған шамдар сияқты қондырғылардан, сондай-ақ жер, бояу және жалпы құрылыс жұмыстарынан ұйымдастырылмаған және бірден шығарылатын шығарындылары бар.

QazaqGaz ҰК АҚ компаниясының тобы бойынша атмосфералық ауаға әсерді барынша азайтуға бағытталған шығарындыларды басқару саясаты жұмыс істейді. Осы саясатқа сәйкес шығарындыларды басқару бөлігіндегі негізгі міндеттер:

- бүкіл Компания бойынша міндетті пайдалануға арналған шығарындыларды басқару тәсілін реттейтін принциптерді анықтау;
- өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыру, шығарындыларды азайту;
- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және жылыстаудың алдын алу.

Атап айтқанда, «ИОА» АҚ-да жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттар өзектендіріледі. Маңызды мақсаттардың бірі берілген рұқсаттармен салыстырғанда компания қызметінің нәтижесінде атмосфераға шығарындыларды 20%-ға төмендету болып табылады.

2021 жылы компанияның азот оксидтерінің (NOx), күкірттің (SOx) және басқа да ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының көлемі 8 966,4 тоннаны құрады, бұл өткен жылғы мәннен 34%-ға жоғары және ҚОҚ-да мемлекеттік органдарда бекітілген рұқсат етілген шығарындылар

нормативтерінен аспайды. 2021 жылы ластаушы заттар шығарындыларының 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда ұлғаюы пандемиядан кейінгі кезеңдегі операциялық қарқындылықтың өсуімен байланысты. Сонымен қатар, компания озонды бұзатын заттардың шығарындыларын жүзеге асырмайды.

ЗАТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ 2019-2021ЖЖ. ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, тонна¹²



2019-2021 ЖЖ. БАСҚА ГАЗ ТӘРІЗДЕС ЖӘНЕ СҰЙЫҚ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, тонна



¹² басқа газ тәріздес және сұйық ластаушы заттарды есепке алмағанда.

«Бозой» ЖГҚ реконструкциялау

Ақтөбе облысының Шалқар ауданында орналасқан «Бозой» жерасты газ қоймасын (ЖГҚ) қайта жаңарту барысында Ескірген сепараторларды, бекіту арматураларын, шлейфтерді ауыстыру жүргізілді және СП-4 және СП-6 құрама пункттерінің құрылысы жүзеге

асырылды. Сондай-ақ метанолды беру және қысымды, температураны және газ шығынын өлшеу автоматтандырылды, ал пайдаланылатын ұңғымалар саны 330 бірлікке дейін ұлғайтылды. ЖГҚ реконструкциялау жөніндегі жұмыстар «Жақсықоянқұлақ» және

«Жаманқоянқұлақ» учаскесіндегі қолданыстағы құрама пункттерде ескірген технологиялық жабдықты ауыстыруды қамтамасыз етті, бұл үдемелі режим немесе апаттық жағдайлар кезінде жоспарланбаған ЭВ шығарындыларынан қорғауға ықпал етеді.

SoLoNOx жүйесі

Ластаушы заттардың шығарындыларын құрғақ басу жүйесі (SoLoNOx) жалынның максималды температурасын және жану процесінде көмірсутек отынының ауамен

реакциясынан пайда болған жанама өнімдер азоттың шала тотығы (NOx) және көміртегі тотығы (Co) сияқты турбинадағы пайдаланылған газдарында ластаушы заттардың түзілуін

төмендетеді. Жұмыс барысында жүйе тұрақты және пайдаланылған газдардағы ластаушы заттардың құрамын азайту үшін отын шығынын бақылайды.

DLE (Dry low emissions) жүйесі

Компрессорлық станцияда (КС) турбина толық жүктелмеген жағдайда да азоттың шала тотығы (NOx) мен көміртегі тотығы (CO) шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беретін зиянды DLE шығарындыларын құрғақ басу жүйесі бар жану камералары орнатылған. DLE жүйесі бүкіл жұмыс режимінде NOx пен CO-ның жануы мен шыңарылуын оңтайлы мәнін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, әрбір КС-да ГАА пайдаланылған газдарында жұмыс істейтін негізгі жылу көзі ретінде қуаты 2 800 кВт болатын 2 кәдеге асыру қазандығы орнатылған. Вахталық кенттерде блоктық үлгідегі жылу алмастырғыштар мен автоматты газ жылытқыштар орнатылған жылу пунктінің жеке ғимараты қарастырылған. Жылыту маусымы кезінде ыстық сумен жабдықтау қа-

жеттіліктері үшін жылу алмастырғыш қолданылады, ол суды кәдеге асыру қазандығынан келетін жылу жүйесінен қыздырады. Құбырларды жылытуға арналған сырттағы түтін ауасының температурасы 480°C, кіріс коллекторы арқылы сумен жабдықтау жылыту бетінің құбырына кіреді және жылу алмасудан кейін ыстық судың температурасы 95°C дейін жетеді.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «Азия газ құбыры» ЖШС компрессорлық станциялары

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС және «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «Азия газ құбыры» ЖШС-де газ айдау агрегаттарымен жабдықталған «КС-1 А», «Үстірт», «Арал», «Қорқыт

Ата», «Қараөзек», «Түркістан», «КС-1 Алатау», «КС-2 Керейіт», «КС-1,2», «КС-6 Отар», «КС-7 Шелек», «КС-8», «КС-4 Құлан», «КС-5 компрессорлық станциясы (КС) жұмыс істейді, олар

атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын төмендететін жоғары технологиялар негізінде әзірленген соңғы буын жүйесімен жабдықталған.

Орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту бойынша мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды жаңғырту, реконструкциялау жөніндегі инвестициялық бағдарламаны іске асыру. Инвестициялық

бағдарламаны іске асыру мақсатының бірі газ тарату желілерін диспетчерлік бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру болып табылады;

- Бозой компрессорлық станциясын (КС) кеңейту, 3 бірлік көлемінде жаңа ГАА салу, Solar компаниясының SoLoNOx кіріктірілген қондырғысы бар озық компрессорлық агрегаттарды пайда-

лану арқылы энергияны үнемдеу және шығарындыларды азайту нысандағы NOx және CO₂ шығарындыларын азайтуды қамтамасыз етеді;

- Алматы ЖЭО (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3) көмірден газға ауыстыру;
- экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде апаттарды жою жоспарын әзірлеу және қабылдау.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-5

Климаттың өзгеруін басқару тәсілі

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3

15%

1990 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2030 жылға қарай Қазақстанда парниктік шығарындыларды нысаналы қысқарту

10-12%

2030 жылға қарай QazaqGaz компаниясының парниктік газдар шығарындыларын мақсатты қысқарту

QazaqGaz компаниясы Қазақстанның ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық мақсаттарға қатысуын қолдайды және көміртектендіру жөніндегі іс шараларды әзірлеудің маңыздылығын түсінеді. 2060 жылға қарай Компания келесі мақсаттарды қойды: 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 10-12%-ға азайту және 2060 жылға қарай толық көміртегі бейтараптығына қол жеткізу. Негіз ретінде 2023 жыл пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған халықаралық климаттық күн тәртібіне белсенді қатысады. 2016 жылы Париж келісімін ратификациялай отырып, Қазақстан орташа жаһандық температураның 1,5°C-тан жоғары өспеуін тежеу жөніндегі жаһандық мақсатты қолдады және 1990 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік шығарындылар шығарындыларды 15%-ға

қысқартуға, оның ішінде жеке сектордың инновациялық шешімдеріне жүгіну бойынша ерікті міндеттемелер алды. Ел «жасыл» экономикаға көшуге ұмтылуда және 2060 жылға қарай толық көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді күтуде. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан ұлттық деңгейде айқындалатын салымды (үлестерді) жаңартты, сондай-ақ 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген жаңа экологиялық кодексті қабылдады.

«ИОА» АҚ-да метан шығарындыларын басқару

«ИОА» АҚ материалдық-техникалық базасы газ тасымалдау жүйесінің объектілерінде атмосфераға метанның ұйымдастырылмаған шығарындыларын (жылыстауын) анықтауға және оқшаулауға бағытталған іс-шаралардың толық кешенін жүргізуге мүмкіндік береді. ЕТҰ тұрақты негізде атмосфераға метан шығарындыларын азайту бойынша мынадай іс-шараларды жүзеге асырады: бақылау, диагностика, мониторинг. Компания объектілерінде ақпаратты жинау және өңдеу жүргізіледі. Компрессорлық станцияларды, газ тарату станцияларын және магистральдық газ құбырларының желілік бөлігін пайдалану кезінде жұмыс тиімділігін төмендететін, энергия ресурстарын тұтынуды арттыратын, сондай-ақ жарылыс қаупі бар жағдайлардың туындау қаупін арттыратын табиғи газдың кемуі туындауы мүмкін. Қызметкерлердің тәуекелдерді барынша азайту мақсатында ЕТҰ әуе зерттеуі, автомобильдік тексеру және жаяу жүру тәсілі сияқты түрлі тәсілдермен газдың кемуін анықтау бойынша тексерулер жүргізіледі.

рын бөлудің ұлттық жоспары жылына 20 мың тонна CO₂-эквивалентті шекті мән бар квоталау субъектілерінің көмірқышқыл газының шығарындыларына шектеулер қояды.

ҚР Экологиялық кодексінің 289-бабына сәйкес QazaqGaz компаниялар тобы көміртегі квоталау субъектісі болып табылады, сондықтан компа-

нияның шығарындылары туралы деректер республиканың жыл сайынғы есептілігінде одан әрі ашу үшін мемлекеттік көміртегі кадастрында тіркеледі, бұл халықаралық уағдаластықтар шеңберіндегі ел міндеттемелерінің бір бөлігі болып табылады. Компанияның ЕТҰ шығарындыларын бақылау бекітілген әдістемелер негізінде баланстық әдіспен жүргізіледі.

Парниктік газдар шығарындыларын квоталау

ҚР Экологиялық кодексінде парниктік газдар шығарындыларының міндетті мониторингілеуі, есептілігі және верификациясы көзделген. Республикада сондай-ақ экономиканың реттелетін секторларындағы парниктік газдар шығарындыларына квоталардың құнын айқындайтын шығарындылар саудасының ұлттық жүйесі енгізілді. Көміртегі квотала-

Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау

GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-3, GRI 305-4

Жыл сайынғы негізде QazaqGaz компаниясының ЕТҰ парниктік газдардың тікелей шығарындыларын түгендеуді (1-қамту), шығарындыларды сандық бағалауды жүргізеді және деректерді ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қадағалау органдарына береді. Компания кәсіпорындарының басшылығы ЕТҰ-ның парниктік газдар шығарындыларын түгендеу жөніндегі есептілігін дайындауға дербес жауапты болады, ол өз кезегінде аккредиттелген органмен тексеруден өтеді. Компанияның кәсіпорындарында шығарындыларды, атап айтқанда парниктік газдарды өңдеу процедураларын анықтайтын ішкі құжаттар бар.

Парниктік газдар атмосфераға шығарылатын компанияның негізгі өндірістік процесі табиғи газды газ құбырлары арқылы тасымалдау болып табылады. Шығарындылар көздері газ айдау қондырғыларының жұмысын қамтамасыз ету үшін газ жағылатын компрессорлық станциялар болып табылады. Сонымен қатар, құбырлар тозады және метанның кемуіне бейім болады. Жыл бойы метанның дистанциялық сигнализаторының мобильді кешені 19 798 км тарату желілері трассасын зерттеді, 4 055 газ кему орны табылды және бітелді.

2021 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының жалпы массасы (1-қамту) 6 953 358 тонна CO₂-эквивалентті, жанама энергетикалық шығарындылар (2-қамту) — 74 541 тонна CO₂-эквивалентті құрады. 2020 жылмен салыстырғанда ПГ тікелей және жанама шығарындылары мәндерінің өсуі операциялық қызмет ауқымының ұлғаюымен байланысты.

19 798

КМ ТРАССА


тарату желілері метанның қашықтықтан сигнализаторының мобильді кешенімен зерттелді, 4 055 газ з кему орны табылды және бітелді

«АГҚ» ЖШС, «ИОА» АҚ, «КТГА» АҚ, «БШГ» ЖШС 2021 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларын мониторингілеу жоспары

ЕТҰ-да 2021 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларын мониторингілеу жоспарлары әзірленді және валидацияланды. Бұл жоспар шығарындылар көздері бойынша жоспарланған өзгерістерді ескереді, өзекті есептеулер мен өлшеулер негізінде шығарындыларды мониторингілеу әдістемесін көздейді, сондай-ақ деректерді жинау және өңдеу жөніндегі рәсімдердің сипаттамасын қамтиды.


ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ (1-ҚАМТУ), мың тонна CO₂-экв

GRI 305-1



ТАСЫМАЛДАУ СЕГМЕНТІНДЕГІ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, мың тонна CO₂-экв

GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-3, GRI 305-4



● Тікелей шығарындылар (1-қамту) ● Жанама шығарындылар (2-қамту)
● Парниктік газдарды үлестік шығарындылар (1 және 2-қамту), т CO₂-экв/ТДж

ТАСЫМАЛДАУ СЕГМЕНТІНДЕГІ ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ҮЛЕСТІК ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (1-ҚАМТУ), т CO₂-экв./ТДж

GRI 305-4

ЕТҮ	2019	2020	2021
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	1,03	1,07	0,84
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» АҚ	1,24	1,24	1,67
«Казтрансгаз Аймақ» АҚ	0,65	0,64	0,56
«Азия газ құбыры» ЖШС	1,28	1,09	1,24
QazaqGaz бойынша жиыны	4,20	4,04	4,31

Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар

GRI 305-5

16 464

т CO₂-экв.

2021 жылы 1 және 2 қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларын азайту

Парниктік газдар шығарындыларына белгіленген лимиттен асып кету қаупін азайту мақсатында компанияда «2021 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша көміртегі ізін төмендету жөніндегі іс-шаралар» әзірленді. 2021 жылы өткізілетін іс-шаралар нәтижесінде 1 және 2-қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларының қысқаруы 16 464 т CO₂-экв құрады. Есепті жылы негізгі іс-шаралар:

КС жүктемесін оңтайландыру (газ турбиналы жетекті), түнгі уақытта температураны төмендету;

«Тараз», «Шымкент» МҒҚ КС (электр жетекті) жүктемесін оңтайландыру;

Жаңа буын катод станцияларын (ескіргенінің орнына) орнату;

КС, ГТС объектілерінің ішкі жарықтандыру шамдарын жарықдиодты шамдарға ауыстыру (1 900 дана);

«Ақтөбе» ОМГ КС-14, КС-13, КС-10, КС-11, КС-12, АРУ филиалының қазандық жабдықтарын пайдалану және қызмет көрсету бойынша режимдік карталарды әзірлеу және қолдану.

2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Парниктік газдар шығарындыларын азайту саласында компания келесі іс-шараларды жоспарлады:

- Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпаратты ашу жүйесіне диагностика жүргізу;
- 1, 2 және 3-қамтулар бойынша парниктік газдар эмиссияларын толық түгендеу;
- 1 және 2-қамту бойынша сандық мақсаттар қою;

- 2022-2023 жылдардағы климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сценарийлік талдау;
- көміртегі ізін азайту бағдарламасын әзірлеу;
- 2023 жылдың 1-2 тоқсанында Компанияның климаттық стратегиясын әзірлеу.

ЭНЕРГИЯ МЕНЕДЖМЕНТІ

Энергияны басқару тәсілі

GRI 103-1, GRI 103-2, GRI 103-3

Қазіргі уақытта Компанияда табиғи газ бен электр энергиясын тұтыну көлемін есепке алу аспаптарымен ай сайын бақылауды қамтитын энергия ресурстарын мониторингілеу жүйесі жұмыс істейді. Электр энергиясын тұтынуды бақылауды және мониторингіті компрессорлық станциялардың энергия-сүмен жабдықтау қызметтері (ЭСЖ) жүзеге асырады. Ай сайын есептегіштердің көрсеткіштері бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну туралы есептер әзірленеді және талдау үшін Орталық аппаратқа ұсынылады. Электр энергиясын есепке алуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымдастырушылық құрылым және басқару құралдары

Кәсіпорындар деңгейінде QazaqGaz энергия менеджменті энергия менеджменті саласындағы саясатпен реттеледі. Мұндай саясаттар «ИОА» АҚ мен «ҚТГА»АҚ-да қолданылады. Бұдан басқа, «ИОА» АҚ-да энергия үнемдеу туралы ереже қолданылады, ал «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-да энергия ресурстарын тұтынуды есепке алу рәсімі енгізілді. Бұл құжаттар энергия ресурстарын тұтынуды есепке алу әдістемесін, энергия тиімді технологияларды пайдалануды, сондай-ақ энергияны үнемдеу бойынша нақты бағалау негізінде қызметкерлерді энергия үнемдеуге ынталандыру жүйесін айқындайды. Компания кәсіпорындарда энергия ресурстарын басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру үшін «QazaqGaz» ҰК»АҚ энергетика саласында саясат әзірлейді.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ






168 Тұтынылатын энергия ресурстары

GRI 302-1, GRI 302-3


Электр энергиясының негізгі тұтынушысы «Тараз», «Самсоновка» КС-де пайдаланылатын электр жетекті газ айдау агрегаттары болып табылады, сондай-ақ электр энергиясы шығынының жоғары үлесі ауаны салқындату аппараттарымен (АСА) КС-да табиғи газды салқындатуға кетеді. Сонымен қатар, электр энергиясы май сорғыларының электр жетектерінің, ағын, сору желдеткіштерінің, сүмен жабдықтау жүйелерінің сорғы станцияларының, жылумен жабдықтаудың, объектілердің сыртқы және ішкі жарықтандыруының және т. б. жұмысына жұмсалады. 2021 жылы электр энергиясын тұтыну 59 262 962 ГДж құрады.

2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ, ГДж/млн теңге



2019-2021 ЖЫЛДАРЫ ЖАҢАРТЫЛМАЙТЫН КӨЗДЕРДЕН ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ (ТАБИҒИ ГАЗ), ГДж

GRI 302-1




КС-да электр және жылу энергиясын өндіру үшін табиғи газбен жұмыс істейтін өз қажеттіліктерінің резервтік электр станциялары мен қазандық агрегаттары пайдаланылады. Мұндай автономды энергиямен жабдықтау қондырғылары технологиялық жабдықты, электрохимиялық қорғаныс құралдарын және т. б. қуаттандыру үшін қажет.

Жерасты құбырлары электрохимиялық қорғау құралдарымен кешенді қорғалуға жатады. Бұл ретте жерасты құбырларын коррозиядан қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті энергия ресурстарының негізгі үлесі электр энергиясына тиесілі. Жыл сайын энергия үнемдеу бойынша іс-шаралар өткізіледі, оларға моральдық тұрғыдан ескірген катодты қорғау станцияларын ПӘК-і анағұрлым жоғары жаңаларына ауыстыру жатады.

3 233,68

ГДж

2021 жылы тудырылатын (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі



2 841,04

ГДж

геотермалдық (жылу) энергияны жылу сорғыларымен өндіру

392,64

ГДж

электр энергиясын күн электр станцияларының өндіруі

59 262 962


ГДж

2021 жылы электр энергиясын тұтыну



2021 ЖЫЛҒЫ ЕТҮ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ҮЛЕСІ, %

GRI 302-1



- «Интергаз Орталық Азия» АҚ
- «Азия газ құбыры» ЖШС
- «Бейнеу Шымкент газ құбыры» ЖШС
- «Қазтрансгаз Өнімдер» ЖШС
- «Қазтрансгаз Аймақ» АҚ
- «Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС

КОМПАНИЯ ІШІНДЕГІ ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУДЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ, ГДж

GRI 302-1

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Жалпы энергия шығыны	60 438 583	50 672 374	59 262 962
Жаңартылмайтын көздерден энергияны жалпы тұтыну	60 094 901	50 086 172	58 589 732
Жаңартылатын көздерден жалпы энергия тұтыну	3 002	3 002	3 017
Тұтыну үшін сатып алынатын электр энергиясы, жылыту, салқындату және бу	340 680	297 152	322 000
Электр энергиясын, жылытуды, салқындатуды және буды меншікті өндіру көлемі	0	286 048	348 213
Сатылған электр энергиясы, жылыту, салқындату және бу көлемі	0	0	0

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШЫҒЫНДАРЫ, млн теңге

Энергия түрі	2019	2020	2021
Табиғи газды сатып алу шығындарының көлемі	152 561,0	84 913,0	97 144,0
Электр энергиясын сатып алу шығындарының көлемі	1 632,0	1 509,0	1 851,0
Моторлы бензинді сатып алуға жұмсалатын шығындар көлемі	334,5	286,4	330,1
Дизель отынын сатып алу шығындарының көлемі	780,9	783,2	947,5

КОМПАНИЯНЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ МЕНШІКТІ ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ, ГДж/мың теңге

GRI 302-3



Газды тасымалдаудың технологиялық процесінде тұтынылатын негізгі энергия ресурстары табиғи газ және электр энергиясы болып табылады. Табиғи газдың негізгі тұтынушысы — ГАА, сондықтан энергияны үнемдейтін негізгі нәтиже ГАА-ны пайдаланумен байланысты.

2021 жылы табиғи газды, электр энергиясын және ЖЖМ тұтыну көлемін арттыру (2021 жылы 58 916 167 Кдж 2020 жылы 50 383 324 ГДж-ға қатысты¹³) келесі факторларға байланысты:

- бірлік қуаты 4,0 МВт-қа дейінгі электр жетекті газ айдау агрегаттарының жұмыс режимі есебінен электр энергиясын тұтыну;
- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ компрессорлық станциясының газ айдау агрегаттарының жұмысы есебінен газ тұтыну.

2021 жылы меншікті энергия сыйымдылығы 0,56 ГДж/мың теңгені құрады және 2020 жылғы деңгеймен салыстырғанда 3,6%-ға төмендеді. Есепті кезеңдегі меншікті энергия шығындарының деңгейін төмендету «БГР-ТБА» магистральдық газ құбырларының компрессорлық станцияларының жұмыс режимдерін оңтайландырумен («Самсоновка» КС және «ИОА» АҚ «Тараз» КС электр жетекті ГАА жұмысын оңтайландыру) байланысты.

58 199

МЛН ТЕҢГЕ

есепті жылы QazaqGaz энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындар

0,56

▼ 3,6%

ГДж/мың теңге

2021 жылы меншікті энергия сыйымдылығы

¹³ Деректер сатып алынған энергия ресурстары бойынша ұсынылған. Нақты өндірілген энергияны ескере отырып: 2021 жылы 2020 жылы 51 493 202 ГДж-ға қатысты 60 034 854 Кдж.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

GRI 302-4, GRI 302-5

QazaqGaz энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын жүргізеді. Газды тасымалдау, бөлу, өндіру және жерасты сақтау бойынша QazaqGaz компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызмет бағыттары энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларда айқындалған.

2021 жылы энергия үнемдеу бойынша негізгі іс-шаралар:

- «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС және «Ақтау» МГБ-ның «Бейнеу» КС кәсіпшілігінде реактивті қуаттың өтемақысы;
- «Тараз» КС және «Самсоновка» КС электр жетекті газ айдау агрегаттарының жұмыс режимдерін оңтайландыру;
- газ турбиналы жетекті компрессорлық станциялардың жүктемесін оңтайландыру;
- КС-12 «Ақтөбе» МГБ филиалының Шалқар ЖӨБ және «Ақтау» МГБ «Жаңаөзен» КС үшін жылу желілерінің құбырларын оқшаулауды ауыстыру;
- «Ақтау» МГБ «Опорный» КС-дағы ГТ-750-6 №3 және №4 ТКО-1 газ айдау агрегаттарының осьтік компрессорын тазарту жүйесін енгізу;
- еншілес ұйымдардың ГТС және КС объектілерінде шамдарды энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстыра отырып, ішкі және сыртқы жарықтандыру жүйелерін жөндеу;
- 6 қазандықты реконструкциялау кезінде қуаты аз электр қозғалтқыштары бар энергиялық тиімді желілік сорғыларды қолдану;
- еншілес ұйымдардың әкімшілік және өндірістік ғимараттарында түнгі уақытта демалыс және мереке күндері қазандық агрегаттарының жұмыс режимдерін реттеу.

QAZAQGAZ-ДА 2019-2021 ЖЫЛДАРЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕСЕБІНЕН ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫ ҚЫСҚАРТУ, ГДж

GRI 302-4

	2019		2020		2021	
	ээ	газ	ээ	газ	ээ	газ
Өндіріс процесін оңтайландыру	1 224	15 5338,6	273,6	196 270,6	705,6	10 028,1
Құрал-жабдықты ауыстыру	7 462,8	117 996,5	1 206	0	2 613,6	0
Ұйымдастырушылық іс-шаралар	3 780	58 647,1	4 320	264 282,5	7 560	303 965,8
Құбырларды жарықтандыру мен оқшаулауды оңтайландыру	4 525,2	0	1 404	0	1 951,2	0

2019-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОЭР-ДЫ ҮНЕМДЕУ, ГДж

Жыл	ОЭР-ды үнемдеу
2019	17 100 (10 538,27 ш.о.т.)
2020	7 200 (14 055,28 ш.о.т.)
2021	12 816 (9 923,42 ш.о.т.)
Барлығы	37 116 (34 516,97 ш.о.т.)

ОЭР-ды үнемдеу энергия үнемдеу іс-шараларын жүзеге асыруға байланысты. Атап айтқанда, 2021 жылы «ИОА» АҚ-ның «Ақтау» МГБ Опорный ЖӨБ-тің (табиғи газ) «Опорный» КС-дағы осьтік компрессорын тазарту жүйесін енгізу бойынша бастама іске асырылды.



QazaqGaz нысандарындағы ЖЭК

«Тереңөзек» АГТС және «Жосалы» АГТС («Қызылорда» МГБ) газ құбырын бұру құрылғыларын тазарту қондырғыларын іске қосу тораптарына (ТҚТ) қуаты

3,5 кВт

күн электр станциялары орнатылып, пайдалануға берілді.

«ИОА» АҚ объектілерінде геотермалдық көздердің жылу энергиясын алуға мүмкіндік беретін енгізілген жылу сорғылары арқылы ЖЭК белсенді пайдаланылады. Сонымен қатар, Компания күн сәулесімен жұмыс істейтін жарықдиодты шамдармен периметрлік жарықтандыруды орнатты. Күн энергиясын өндіру көзі фотоэлектрлік түрлендіргіш болып табылады. Басқаруды бақылаушылар жүзеге асырады.

Компанияда өткен жылдары ЕТҰ-ға енгізілген жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) тиімді пайдаланылады:




DLE шығарындылары деңгейі төмен жану жүйесі бар ГАА (Dry low emission технологиясы);



монокристалды күн панельдері (батареялар);



автономдық режимде жұмыс істейтін термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator);



энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматтандырылған жүйесі (ЭРЕКАЖ).

Орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін қамтамасыз етуге әсер етуі мүмкін жабдықты жаңғырту бойынша әлеуетті іс-шараларды зерттеп жатыр. Алдын ала бағалаулар бойынша 2030 жылға арналған ОЭР-ды тиімді пайдалану есебінен энергия үнемдеу әлеуеті — 14 000 ш.о.т.



БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

GRI 304-1, GRI 304-2, GRI 304-3, GRI 304-4

QazaqGaz өз саласындағы жетекші компаниялардың бірі бола отырып, жергілікті жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың мекендейтін және өсетін жерлерінің биоәртүрлілігін сақтау жауапкершілігін мойындайды. Компания үшін өндірістік қызметті жергілікті биоәртүрлілік үшін қауіпсіз жүзеге асыру аса маңызды басымдық болып табылады, осыған байланысты QazaqGaz биоәртүрлілікті сақтау саласында белсенді жұмыс жүргізуде.

Компанияның кейбір кәсіпорындары қорғалатын табиғи аумақтарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғалатын аумақтарына іргелес аумақтарда орналасады. Мәселен, «ИОА» АҚ активтері Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағының аумағында, «Бұхара-Орал» МГҚ Қарабалық ауданындағы Михайлов мемлекеттік табиғи қорығына іргелес, ал «АГҚ» АҚ активтерінің бірі «Қазақстан-Қытай» МГҚ Оңтүстік Қазақстан қорық аймағына іргелес орналасқан.

КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ АЙМАҚТАРЫНДА ӨМІР СҮРЕТІН ҚОРҒАЛАТЫН ФЛОРА МЕН ЖАНУАРЛАР ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Тәуекел түрі

Жойылу қаупі төнген түрлері

Осал жағдайдағы түрлері

Осал жағдайға жақын түрлері

Жойылу қаупі аз түрлері

Дарақ түрі

- Дала бүркіті *Aquila nipalensis* (Hodgson, 1833)
- Ақбас үйрек *Oxyura leucocephala* (Scopoli, 1769)

- Қарақұйрық *Gazella subgutturosa* (Güldenstaedt, 1780)
- Дала тасбақасы *Testudo horsfieldii* (Gray, 1844)
- Бұйра бірқазан *Pelecanus crispus* (Bruch, 1832)
- Қысқа қанатты дәуіт боливария *Bolivaria brachyptera* (Pallas, 1773)
- Безгелдек дуадақ *Tetrax tetrax* (Linnaeus, 1758)

- Инелік сұлу қыз *Calopteryx virgo* (Linnaeus, 1758)
- Еуропалық батпақ тасбақасы *Emys orbicularis* (Linnaeus, 1758)

- Қызыл қоңыз нүктелі Стеторус *Stethorus punctillum* (Weise, 1891)
- Арма қандыағаш қандаласы *Arma custos* (Fabricius, 1794)
- Сүрек дәуіт *Hierodula tenuidentata* (Saussure, 1869)
- Сұңқылдақ аққу *Cygnus cygnus* (Linnaeus, 1758)
- Ақбауыр бұлдырық *Pterocles alchata* (Linnaeus, 1766)
- Коранус қысқа қанатты *Coranus subapterus* (De Geer, 1773)



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

Биоалуантүрлілікті сақтауға байланысты іске асырылатын іс-шаралар

Компания 2021-2022 жылдарға арналған бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес биоәртүрлілікті бағалау бойынша жұмысты жүзеге асырады. Қазіргі уақытта Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының және Түркістан облысының бір бөлігінің аумақтарында жануарлар мен өсімдіктер дүниесін бағалау жүргізілді. Сондай-ақ, Қарағанды, Қостанай және Түркістан облыстарының аумақтарында бағалау жүріп жатыр.



Құстар мен жануарлар әлемінің басқа да объектілерінің өлімін болдырмау жөніндегі шаралар

Трассалық жоғары кернеулі электр беру желілері бойында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде Компания құстардың және жануарлар дүниесінің басқа да объектілерінің соқтығысуынан және электр қондырғыларының сымдарымен, тіректер элементтерімен және басқа бөліктерімен жанасу кезінде электр тогының соғуынан өлуін болдырмау жөніндегі шараларды көздейді. Құстар үшін электр қондырғыларының жоғары қауіптілігімен сипатталатын учаскелерді анықтау және зерттеу арнайы зерттеулер барысында немесе өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады. 1000-нан жоғары әуе желілерінде ұзындығы

2725 км құс қорғау құрылғылары орнатылған.

2725 км

құс қорғау құрылғылары орнатылған.

1185

ГА

2021 жылы бұзылған жер учаскелері қалпына келтірілді

Компанияның 2030 жылға арналған жоспарында Компанияның ЕТҰ-на 310 000 м² жасыл желек отырғызу бар. Сонымен қатар, өндірістік қызметтің жағымсыз салдарын азайту үшін Компания бүлінген жерлерді қалпына келтіру бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады, оған жер бедерін, топырақ және өсімдік жамылғыларын қалпына келтіру кіреді. 2021 жылы 1185 га бұзылған жер учаскелері қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, есепті жылы «ИОА» АҚ өндірістік объектілері орналасқан аудандарда жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жобасы орындалды. Жобаның нәтижелері бойынша биоценоздардың жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты деп сипатталған, бірақ толық бағалау үшін 2022-2023 жылдарға жоспарланған қосымша зерттеу қажет.

2022 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

Компания биоалуантүрлілікті сақтау саласында мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

→ іргелес аумақтардағы биоалуантүрліліктің ағымдағы жай-күйі туралы объективті деректер алу және өндірістік объектілер қызметінің

жануарлар мен өсімдіктер әлеміне техногендік әсерін бағалау. 2022 жылдың соңына дейін Қарағанды, Қостанай және Түркістан облыстарының аумақтарында бағалау жүргізілетін болады.

→ жер жамылғысына ең қатты әсер ететін факторларды анықтау. Осы

бағыт бойынша жұмыс Ақтөбе, БҚО, Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай және Түркістан облыстарының аумақтарында жүргізілетін болады. Осы жұмыстар бойынша қорытынды есептер де 2022 жылдың соңына дейін ұсынылатын болады.

СУ РЕСУРСТАРЫ

GRI 303-1

QazaqGaz су ресурстарын ұтымды пайдалануды өзінің маңызды міндеті деп санайды. Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін азайтуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

QazaqGaz ЕТҰ-да су ресурстарын басқару бойынша ішкі стандарттар қолданылады. Компанияның су ресурстарын басқару жөніндегі құжатының негізінде Экологиялық кодексті, Су кодексін және ҚР Салық кодексін сақтау жатыр. Бұл құжатталған рәсім су ресурстарын басқаруға бірыңғай талаптарды белгілейді, осы саладағы корпоративтік принциптерді айқындайды және су тұтыну жөніндегі қызметті регламенттейді. Сонымен, «ИОА» АҚ осы құжат негізінде тұщы суды пайдалануды және ағынды суларды ағызуды ықтимал қысқарту жөніндегі 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, оған тасымалдау

кезінде судың ысырабын азайту жөніндегі жобалар кіреді. Бұдан басқа, «ИОА» АҚ-да «8 су қағидаты» су ресурстарын ұтымды басқаруға бейілділігі туралы мәлімдемеге қол қойылды. Компания 2023 жылдың 1-2 тоқсанында су тұтыну саласында нысаналы көрсеткіштерді белгілеуді жоспарлап отыр.

КОМПАНИЯНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

GRI 303-3





330 344

МЫҢ М³

QazaqGaz су тартудың жалпы көлемі 2021 жылы

50

МЫҢ М³


есепті жылы су тапшылығы байқалатын өңірлерден су алу көлемі

QazaqGaz су тартудың жалпы көлемі 2021 жылы 330 344 мың м³ құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 9,5%-ға төмен. Су ресурстарының негізгі көздері жер үсті су қоймалары (мысалы, Пятимар су қоймасы) және жер асты көздері (ұңғымалар) болып табылады. Компания теңіз көздерінен су алмайды. Судың бір бөлігін кәсіпорындарға муниципалдық және басқа сумен жабдықтау жүйелері сияқты үшінші тарап ұйымдары келісімшарт негізінде жеткізеді. Су алу Компанияның ауыз су, шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік және техникалық қажеттіліктері үшін жүзеге асырылады.

Компания кәсіпорындарының бір бөлігі су ресурстары тапшылығы бар өңірлерде су алуды жүзеге асырады, алайда QazaqGaz су тартудың белгіленген лимиттерінен аспайды және су объектілеріне айтарлықтай әсер етпейді. Есепті жылы су тапшылығы байқалатын өңірлерден су алу көлемі 50 мың м³ құрады.

2019-2021 жылдардағы көздер бойынша бөлініп алынатын судың жалпы көлемі, мың м³

GRI 303-3



- Бөгде ұйымдардың сулары (муниципалды және басқа су жүйелері)
- Жер асты сулары ● Жер үсті сулары, оның ішінде батпақ, өзендер, көлдер

2021 жылғы су алу өңірінің типі бойынша алынатын судың жалпы көлемі, мың м³

GRI 303-3

ЕТҰ	2021
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	330 049
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» АҚ	27
«Qazaqgaz барлау және өндіру» ЖШС	23
«Азиялық газ құбыры» ЖШС	245
Барлығы	330 344

344,9

МЫҢ М³

2021 жылы Компанияның сарқынды суларын ағызу көлемі

GRI 303-5

Компанияның кәсіпорындарында су ресурстарына әсерін анықтау үшін су ресурстарының жай-күйін үнемі бағалау жүргізіледі. Мәселен, әр 5 жыл сайын жер асты суларын өндіруге арналған лимиттер келісіледі және 25 жылда бір рет қорларды толық қайта бағалау жүргізіледі. Сондай-ақ, тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі, ол су сынама-ларын алуды және су ресурстарында ластануы заттардың болуына талдау жүргізуді көздейді.


GRI 303-4

Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар биологиялық тазарту процесі жүріп жатқан блокты тазарту құрылыстарына жіберіледі. Тазартылған және зарарсыздандырылған ағынды сулар сүзу өрістеріне және / немесе буландырғыш тоғандарға түседі. Ағынды суларды тазарту құрылыстарында олардың жұмысының тиімділігін анықтау үшін, сондай-ақ сүзу алаңдары мен буландырғыш тоғандарда ағызуды мониторингілеу тұрақты негізде жүргізіледі.

2021 жылы Компанияның сарқынды суларын ағызу көлемі 344,9 мың м³ құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 2%-ға жоғары. Есепті жылы Компания ҚОҚ саласындағы мемлекеттік органдарда бекітілген рұқсат етілген төгінділер нормативтерінен аспады. Шығарылатын ағынды сулардың химиялық құрамы ауыр металдардан тұрады және заңнамалық нормаларға сәйкес келеді.

2019-2021 жылдары қабылдаушы объектілер бойынша бөлу де сарқынды суларды ағызудың жалпы көлемі, мың м³

GRI 303-4



- Бөгде ұйымдардың сулары (муниципалды және басқа су жүйелері)
- Жер асты сулары ● Жер үсті сулары, оның ішінде батпақ, өзендер, көлдер

2019-2021 жылдардағы су тұтыну көлемінің динамикасы, мың м³

GRI 303-5



ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨҢДЕУ

GRI 306-3, GRI 306-2

QazaqGaz қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін қалдықтармен жұмыс істеу тәжірибелерін мақсатты дамытуды жүзеге асырады. Компанияда қалдықтарды басқару әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қамтитын өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бағдарламасы бар.

4 586 ▲ 40%

ТОННА
2021 жылы қалдықтардың жалпы түзілу көлемі

ЕТҰ деңгейінде Компанияда қалдықтарды басқару процестерін реттейтін құжатталған процедуралар бар. Мұндай процестерге мыналар жатады:

- ЕТҰ қызметін қалдықтарының пайда болу көздері мен көлемі туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;
- қалдықтарды есепке алу және олардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін бағалау;
- қалдықтарды кәдеге жаратуды қоса алғанда, оларды өңдеуді ұйымдастыру.

GRI 306-1, GRI 306-3

2021 жылы қалдықтардың жалпы түзілу көлемі 4 586 тоннаны құрады, бұл өткен жылдағы шамадан 40%-ға артық.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨҢДЕУДІҢ ҚАДАМДЫҚ ПРОЦЕСІ



ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ЕМЕС ҚАЛДЫҚТАРҒА БӨЛУДЕ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮЗІЛУІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, ТОННА¹³

GRI 306-3

498,1

ТОННА

2021 жылы қалдықтар кәдеге жаратуға берілді

Компанияның барлық қалдықтары шарттық негізде кәдеге жарату немесе көму үшін мамандандырылған лицензияланған ұйымдарға беріледі. 2021 жылы 498,1 тонна қалдықтар кәдеге жаратуға берілді.


Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуы:

- қайта пайдаланылатын қалдықтар фракцияларын бөлек жинауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру;
- қалдықтарды уақытша сақтау және қайта өңдеу орындарына тұрақты тасымалдауды және оларды полигондарда орналастыруды ұйымдастыру;
- органикалық қалдықтарды бөлек жинауды және оларды пайдалануды ынталандыру;
- құрылыс қалдықтарын тікелей құрылыс алаңында немесе арнайы орында қалдықтардың басқа түрлерінен міндетті түрде бөлуді ұйымдастыру, сондай-ақ құрылыс қалдықтарын басқа қалдықтармен араластыруға жол бермеу;
- қалдықтардың кейбір түрлерін басқа түрлермен немесе арнайы қоспалармен араластыруға тыйым салуды белгілеу;
- қалдықтарды рұқсатсыз жағуға жол бермеу;
- мамандандырылған кәсіпорындармен уақтылы шарт жасасу арқылы қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі өз міндеттемелерін ЕТҰ-ға осы қалдықтарды қайта өңдейтін объектілердің иелеріне беру үшін жағдайлар жасау;
- ҚОҚ саласындағы уәкілетті органға қалдықтармен жұмыс істеу туралы дұрыс ақпаратты уақтылы ұсыну жүйесін ұйымдастыру.



ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ЕМЕС ҚАЛДЫҚТАРҒА БӨЛУДЕ 2019-2021 ЖЖ. ЖОЙЫЛҒАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, ТОННА

GRI 306-5



¹³ Қауіпті қалдықтардың пайда болуы бойынша шаманың өсуі Экологиялық кодекске сәйкес қалдықтарды ресімдеу тәртібінің өзгеруімен байланысты. Сонымен, бұрғылау, құрылыс және жөндеу жұмыстарының қалдықтары енді сервистік компанияларға емес, объектінің операторына ресімделеді.



ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы

GRI 102-44, GRI 102-45, GRI 102-46, GRI 102-47, GRI 102-48, GRI 102-49, GRI 102-50, GRI 102-52, GRI 102-54

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Біріктірілген жылдық есепте (бұдан әрі — Есеп) экологиялық, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерді ашады. Есеп арқылы Компания стратегияны, мақсаттар мен міндеттерді белгіледі, газды бөлу, өндіру тиімділігін және ақыр аяғында, Есептің қоғамға құндылығын арттыратын тұрақты бизнес үлгісін әзірлеуді ашады. Есеп Global Reporting Initiative (бұдан әрі — GRI) және International Integrated Reporting Framework есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды. Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланды.

Есеп беру кезеңі

Есепте ұсынылған қаржылық есеп және өнімділік деректері 2020 және 2019 жылдардағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2021 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі ақпаратты қамтиды. Бұл QazaqGaz ұлттық компания мәртебесін алғаннан кейін жарияланған алғашқы Біріктірілген жылдық есеп болып табылады.

Есеп беру аясы мен шектері

Есептілік көлемі QazaqGaz қызметінің барлық өңірлердегі басқарудың әртүрлі экологиялық, экономикалық, әлеуметтік параметрлері бойынша нәтижелерін қамтиды. Есепте ұсынылған ақпарат, егер Есептің негізгі бөлігінде өзгеше көрсетілмесе, келесі QazaqGaz активтерінің тұрақтылық көрсеткіштерін ашады.

ЕСЕПКЕ ЕНГІЗІЛГЕН АКТИВТЕР

Заңды атаулар	Өңір	Қызметі
"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы	Газды магистральдық және таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер, маркетинг, сатып алу және тұтынушыларға газды сату.
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы	Үш жерасты газ қоймасын және магистральдық газ құбырларының екі негізгі жүйесін пайдалануды жүзеге асырады.
"ҚазТрансГаз Өнімдері" ЖШС	Қазақстан Республикасы, Қызылорда, Алматы қаласы	Көлік қызметтерін, құрылыс-монтаждау жұмыстарын ұсыну, сығымдалған табиғи газды өткізу.
"Qazaqgaz барлау және өндіру" ЖШС	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы	табиғи газ және сұйық газды өндіру, геологиялық барлау және іздестіру жүргізу жөніндегі қызмет. Серіктестіктің өндірістік объектілерінде барлау бұрғылау және табиғи газдың көтерме саудасы.
"Азиялық газ құбыры" ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы	Қытай Халық Республикасы бағытында түрікмен және өзбек газдарының транзитін қамтамасыз етуге бағытталған жоба. Қытай Халық Республикасына қазақстандық газ экспортын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерін үздіксіз газбен қамтамасыз ету.
"Бейнеу Шымкент газ құбыры" ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы	Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз ететін жоба қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін артартандыруға мүмкіндік береді, Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.
"ҚазРосГаз" ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы	Сыртқы және ішкі нарықтарда қазақстандық табиғи газ бен оны қайта өңдеу өнімдері маркетингімен, қайта өңдеумен, тасымалдаумен және өткізумен айналысатын қоғам.

Маңызды тақырыптар

Есепте ашу үшін маңызды тақырыптарды тұжырымдау және айқындау процесінде біз тұрақты даму саласындағы стратегиялық басымдықтар мен міндеттемелерді, қазақ және халықаралық контексте ең өзекті мәселелерді, сондай-ақ мүдделі тараптардан келіп түсетін сұраулар мен ұсынымдарды басшылыққа алдық. Біз өзектілігі тұрғысынан БҰҰ-ның 17 маңызды тақырыбын талдадық және Компанияның мүдделі тараптарына дәстүрлі сауалнама шеңберінде бағалауды ұсынған ең маңыздыларының 7-еуін тізімге енгіздік. Біз қатысушылардың әрқайсысынан белгілі бір тақырыптың маңыздылығын бағалауды сұрадық.

Маңызды тақырыптарды анықтау процесі және олардың жіктелуі

- | | | |
|--|---|--|
| 1. Дереккөздер
→ QazaqGaz қызметкерлері тарапынан пікірлер;
→ сыртқы консалтингтік фирма дайындаған тұрақты даму жөніндегі жол картасының нәтижелері. | 2. Іріктеу критерийлері
→ QazaqGaz-дың тұрақты даму саласындағы стратегиялары мен міндеттемелері;
→ Қазақстан Республикасындағы QazaqGaz-дың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерінің маңыздылығы; | → Қазақстандағы QazaqGaz-дың қызметін бағалау және шешімдер қабылдау кезінде мүдделі тараптар үшін тақырыптың маңыздылығы. |
|--|---|--|

ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕ: 20 МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША БӨЛІНГЕН БҰҰ-НЫҢ ТДМ-СЫНЫҢ 7 ҚАҒИДАСЫ

Әлеуметтік аспект Жақсы денсаулық және әл-ауқат → Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік → Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі → Қызметкерлерді оқыту және дамыту	Экологиялық аспект Арзан және таза энергия → Энергия → Төгінділер мен қалдықтар → Су	Корпоративтік басқару Лайықты жұмыс және экономикалық өсу → Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл → Экономикалық тиімділік → Салық салу
 Гендерлік теңдік → Жұмыспен қамту → Қызметкерлер мен басшылықтың өзара еңбек қатынастары → Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер → Кемсітушілікке жол бермеу → Жергілікті қауымдастықтар	 Климаттың өзгеруіне қарсы күрес → Биоалуантүрлілік → Шығарындылар және климаттың өзгеруі	
 Басқа тақырыптар → COVID-19 пандемиясына ден қою → Төтенше жағдайларға дайындық → Ғылым және инновация → Сатып алу тәжірибесі	 Тұрақты қалалар мен елді мекендер → Нормативтер мен талаптарға сәйкестігі	



2-қосымша. Есептегі GRI стандарттарын ашу көрсеткіші

GRI 102-55

Индикатор	Толық жазылуы	Есептегі бөлім	Ашу	Есеп беру шектері	Пікір
102-1	Ұйымның атауы	Компания туралы, Компания тарихы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-2	Қызмет, брендтер, тауарлар және қызметтер	Компания туралы, бизнес-модель	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-3	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	5-қосымша. Байланыс ақпараты	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-4	Қызмет географиясы	Компания туралы, Компания қызметінің географиясы мен бағыттары	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-5	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	Компания туралы, Компания активтерінің құрылымы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар	Компания туралы, Компания қызметінің географиясы мен бағыттары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-7	Ұйымның ауқымы	Компания туралы, Компанияның бизнес-моделі Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-8	Қызметкерлер туралы ақпарат	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	GRI 102-8 Компанияның ерекшелігін ескере отырып ашылды. Мысалы, Компанияда маусымдық жұмыс жоқ, қызметкерлер санында айтарлықтай төмендеу немесе өсу болған жоқ. Трансформация кезінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.
102-9	Жеткізу тізбегі	Әлеуметтік аспект, сатып алуды басқару	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-10	Жеткізуді ұйымдастыру мен тізбектегі елеулі өзгерістер	Әлеуметтік аспект, сатып алуды басқару	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-11	Сақтық принципін қолдану	Стратегия және тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Компания жобаларды іске қоспас бұрын тәуекелдерді талдауды, әсерді және ықтимал салдарларды бағалауды жүргізеді. Оларды анықтау кезінде жобадан бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін оларды азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді, осылайша сақтық қағидаты іске асырылады.
102-12	Сыртқы бастамалар	Тұрақты дамуды басқару, тұрақты дамуды басқару тәсілі	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік	Тұрақты дамуды басқару, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық принциптерді ұстану	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-14	Ұйымда шешім қабылдайтын ең жоғары басшының өтініші	Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	Стратегия және тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-16	Құндылықтар, принциптер, стандарттар, мінез-құлық нормалары	Корпоративтік басқару, Корпоративтік әдеп	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	

Индикатор	Толық жазылуы	Есептегі бөлім	Ашу	Есеп беру шектері	Пікір
102-17	Этика саласындағы проблемалар туралы кеңес беру және хабардар ету тетіктері	Корпоративтік басқару, Корпоративтік әдеп	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-18	Корпоративтік басқару органдарының құрылымы	Корпоративтік басқару, Корпоративтік басқару құрылымы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-19	Өкілеттіктерді беру	Корпоративтік басқару, Басқарма	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-20	Басшылықтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер үшін жауапкершілігі	Корпоративтік басқару, Басқарма	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-21	Мүдделі тараптарға экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес беру	Тұрақты дамуды басқару, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-22	Корпоративтік басқарудың жоғары органының және оның комитеттерінің құрамы	Корпоративтік басқару, Директорлар кеңесі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-35	Сыйақы ережесі	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-36	Сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі	Корпоративтік басқару, сыйақы, әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Компания сыйақыны анықтау кезінде сыртқы кеңесшілерді тартпайды, осыған байланысты С тармағы қолданылмайды.
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізбесі	Тұрақты дамуды басқару, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-41	Ұжымдық шарттар	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	Тұрақты дамуды басқару, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-43	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-44	Мүдделі тараптар көтерген негізгі тақырыптар мен алаңдаушылықтар	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-45	Ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-46	Есептің мазмұнын және тақырыптардың шекараларын анықтау	1-қосымша. Есеп туралы	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-47	Маңызды тақырыптардың тізімі	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-48	Деректерді қайта қарау (M&a, Компания трансформациясы жағдайында)	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Бұл QazaqGaz-дың алғашқы біріктірілген жылдық есебі
102-49	Есептіліктегі өзгерістер	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Бұл QazaqGaz-дың алғашқы біріктірілген жылдық есебі
102-50	Есепті кезең	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-51	Алдыңғы есептің шығарылған күні	Қолданылмайды	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Бұл QazaqGaz-дың алғашқы біріктірілген жылдық есебі
102-52	Есеп беру циклі	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	



Индикатор	Толық жазылуы	Есептегі бөлім	Ашу	Есеп беру шектері	Пікір
102-53	Есеп пен оның мазмұнына қатысты сұрақтармен жұмыс істеуге арналған байланыс деректері	5-қосымша. Байланыс ақпараты	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-54	Есептің орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарына сәйкестігі туралы өтініш (GRI Standards)	1-қосымша. Есеп туралы	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-55	GRI мазмұнының көрсеткіші	2-қосымша. Есептегі GRI стандарттарын ашу индексі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
102-56	Сыртқы сенімділік	Қолданылмайды	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Сыртқы растау жүзеге асырылмайды
103-1	Маңызды тақырыптар мен олардың шекараларына қатысты түсініктеме	Біріктірілген жылдық есептің әрбір маңызды тақырыбында	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
103-2	Басқару тәсілі және оның компоненттері	Біріктірілген жылдық есептің әрбір маңызды тақырыбында	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	Біріктірілген жылдық есептің әрбір маңызды тақырыбында	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Стратегия және тәуекелдерді басқару, құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
202-1	Әр түрлі жыныстағы қызметкерлер үшін бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының ұйым жұмыс істейтін аймақтардағы белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
202-2	Жергілікті тұрғындар ұсынған жоғары буын басшыларының үлесі	Әлеуметтік аспект, қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
203-1	Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер	Әлеуметтік аспект, әлеуметтік тұрақтылық	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
204-1	Жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесі	Әлеуметтік аспект, сатып алуды басқару	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды үйрету	Корпоративтік басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалаудан өткен ұйымның қызметі	Корпоративтік басқару, Корпоративтік әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	Корпоративтік басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	2021 жылы QazaqGaz қызметкерлері мен еншілес ұйымдар арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелген жоқ
207-1	Салық салу тәсілі	Операциялық және қаржылық нәтижелер, Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар, Салық саясаты	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
207-2	Салық салуды басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау	Операциялық және қаржылық нәтижелер, Салық саясаты	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
207-3	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және салық салу мәселелерін басқару	Операциялық және қаржылық нәтижелер, Салық саясаты	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	Экологиялық аспект, Энергия менеджменті	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
302-3	Энергия сыйымдылығы	Экологиялық аспект, Энергия менеджменті	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
302-4	Энергия тұтынуды азайту	Экологиялық аспект, Энергия менеджменті	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	

Индикатор	Толық жазылуы	Есептегі бөлім	Ашу	Есеп беру шектері	Пікір
302-5	Өнімдер мен қызметтердің энергия сыйымдылығын төмендету	Экологиялық аспект, энергия менеджменті	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
303-1	Су ресурстарын жалпыға ортақ ресурстар ретінде жауапты басқару	Экологиялық аспект, Су ресурстары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
303-2	Су тартудан болатын әсерді басқару	Экологиялық аспект, Су ресурстары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
303-3	Су алу	Экологиялық аспект, Су ресурстары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
303-4	Тастау	Экологиялық аспект, Су ресурстары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
303-5	Су тұтыну	Экологиялық аспект, Су ресурстары	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
304-1	Меншіктегі, жалға алынған немесе ұйымның басқаруындағы және қорғалатын табиғи аумақтарда және биоәртүрлік құндылығы жоғары, қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасынан тыс немесе осындай аумақтарға іргелес аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар	Экологиялық аспект, биоәртүрлік	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
304-3	Қорғалатын немесе қалпына келтірілген мекендеу орындары	Экологиялық аспект, биоәртүрлік	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
304-4	Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) Қызыл тізіміне және мекендейтін жерлері ұйымның қызметі әсер ететін аумақта орналасқан қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне енгізілген түрлер	Экологиялық аспект, биоәртүрлік	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту аймағы)	Экологиялық аспект, Климаттың өзгеруі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Есеп ГБШ, ИОА, АГҚ және «ҚазТрансГазАймақ» АҚ қоса алғанда, тасымалдаудың өндірістік сегменті бойынша жүргізілді
305-2	Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту аймағы)	Экологиялық аспект, Климаттың өзгеруі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Есеп ГБШ, ИОА, АГҚ және «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ны қоса алғанда, тасымалдаудың өндірістік сегменті бойынша жүргізілді
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Экологиялық аспект, Климаттың өзгеруі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Есеп ГБШ, ИОА, АГҚ және «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ны қоса алғанда, тасымалдаудың өндірістік сегменті бойынша жүргізілді
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Экологиялық аспект, Климаттың өзгеруі	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
305-6		Экологиялық аспект, Атмосфераға шығарындылар	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Компания озонды бұзатын заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды
305-7	Атмосфераға азот (NOx) және күкірт (SOx) тотықтары мен басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарындылары	Экологиялық аспект, Атмосфераға шығарындылар	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Экологиялық аспект, Қалдықтарды өңдеу	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
306-3	Қалдықтардың пайда болуы	Экологиялық аспект, Қалдықтарды өңдеу	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
306-5	Жоюға жіберілетін қалдықтар	Экологиялық аспект, Қалдықтарды өңдеу	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	



Индикатор	Толық жазылуы	Есептегі бөлім	Ашу	Есеп беру шектері	Пікір
307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған айыппұлдар, қаржылық емес санкциялар	Экологиялық аспект, Экологиялық менеджмент жүйесі	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
401-1	Жаңа қызметкерлердің жалпы саны және кадрлардың ауысуы	Әлеуметтік аспект, Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
401-2	Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыс жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	Әлеуметтік аспект, Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
401-3	Бала күтімі бойынша демалыс	Әлеуметтік аспект, Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік саясат	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-1	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-2	Қауіптерді анықтау, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тергеу	Компания туралы, Әлемдегі газ нарығына шолу, Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және төтенше жағдайларға дайындық	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-4	ЕҚ және ӨҚ мәселелері бойынша қызметкерлерді тарту, сауалнама жүргізу және ақпараттық өзара іс-қимыл жасау	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-5	Еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді оқыту	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-7	Ұйымның іскерлік қатынастарына тікелей байланысты ЕҚ және ӨҚ саласындағы жағымсыз әсерлердің алдын алу және азайту	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Толық	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-8	ЕҚ және ӨҚ басқару жүйесінің әрекеті қолданылатын қызметкерлер	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Ішінара	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
403-9	Өндірістік жарақаттану	Әлеуметтік аспект, Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және ТЖ-ға дайындық	Частчно	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	
Басшылық клиенттердің талап етілетін төлемдерді жасай алу қабілеттеріне негізделген үміттердің нәтижесінде күтілетін несиелік зиян резервін қолдайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйеніп отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі

Сенімгерлік басқару шарты бойынша басқарудағы негізгі құралдар бойынша толықтырулар немесе жетілдірулер Шарттың қолданылу кезеңіне қарамастан қалған пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімінің ішінде капиталдандырылады, амортизацияланады. Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер 8 ХБЕС «Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)****Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)****Негізгі құралдар мен газ активтерінің құнсыздануы**

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша қаражатының ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал келеді.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

«Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта бөлшектеу мен тарату және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңгерлік міндеттемелері бар. Атап айтқанда, Топтың міндеттемесі газ құбырларын бөлшектеумен және жер учаскелерінің құнарлығын қалпына келтірумен байланысты.

Міндеттемелер сомасы міндеттемелерді өтеу үшін қажет болады деп күтілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Ұңғыманы жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1-түсіндірмесіне сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі. Келешек шығындарды бағалау кезінде елеулі бағалаулар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Түпкілікті жабуға арналған шығындарға жатқызылатын айқындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ газ құбырларын келешекте жою, барлық пайдалану газ ұңғымаларын жабу және келісімшарттық аумақты рекультивациялау құнын ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орта мәнін пайдалана отырып бағалайды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған инфляция мен дисконт мөлшерлемесінің ұзақ мерзімді үрдістері 5,50% және 6,97% (2020 жыл: 5,52% және 7,15%) болды. 2021 жылғы 31 желтоқсанға газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 88.661.502 мың теңге (2020 жыл: 79.869.001 мың теңге) болды. 2021 жылғы 31 желтоқсанға көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша ұңғымаларды жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 3.476.025 мың теңге (2020 жыл: 2.921.803 мың теңге) болды. Барынша толық ақпарат 18-ескертпеде келтірілген.

Төменде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маңызды жорамалдар үшін сезімталдылықтың санды талдауы келтірілген:

Мың теңгемен	Газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервке әсері	
	2021	2020
Газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша жорамалдар		
1 км-ге жою құны:		
- 10%-ға ұлғаю	8.622.942	7.581.741
- 10%-ға азаю	(8.622.942)	(7.581.741)
Инфляция деңгейі:		
- 1%-ға ұлғаю	29.318.635	26.172.208
- 1%-ға азаю	(22.058.587)	(19.913.645)
Дисконттау мөлшерлемесі:		
- 1%-ға ұлғаю	(21.620.393)	(19.495.811)
- 1%-ға азаю	29.167.757	26.529.324

Газ құбырларының сенімгерлік басқару шарттары бойынша мемлекеттік органдардан жарнаға сәйкес бағалаудағы өзгеріс

Алдыңғы жылдары Топ оған жергілікті атқарушы органдармен («ЖАО») және Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру комитетінің департаменттерімен сенімгерлік басқару шарттары («СБШ») бойынша берілген құбырларды Топ бақылайтын активтер ретінде тану қажеттілігін айқындау кезінде пайымдауды қолданды және СБШ, іс жүзінде, Топқа құбырларға арналған меншік құқықтарын беруді аяқтау кезеңіне Топқа құбырларға бақылау беру үшін қысқа мерзімді тетік болып табылады деген тұжырымға келді. Топ бұл газ құбырлары кейіннен ЖАО-дан республикалық органға беріледі деп күтті. Осыдан кейін республикалық орган оларды «Самұрық-Қазынаға», ал содан кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚТГ»-ға береді. Бұл шешім меншік құқықтарының берілуі жақын уақытта аяқталады деген сенімді үміттерді қалыптастырған «ҚТГ Аймақ» пен ЖАО арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды және СБШ-тың қос тарабы үшін беруді қысқа мерзімде аяқтаудың құқықтық және экономикалық ынталандыруларды (мысалы, құбырлар үшін мүлік салығын төлеу міндеттемесін қоса алғанда, әдетте активтерге иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда ЖАО-ға емес Топқа берілетіндігі туралы талаптар және тарифтерді қалыптастыру мен бекіту сатысында Топ бақылайтын құбырлармен байланысты және оның қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілетін шығыстарды қосу құқығы) тиісті күндерде орын алған белгілі бір фактілермен және мән-жайлармен расталған. Нәтижесінде Топ есепте құбырлардың СБШ шеңберінде берілуін активтерді өз капиталына берілген активтердің әділ құны бойынша қосымша төленген капиталдың құрамында өтеусіз берілу ретінде көрсетті. Заңгерлік беру процесі аяқталғанда, бастапқыда көрсетілген сома жарғылық капиталға аударылады.

Топ бастапқыда қолданылған пайымдау бұрынғысынша кейінгі күндерге орынды болатындығын үнемі бағалап отырды

2020 жылғы сәуірде Топ бастапқы пайымдау бұдан былай орынды болмайтындығына әкеп соқтыруы мүмкін фактілер мен жағдайлардың едәуір өзгергені жөнінде тұжырымға келді. Енгізілген өзгерістерге Өзара түсіністік туралы бастапқы меморандумның қолданылу мерзімі аяқталып, ұзартылмады, құбырлардың Топқа заңды түрде берілу процесі ақылға қонымды мерзімде аяқталмады, ал 2020 жылғы сәуірде заңнамаға енгізілген түзетулер Топқа, тарифті қалыптастыру және бекіту кезінде, тарифтің құнына мемлекеттік мүлікті жергілікті атқарушы органдармен сенімгерлік басқару шартының негізінде реттелетін қызметтерді көрсету үшін алынған негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарды ескеру құқығын береді деген факті жатады. Топ мүлік салығын төлеуге міндетті емес және құбырларға меншік құқығын берудің заңгерлік процесін аяқтау үшін ЖАО-ға Топтың фундаменталды сипаттағы түсініктемелерін түзету қажеттілігіне байланысты бұдан да ұзақ кезең қажет болды. Осының негізінде Топ 2020 жылғы сәуірден бастап бастапқы пайымдау бұдан былай өзекті емес және СБШ ұзартылғаннан кейін Топ ЖАО ұсынған құбырларды бұдан былай бақыламайды деген тұжырымға келді. Осылайша, Топ құбырларды түпкі бақылаушы акционердің, яғни Қазақстан Республикасының пайдасына бөлу ретінде мойындау тоқтатылуы тиіс деген тұжырымға келді. Пайымдаудың өзгеруі бухгалтерлік есепте қатені білдірмейді және тиісінше, перспективті түрде ескерілуі тиіс.

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» 8 ХБЕС-ке (IAS) сәйкес Топ сенімгерлік басқару шарттары бойынша перспективті негізге алынған құбырларға қатысты пайымдауларда өзгерістер қолданды. Тиісінше, 2020 жылы Топ мұндай СБШ бойынша алған барлық құбырларды олардың баланстық құны бойынша осы күнге тануын тоқтатты және тиісінше, қосымша төленген капиталды 17.323.199 мың теңгеге азайтты (14-ескертпе).

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер**

Топ 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін белгілі бір стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелердің тізімі төменде көрсетілген:

- «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» — 2-кезең деген атаумен «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке, «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХБЕС-ке, «Қаржы құралдары: Ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке, «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке түзетулер;
- «COVID-19-бен байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер» деген атаумен «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ бұл жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

- 17 ХҚЕС «Сақтандыру шарттары»;
- «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеу» атауымен «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке түзетулер;
- «Бизнесі біріктіру: концептуалдық негіздерге сілтемелер» 3 ХҚЕС-ке түзетулер;
- «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер» 16 ХБЕС-ке түзетулер;
- «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер: ауыртпалық түсіретін шарттар — шартты орындау шығындары» 37 ХБЕС-ке түзетулер;
- «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС — Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС — қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы»;
- «Ауыл шаруашылығы» 41 ХБЕС — әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу;
- «Бухгалтерлік бағалауды айқындау» деген атаумен «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХБЕС-ке түзетулер;
- «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке түзетулер және «Есеп саясатын ашып көрсету» деген атаумен «Маңыздылық туралы пайымдаулар жасау» 2 ХҚЕС-ті Қолдану тәжірибесі туралы ереже.

Топ бұл стандарттардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі әсерін күтпейді.

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезеңнен кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі операцияның шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша тиімді нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей — ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей — әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей — иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жиналған тозу мен құнсыздану бойынша жиналған шығындарды шегере отырып есептеледі. Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорт алымдары және өтелмейтін салықтар, егер мойындау шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзақ мерзімді активтердің құрылысына тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар, құрал-жабдықтың бөліктерін ауыстыру құны, сондай-ақ активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Күтілетін келешек экономикалық пайданың бастапқыда бағаланған көрсеткіштерінен артық (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. ұлғаюы) ұлғаюына әкеліп соқтыратын шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, елеулі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Негізгі құралдардың тозуы (газ активтерінен басқа) төменде көрсетілгендей пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелік әдістің негізінде есептеледі:

	Жылдар саны
Ғимараттар мен құрылыстар	7-100
Газ көлік жүйесі	10-70
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-40
Көлік құралдары	5-30
Басқасы	3-20

Жерге арналған амортизация есептелмейді.

Негізгі құрал объектісін және негізгі құралдар объектісінің бастапқыда танылған кез келген едәуір құрамдасын мойындау олар есептен шығарылғаннан кейін не болмаса егер оларды пайдаланудан немесе шығудан келешек экономикалық пайданы алу күтілмесе тоқтатылады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Пайдаланудан шығару резерві Топ ғимаратты немесе құрал-жабдықты қайта бөлшектеу және пайдаланудан шығару, ол орналасқан аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді көтергенде және мұндай резервтің көлемін негізді түрде бағалауға мүмкін болғанда ғана дисконтталған құны бойынша толық көлемде танылады.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

Негізгі құралдар (жалғасы)

Активтердің қалдық құны, пайдалану мерзімі және тозуын есептеу әдістері әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралып отырады және қажет болған кезде келесі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыстың амортизациясы мұндай активтердің құрылысы аяқталғанда және олар пайдалануға берілген уақытта басталады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын иемденгенге дейін болған шығындар

Жер қойнауын пайдалану келісімшарты жасалғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығыстарға жатқызылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығына шығындар

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, жер қойнауын пайдалану құқықтарының баланстық құны және тиісті объектілерді сатып алу шығындары есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») белгіленген кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың баланстық құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау шығындарымен бірігіп, газ активтеріне ауыстырылады.

Барлау және бағалау шығындары

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау бұрғылауына тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Бұл шығыстарға қызметкерлерге өтемақы, пайдаланылатын материалдар мен жағар майға шығындар, бұрғылау жабдығын жалдау және мердігерлерге төлемдер жатады. Егер қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздануға тәжірибеленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Өйтпеген жағдайда шығындар есептен шығарылады. Газдың дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеуді жалғастыру шешімі қабылданғанда, тиісті шығындар құнсыздану бағаланғаннан кейін және құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін газ активтерінің құрамына аударылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар мен газ құбырлары сияқты мұндай инфрақұрылым объектілерінің құрылысымен, орнатумен немесе аяқтаумен байланысты шығыстар, сондай-ақ пайдалану ұңғымаларын бұрғылау, оған қоса сәтсіз пайдалану ұңғымалары немесе нобайын келтіретін ұңғымалар, газ кен орнының шеңберінде капиталға айналдырылады.

Газ активтері бойынша тозу және амортизация

Газ активтерінің тозуы, солардың тозуы тікжелілік әдіс бойынша есептелетін инфрақұрылым объектілерінен басқа, дәлелденген әзірленген газ қорларының негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері бастапқыда танылған кезде кейіннен амортизацияланған құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір құрамдасын қамтымайтын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері;
- жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктестен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері;
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Топтың амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне байланысты тараптарға қарыздар, банк депозиттері, сауда және басқа да дебиторлық берешек пен басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері жатады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай — қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады; Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын қатысуды жалғастыру активтің баланстық құнының ең азы және Топ төлеуге тиіс өтеменің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

НКЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомада залалға бағалау резервін таниды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттер болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал; берешек, қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады, ал берешек, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда, мәміле бойынша солармен тікелей байланысты шығындар шегере отырып.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизацияланған құны бойынша қаржылық міндеттемелер.

Амортизацияланған құны бойынша қаржылық міндеттемелер

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін берешек пен қарыздар кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санат әдетте берешекке, қарыздарға, қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемеге және басқа да қаржылық міндеттемелерге қолданылады.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топ шоттарының жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

Қаржылық кепілдік шарттары

Қаржылық кепілдік шарты соған сай кепілдікті беретін тарап бұл шарт бойынша бенефициарға белгілі бір борышкердің белгіленген мерзімде шарттың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес төлемді жасай алмауының салдарынан болған шығынды өтеу үшін белгілі бір соманы төлеуге міндеттенетін шарт деп аталады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде мойындалады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: 37 ХБЕС-ке сәйкес есепті күнге (2018 жылдың 1 қаңтарына дейін) қолдағы міндеттемелерді өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағалануы немесе 9 ХҚЕС-ке сәйкес есептелген (2018 жылдың 1 қаңтарынан кейін) күтілетін несиелік зиян бойынша резервтер және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттемелердің бастапқыда мойындалған сомасы.

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал таза сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ Топтың нетто-негізде есеп айырысу ниеті не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқығы болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Қорлар

Материалдар мен шикізат өзіндік құнының ең аз мәні және таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлардың құны ФИФО әдісінің негізінде әрбір қойма үшін бөлек ескеріледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (бұдан әрі — «ААЖБ») өтелетін құны, өткізу бойынша шығындарды шегере отырып, ААЖБ активінің әділ құнынан және оны пайдалану құнынан асады. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытта құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес кәсіпорындар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды.

Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқынды есептеледі.



1. Компания туралы

2. Стратегия және тәуекелдерді басқару

3. Операциялық және қаржылық нәтижелер

4. Тұрақты дамуды басқару

5. Корпоративтік басқару

6. Әлеуметтік аспект

7. Экологиялық аспект

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Жалғасын отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір белгілерінің бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның мұндай қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі, жолдағы және кассадағы ақша қаражаты және өтеу мерзімі 3 (үш) ай немесе одан аз болатын, белгілі бір қолма-қол ақша сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары банк депозиттері жатады.

Резервтер

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, резервтер келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарығын, сондай-ақ мүмкіндігінше, міндеттемеге қатысты тәуекелдерді көрсететін салықтар төленгенге дейінгі мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Пайдаланудан шығаруға резервтер Топтың жабдықты немесе тетікті қайта бөлшектеу және көшіру бойынша және жабдық болған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервке пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болғанда дисконттау негізінде толық көлемде танылады. Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес айқындалған бағаланған келешек шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылады. Кейіннен, мұндай актив газ активтері мен газ-көлік жүйесі активтерінің құрамында амортизацияланады.

Учаскені жою және қалпына келтіру бойынша резерв

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған учаскені пайдаланудан шығару және қалпына келтіру бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- a. резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- b. актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің теңгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету шығыстар ретінде дереу танылады; және
- c. егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер мұндай белгі болса, Топ активті өтелетін құнды бағалау арқылы құнсыздану мәніне тестілеп, құнсызданудан болған кез келген залалды 36 ХБЕС-ке сәйкес ескереді.

Жарғылық капитал және дивидендтер

Жай акциялардан тұратын жарғылық капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңде меншікті капиталдың кемуі ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Акционердің қарауына қарай жүзеге асырылады. Дивидендтерді есепті күннен кейін жариялау 10 ХБЕС-ке сай «Есепті күннен кейін болған оқиғалар» бұдан кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және тиісінше ашылып көрсетіледі.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім және шығыстарды мойындау

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларға немесе қызметтерге бақылау клиентке берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Түсім жанама салықтарды шегере отырып ескеріледі. Қаржылық есептілікте түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Тауарларды сату

Сатудан түскен кірістер сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда берілгеннен кейін танылады және әдетте орындалуға жататын бір міндеттеме жатады. Тауарларды өткізуден түскен кірістер ұзақ уақыт ішінде танылады.

Қызметтерді көрсету

Топ атқару бойынша міндеттемелерді ай сайын орындайды және көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің негізінде газды тасымалдау қызметтерін көрсетуден және газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен түсімді мойындайды. Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын артықшылықтарды алады және пайдаланады деген талаппен ұзақ уақыт ішінде мойындалады.

Басқару қызметтері

Топ «КазРосГаз» ЖШС-не дивидендтерді хабарландырудың негізінде белгілі бір уақыт сәтінде «КазМұнайГаз»-дың бірлескен кәсіпорны «КазРосГаз» ЖШС-ін басқаруға жататын басқару комиссиясын мойындайды.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды.

Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер құрамына енгізіледі.

Дивидендтер

Топтың төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

Шығыстар

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме, егер сатып алушыдан төлем Топ тиісті тауарларды бермейінше немесе қызметтерді көрсетпейінше алынса немесе төленуге жататын болса (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай), танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда (яғни тиісті тауарларға немесе қызметтерге бақылауды сатып алушыға бергенде), түсім ретінде мойындалады.

Қарыздар бойынша шығындар

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады.

Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе салық органдарына төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, — Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Ұйым басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді немесе активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе залалға ықпал етпейді; және
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінгі қалдырылған салық активтері компанияларды біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда; және
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда мұндай активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті күнге заңдастырылған салық салу мөлшерлемелеріне (салық салу туралы заңға) сүйене отырып міндеттемені реттеу немесе активті өткізу кезеңінің ішінде қолданылады деп күтілетін мөлшерлеме бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не болмаса жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте немесе тікелей капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі — «ҚҚС»)

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

Төленуге жататын ҚҚС

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомадан есептен шығарылады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылғанда, құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

Өтелуге жататын ҚҚС

Өтелуге жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

